

«Қазақ тілі мен
 әдебиеті» және
 «Ұлағат»
 жауапкершілігі
 шектеулі
 серіктестігінің
 ай сайын
 шығатын
 Республикалық
 ғылыми-
 педагогикалық,
 әдістемелік
 журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
 наурыз айынан
 бастап шығады

4/2013

СӘУІР

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	
Сьездің ұйымдастыру комитеті.	Ақпараттық хабарлама.....3
Сиезге – сый-сияпат	
Сая ТӨЛЕУОВА.	Сабакқа қойылатын дидактикалық талаптар.....6
Амандық НӨКЕН.	«Алмас қылыш» хақындағы ақиқат.....12
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Жаңылсын БАЛТАБАЙ.	Осы шақтың түрлері. Нақ осы шақ.....23
Шарипа ҚАБДУАЛИ.	Проект технологиясы бойынша оқушылармен жұмыс.....28
Жанар ҚАЙНАЗАР.	Синонимдер.....34
Гүлнұр ОСПАНОВА.	Қарсылықты салалас сөйлем.....39
Асқар БЕКҚАСЫМОВ.	Стильдер. Ауызекі сөйлеу стилі.....46
Шеберлік сыныбы	
Алдоңғар ЕГЕУБАЙҰЛЫ.	7-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы.....48

Индира БЕКЕНОВА.	«Керқұла атты Кендебай».....	53
Қайрат ШӘРІПОВ.	Образдық талдау жұмыстарына кестелер.....	58
Гүлбарам ӘБДІКӘРІМОВА.	Зәмзәм суы.....	63
Мәдина ТҰРЫСБЕКОВА.	«Шокпардай кекілі бар қамыс құлақ».....	67
Берік НҰРМҰХАНОВ.	Ыбырай – шағын әңгіме шебері.....	71
Элмира КӨКТАЛҚЫЗЫ.	«Бала Шоқан» әңгімесіндегі Шоқан бейнесі.....	75
Бибіш ИТІБАЙ.	Әнші-ақындар шығармашылығы бойынша тест.....	79
Айгүл БҰЛТБАЕВА.	Бала Тұрар.....	85
Оқулыққа қосымша		
Ләззат ЖҮНІСОВА.	«Диуани лұғат ат-түрк» тіліндегі сан компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық-мазмұндық сипаты.....	88
Фатима СУВАНБАЕВА.	Түбірге сіңіскен көне жұрнақтар.....	92
Ел қазынасы		
Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ.	Тарих койнауынан жеткен саз.....	96
Сыныптан тыс тәрбие		
Ботагөз ДОСҚАЗИЕВА.	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ».....	101
Шұғыла ОНБАСИЕВА.	Ахмет тағылымы.....	104
Өнеге сағаты		
Самал ҒАББАСОВА.	Тәуелсіздік – тірегім.....	110
Құралай БАЙМҰРАТОВА.	«Ақырын жүріп анық бас...».....	113
Жас маманға жәрдем		
Гүлім БАЙТЕНОВА.	Мағжан – дана азамат, ұлы ақын.....	117
Дина ГУМАРОВА.	Жұбан Молдағалиев. «Мен – қазақпын» поэмасы.....	119
Балқия ТОЙҚҰЛОВА.	Мәтіннің түрлері.....	122
Бибігүл БАЗАРБАЙҚЫЗЫ.	Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Балықшылар».....	125
Зұбайра ОРАЗБАЕВА.	Сөзжасамнан өткенді қайталау.....	128
Бибігүл ТАЛАПҚЫЗЫ.	Сәкеннің «Ақсақ киік» өлеңі.....	131
Перуза МИЯНОВА.	«Қалқаман-Мамыр» поэмасы.....	134
Раушан БАЙЫМБЕТОВА.	Сын есім.....	136
Гүлім МҮРСӘЛІМ.	«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы».....	138
Жыр арқауы – ана		
Саят БОЛАТҚЫЗЫ.	Анаға арнау.....	142
Динара КЕНЖЕЕВА.	Анашым.....	143

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі осы жылғы мамыр айының екінші онкүндігінде «Қазақстан Республикасындағы филологиялық білім беру: қазіргі жайы және даму болашағы» тақырыбында Астана қаласында, Тәуелсіздік Сарайында (Тәуелсіздік даңғылы, 52) филологтар Съезін өткізеді.

Съезді өткізудегі негізгі мақсат: әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу жағдайында филологиялық білім беруді жетілдіру болып табылады. Съезд барысында тіл мен әдебиет саласында қазіргі заманғы білім берудің төмендегідей түрлі аспектілеріне арналған пленарлық және секциялық мәжілістер, дөңгелек үстелдер, пікіралысу, пікірталас алаңшаларының жұмыстары ұйымдастырылады:

- қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен білім беру мәселелері;
- үш тілде білім берудің жан-жақты тұлға қалыптастырудағы орыны;
- ағылшын тілін ертерек оқытуды енгізудің жолдары және өзектілігі;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- мұғалімдердің 12 жылдық білім беруге көшу жағдайындағы жұмысқа әзірлігі;
- оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдері;
- Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуға көшу жағдайында гуманитарлық білім мазмұнының вариативтік ерекшеліктері;
- филологиялық білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында сабақтастық ұстанымын сақтау;

- халықаралық стандарттар негізінде тілдерді деңгейлеп меңгерту;

- мектеп оқушыларының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;

- жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудегі филологиялық білімнің алатын орыны;

- жаңа әлеуметтік сұраныстарға жауап беретін оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, мазмұнын жаңғырту, т.б.

Съездің жұмыс тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Съезге филолог - мұғалімдер, ғалымдар, білім және ғылым саласының қайраткерлері, жаңашыл – педагогтар, білім беруді, тілдерді дамытудың басқару органдарының, кітапхана жүйесінің, оқу орындарының, басылымдар мен баспалардың басшылары мен қызметкерлері қатысады.

Съезге төмендегі үш форматта қатысуға болады:

- баяндама тезистерін жариялау және сөз сөйлеу;

- баяндама тезистерін жариялау, шығып сөйлемеу;

- баяндама тезистерін жарияламау, шығып сөйлемеу,

қатысу.

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша баяндамалар тезистерінің жинағы шығарылады. Съезд жұмысына қатысу үшін **2013 жылғы 25 сәуірге** дейін мына электрондық мекенжайға талапқа сай ресімделген тапсырыс пен баяндама тезистерін (көлемі: 2 бетке дейін) жіберу қажет:

maigul1379@mail.ru

Тапсырыста: Аты, Әкесінің аты, Тегі, жұмыс орыны, лауазымы, ғылыми дәрежесі (егер бар болса), ғылыми атағы (егер бар болса), баяндама тақырыбы, пошта мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы (міндетті түрде) туралы ақпарат беріледі.

Баяндама тезистерін ресімдеуге қойылатын талаптар: мәтіндік редактор «Word 7,0 (97,200) Windows», жол аралығы – бір қатар, бет жиектері: сол жағы -30 мм, оң жағы

– 15 мм, үсті – 20 мм, асты – 20 мм, кегль – 14-ші шрифт ,
гарнитура – KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін), Times
New Roman Cyr (орыс, ағылшын тілдері үшін), мақала
атауы қарайтылған бас әріптермен, азат жол айқындалған,
авторлардың аты (инициалы) және тегі, мекеменің толық
атауы, мақала мәтіні; пайдаланылған әдебиеттер тізбесі
(мәтіндегі ескертулер мен сілтеме жасаулар нөмірленеді
және квадрат жақшаға алынады).

Үлгі

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК
ЖҮЙЕСІ**

Ә.Н. Ахметова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қаласы

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде:
болашаққа интеллектуалдық секіріс. // Алаш айнасы, 14 қазан,
2009 ж.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. «Ғылым» ба-
спасы, Алматы, 1966, 360-б.

Барлық тапсырыстарды Ұйымдастыру комитеті қарап,
автордың электрондық поштасына осы жылғы 15 сәуірге
дейін шақыру жібереді (шақыруды алғандығы жөнінде
e-mail: maigul1379@mail.ru-ге хабарлау керек).

Съезге қатысуға жарна төленбейді, жолақысы мен
іссапар шығыстары жіберуші жақтың есебінен. Барлық
ұйымдастыру мәселелері бойынша мына мекенжайға және
байланыс телефондарына хабарласуға болады: Астана
қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс. Телефондар:
8 (7172) 742329, 742287, 742293, 577203. Съезд туралы
толық ақпарат www.edu.gov.kz; www.nao.kz сайттарына
орналастырылады.

Съездің ұйымдастыру комитеті.

Сая ТӨЛЕУОВА,
Әліби Жангелдин атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар қаласы.

САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Сабақ – оқу үрдісіндегі білім берудің қайнар көзі. Мұғалімнің өмірлік жинақталған білімі мен тәжірибесі, педагогикалық тың ойлары сабақта жүзеге асады. Оқушы мен мұғалім сабақ кезінде жаңа білім мен білік дағдыларын қалыптастырып, нәтижесінде олардың әрқайсысы өзіндік тың жаңалықтарға ие болады.

Уақыт өткен сайын білім беру саласы жаңа педагогикалық өзгерістермен толығуда.

Белгілі ғалым Зейнолла Қабдоловтың «Әрине, шәкіртке дәріс тыңдатқандардың бәрін түп-түгел ұстаз дей беру тағы қиын. Шын мәніндегі ұстаздар сирек» [Таңд.шығ. А., 1983] деген ой-толғанысын оқыған мұғалім өзін «сирек ұстаздардың» қатарында болуы үшін еңбек етпек.

Құдайберген Жұбанов өз еңбектерінде теориялық білімі жетік мұғалімнің әдістемені өзі жасап алатындығын айтқан, яғни, теориялық білімі терең мұғалім өзі жаңа әдістемелер таба берері сөзсіз.

Баспасөз бетінде жарияланған сабақ жоспарларына қараған кезде мұғалімдердің сабаққа қойылатын дидактикалық талаптарды біле бермейтіндіктері, тіпті, мән бермей, сабақты көркемдеуге ғана көңіл бөлетіндіктері байқалады.

Сабақтың тақырыбы 2 түрлі болады. 1. Бағдарламада берілген тақырып – ғылыми тақырып. Мысалы: Абайдың «Қыс» өлеңі. 2. Бағдарламада берілген тақырыптың оқушы эмоциясына әсер етуі үшін, оқығанынан ой түйге дағдыландыру мақсатында эпиграфтық тақырыптар таңдалынады. Көбіне IX–XI сыныптың оқулықтарында эпиграфтық тақырыптар беріледі. IX сынып оқулығында «Абай өткен белестер» деген эпиграфтық тақырып берілген. Үйге не берілгенін сұрағанда оқушы эпиграфтық тақырыпты айтпай, «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі» деп бағдарламадағы ғылыми тақырыпты айтуы тиіс.

Жұрналда жарияланған кейбір сабақтардың тақырыбы нақты жазылмайды. «Абайдың «Қыс» өлеңі» деп берілсе түсінікті, себебі өлеңге бағдарламада 1 сағат қана бөлінген. Прозалық шығармалардан алынған үзінділерге 3–5 сағат бөлінеді. Мұғалім әр сағатқа тақырып қойып, нақты мақсат белгілеуі тиіс. *Мұхтар Әуезов. «Көксерек», Шерхан Мұртаза. «Тұтқын бала»* деп тақырып қоюмен шектеліп, сабақ барысында кейіпкер бейнесіне, шығарма тіліне, мазмұнына жіктемей-ақ жұмыстың барлық түрін жоспарлай беру сабақтың мақсатын анықтауда қиындық туғызады.

Оқытудың мақсаты тақырыптың мазмұнына сүйеніп анықталады. Мақсаттың белгілі үш міндеті бар: **білімдік** – үйретушілік; білімнің өсуі; **дамытушылығы** – логикалық ойлау қызметінің таным деңгейін кеңейту; **тәрбиелік** – жеке бастың қасиеттерін қалыптастыру. Көпшілік мұғалімдер сабақ мақсатының міндеттерін қоймайды. Мақсат пен міндеттерді шатастырады. Тәжірибеде байқағаным – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сабақ жоспарында мақсат пен міндет ажыратылып жазылатындығы.

Сабақтың типін анықтауға мұғалімдердің дені назар аудармайды, яғни, сабақтың типі «Бүгінгі сабақта не

«Істеймін?» деген сұраққа жауап береді. Балаға бұрын таныс емес жаңа білім бересіз бе, әлде оларға таныс тақырып төңірегінде жұмыс атқарасыз ба? Осындай мәселелерді анықтау үшін қажет. Кейбір сабақ жоспарында «Сабақтың түрі: аралас сабақ» деп те жазылады. Шындығында, аралас сабақ – сабақтың типі. Ғалымдар сабақтың 32 түрлі типін жинақтай, жүйелей келе бесеуін анықтады.

1. Жаңа ұғымды меңгерту. Оқушыға белгісіз тақырып туралы алғашқы ұғым беру сабағы.

2. Білік пен шеберлікті дамыту сабағы. Оқушы үшін бұрын берілген немесе тақырыпты меңгертуге берілген 2-сағат. Бұл сабақ – тақырыпты игерту үшін жүргізілетін жаттығу сабақтары.

3. Білімді жүйелеу сабағы. Бұл кезеңдегі жұмыс тақырыпты қорытындылау, кім нені қалай меңгерді, нендей жұмысты толықтыру қажет деген сұрақ төңірегінде ұйымдастырылады.

4. Дағдыны тексеру, бағалау сабағы. Оқушының білімі тексеріліп бағаланады.

5. Аралас сабақ. Бұл сабақта жаңа ұғым беріліп, жаттығу жұмысы жүргізіліп, тест не шағын бақылау жұмыстары алынады.

X сыныптағы Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасы тақырыбына берілген сабақтың типі – білік пен шеберлікті дамыту сабағы, себебі төменгі сыныпта оқушыларға «Қыс», «Күз» өлеңдері арқылы табиғат лирикасы туралы түсінік берілген. Ал Абайдың саяси-әлеуметтік тақырыптағы шығармаларын өткенде сабақтың типі *жаңа ұғымды меңгерту сабағы* болады.

Мұғалімдер оқытудың әдісін «... оқыту әдістерін таңдау, негізінен білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес анықталады» деген тұжырымды білгені дұрыс [С.Әбенбаев,

Оқытудың әдістері:

1. Сөздік әдістер (әңгіме, лекция, түсіндірмелі);
2. Көрнекілік әдістері (демонстрация, иллюстрация);
3. Практикалық әдіс (танымжорықтар, түрлі жаттығу жұмыстарын орындау).

Оқытудың әдісінде *сұрақ-жауап әдісі, ой бөлісу, дәлелдеу* деген әдіс түрлері жоқ екенін ескергеніміз жөн. Ю.К.Бабанскийдің, Н.Онищуктың, Махмутовтың еңбектерінде оқытудың әдістері жоғарыдағы әдістерден таратылып жазылған.

Оқытудың әдісі жоғарыда келтірілген «Педагогика» оқулығында өте түсінікті және нақты жазылған. Сонымен бірге авторлар сөздік әдісіне кітаппен жұмыс әдісін қоса отырып, студенттердің кітаппен жұмыс деңгейлеріне қанағаттанбайтындықтарын ескерткен. Сондықтан мектеп мұғалімдері оқушының кітаппен жұмыс дағдыларына зейін қойғандары дұрыс болар еді.

Дидактикалық әдістер:

Репродуктивті әдіс – жұмысты шығармашылықпен ұйымдастыру.

Продуктивті әдіс – дайын жұмыстарды пайдалану.

Ішінара зерттеу әдісі – тақырыпқа сай ғылыми материалдармен жұмыс жүргізу.

Сабақ жүргізу кезінде сабақтың құрылымын сақтау – дидактиканың өзіндік заңдылығы.

Үй тапсырмасы сұралған соң жаңа сабақ түсіндіріледі. Жаңа тақырып бірден түсіндірілмей, оқушының тақырыпқа сай білімі жүйеленіп, жаңа тақырыпқа бағытталады. Сабақтың актуалдау кезеңі бүгінгі «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамытатын технологияның «Қызығушылықты ояту» кезеңімен сәйкес келеді, оған дәлел З.Имжарованың басшылығымен

шыққан «Сын тұрғысынан ойлау – білім үрдісінде» оқу-әдістемелік құралындағы «Бірінші кезең оқушылардың танымдық үдеріске жұмылдырады, өздерінде бар білімді әсерлі сезіммен өзектендіреді (актуалдандырады); қызығушылығын оятады» деген пікірі дәлел бола алады. Актуалдау кезеңінде бұрынғы оқыған не білетін ұғымдарын еске түсіру, бір жұмысты орындау арқылы бұрынғы білімдерін тереңдету, жаңа ұғымды меңгерту, жаңа ұғым енгізу, бұрынғы білімдерін жетілдіру, жаңа ұғым аталып шолу жасалады.

Дамыту кезеңінде оқушы алған теориялық білімін түрлі тапсырмаларды орындап, практикамен ұштастырады. Алған білімін жетілдіріп, олқы тұстары жетілдіріледі. Түрлі танымдық жұмыстар беру нәтижесінде оқушы білімі кеңейтіледі. Оқушы өздігінен жұмыс атқарады.

Сабақтың бекіту кезеңінде мұғалімдер «Бүгін қандай тақырыппен таныстық?» немесе «Зат есім дегеніміз не?» деген сұрақтар қойып қайталайды. Дұрысы, оқушының практикалық жұмыстар орындағаны тиімдірек болмақ. Мысалы: перфокарталар, сызбалар мен әр алуан кестелер, танымдық тапсырмалар.

Сабақтың қорытынды кезеңінде тақырыпты мұғалім жинақтап жүйелейді.

Үйге тапсырма мына бағытта берілмек: келесі сабаққа әзірленуге арналған өздігінен орындайтын жұмыстар, жаңа білімін басқа ақпараттар арқылы толықтыру.

Әдебиет сабағында роман, повестерді алдын ала оқуға беру оқушының көркем шығарма оқу дағдысын жетілдіреді. Оқушы білімін бағалаудың түрлі тәсілдері қолданылуда. Мұғалім оқушы білімін бағалауда әділ болғаны жөн. Шамадан тыс қаталдық жасау да, бағаны көтермелеп қою да оқушы мен мұғалім арасындағы байланысқа кедергі келтіретінін ұмытпағанымыз жөн.

Сабақты жұптық, топтық, ұжымдық түрде ұйымдастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Ұйымдастыру формасын түрлендіру оқушылардың өзара ынтымақтаса жұмыс атқаруына ықпал жасайды.

Мектепте оқытылатын әрбір пәннің өзіндік ерекшелігі мен заңдылығы бар. Әдебиет пәнін оқытуда Әуелбек Қоңыратбаевтың мына пікірлері ескерілуі тиіс:

1. Мәтінді оқу, мазмұнын игеру, тақырыбын тапқызу;
2. Шығарманың формасын таныту;
3. Шығарманың идеясын жинақтау арқылы білімі мен әсерін өз бетінше байытады;
4. Үш сатының үшеуі де жүйелі түрде жаттығу арқылы іске асады. Ғалым бұдан әрі «Осы 4 түрлі машықтанудан өтпеген білім – нәрсіз нәрсе» деп қорытындылайды. [4-7-кластарда әдебиетті оқыту методикасы. А., «Мектеп», 1987].

Мұғалімнің шығармашылық ізденісте болып, сабақты түрлендіре өткізуі оқушының ізденіспен оқуына жағдай жасайды. Әрине, кейбір мұғалімдер дағдылы, машықтанған тәсілді өзі үшін тиімді көреді. Сабақты түрлендіру, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану оқушыдан жауапкершілікті талап етеді. Мұғалім оқушыны оқытып қана қоймай, ойлау қызметін дамытып жетілдіруі, өз бетінше қорытынды жасап, тұжырымды ой айтуға үйретуі керек. Бұл кездерде проблемалық оқыту әдістері тиімді. Оқушыға өз бетімен ізденуге, зерттеу жұмыстарын жасауға бағыт берілсе, оқушылар жалықпай іздене түседі.

Соңғы кезде педагогикалық баспасөзде жарияланған сабақтардың дені мазмұнсыз. Сабақтың тақырыбын ашудан гөрі тақырыптан тысқары жұмыс түрлеріне көбірек ден қояды. Мысалы: «Әріптер сөйлейді» стратегиясы дейді де, «Қобыланды» сөзінің әрпін шешеді: «Қ-қаһарман ана; О-ойлы Б-батыр...» деп әрі қарай кете береді. Осы «стратегиядағы» жұмыс түрінен бала не ұқты? Нендей

дамыту жұмысы болды? Орыс және шет тілдерді оқыту барысында тиімді болғанмен, қазақ тілді оқушылар үшін аса тиімді емес. Сондықтан сабақ жоспарын құру барысында тақырыптың мазмұнды, сабақтың жүйелі болуына назар аудару білейік.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Мұхтар Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деген екен. Олай болса, ұлттық төл мәдениетті қастерлей білетін, рухани жан дүниесі бай, ой-өрісі дамыған ұрпақ тәрбиелеудегі ұстаз еңбегінің қаншалықты болу керектігін айтқан Жүсіпбек Аймауытовтың пікірін бүгінгі күні жаңашыл ұстаз Қанипа Бітібаеваның мына пікірі толықтыра түседі: «Таптаурын болған сабақ түрлері оқушының ынтасын, пәнге деген қызығушылығын төмендетеді. Ойлау белсенділігін тежейді. Танымын сұйылтады...».

Әлемдік білім кеңістігін еркін ашып кіретін ұрпақ тәрбиелеуде жаңашыл ұстаздар қатары көбейе түссін!



Амандық НӨКЕН,
«Қайнар» университетінің
магистранты.

«АЛМАС ҚЫЛЫШ» ХАҚЫНДАҒЫ АҚИҚАТ

Тарихи романдарға қатысты әңгіме қозғалған жерде айтпауға болмайтын, Зейнолла Серікқалиұлын талапталғамы, ұстанымы, өресі бөлек сыншы ретінде халыққа таныта түскен, яғни, оның даңқын да шығарған, ол туралы дақпырт та тарауға себепші болған мақаласы – Ілияс

Есенберлиннің «Алмас қылыш» романына жазылған сыны — «Тарихи шындық бұрмаланбасын». Бұл мақаланы талдамас бұрын, алдымен, «Алмас қылышқа» қатысты сол кезеңде баспасөзде қандай сын мақалалар болды, оларда не айтылды, соған тоқталуды жөн көрдік.

Роман жарық көргеннен кейін баспасөзде Мәди Хасенов «Алмас қылыш» («Коммунизм нұры» газеті, 1971, 11 желтоқсан, 4-бет), Мырзабек Дүйсенов «Алмас қылыш» («Қазақ әдебиеті» газеті, 1971, 19 қараша, 3-бет), Т.Әліпқалиев «Тарихи тақырып және «Алмас қылыш» романы» («Орал өңірі» газеті, 1972, 29 қаңтар, 4-бет), С.Ахметов «Роман қаһарманы – халық» («Семей таңы» газеті, 1972, 26 ақпан, 4-бет) атты рецензияларын жариялады. Осылардың ізінше «Тарихи шындық бұрмаланбасын» «Социалистік Қазақстан» газетінің 1972 жылғы 16 сәуір күнгі санында жарық көрді.

Сыншы Мәди Хасенов мақаланың ортан беліне дейін оқырманды роман мазмұнымен таныстыра келіп: «Жазушы осынау тарихи оқиғаларды көрегендікпен, білімпаздықпен, көркемдік шеберлікпен суреттей отырып кесек бейнелер жасай алған... Тарихты терең зерттеген жазушы сол дәуірде жасаған қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларға қызу араласқан адамдарды жазбай танып, оларды өз кезеңіне, өз мүддесіне сай іс-әрекетімен, мінез-құлығымен көрсете білген» деген пікір айтады. Сыншының «жазушының шалдықпас шежіре іспетті» терең білімі арқылы берілген «оқырман қайсысын қабылдарын білмей аңырып тұрып қалғандай болатын» «тоқсан тарау тарихи деректердің көптігі» мен «адам аттарының шамадан тыс мол аталатындығына» не сүйсініп, не ренжіп айтып тұрғанын тап басу қиын. Оқырманның «айызын қандыратын» бейнелі сурет, ұшқыр ой, ұтымды сөз тіркестеріне бірнеше мысалдар келтіріп:

«Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романын көркем әдебиетімізде күні бүгінге дейін бейнеленбей келген орта ғасырлық тарихымыздан, қазақ халқының іргелі ел болып ұйымдасу кезеңінен мол-мол сыр шертетін, рухани қазынамызға қосатын өзіндік үлес-салмағы көп құнды шығарма деп білеміз» деп өз бағасын береді.

Ғалым Мырзабек Дүйсенов өз мақаласында Ілияс Есенберлиннің жаңа романы қазақ руларының бірігіп бас құрап, өз алдына отау тігіп, іргелі ел бола бастаған тарихи кезеңіне арналғандығын, тарихи деректерді тірнектеп жинап, қиюластырып құрастыра білудің үлкен шеберлікті, орасан еңбекті талап ететінін айта келіп: «Алмас қылыш» — ғылыми зерттеу емес, көркем шығарма. Сондықтан да тарихи шындықтың бұрмаланбай, дәл көрсетілуімен қатар, ең алдымен, романның әдебиеттік шарттары мен сипаттарына айырықша мән берілуі тиіс» дейді де, жазушының «халықтың патриоттық, моральдық сезімдерін тәрбиелеуге ерекше ден қойғанын», «соғыс туралы маркстік-лениндік философиялық қағидаларды берік ұстана отырып, Отан қорғау, халық бақытын сақтау үшін күресу керектігін, ал басқыншылық мақсаттағы соғыстың қандай түрі болса да, халық мүддесіне жат саясат екенін көрсете білгендігін», «шығарма композициясын құруға шеберлігін», «оқиғаны бірден драмалық тартыстан бастап, түйінді оқыстан шешетін әдісін пайдалана алғандығын» шығарманың жетістіктері қатарында атайды. Ал Қобыланды, Ақжол сияқты батырлардың әлеуметтік жүгі аздау болып, қыз үшін қырқысу әрекеттерінің тым жеңілдігіне, қазақтың алғашқы ханы Керей, Жәнібектің көлеңкесінде қалып қойғанының дәлелсіздігіне ой жүгірте келіп: «Жазушы тарихи деректер мен оқиғаның құлы болып қалмай, керісінше, оны

көркемдік шарттарға бағындыруға тиісті. Романның елеулі кемшіліктері де осыған байланысты. Шығарманың біраз беттерінде көркемдіктен гөрі тарихи деректер бірінші кезекке шығып кете береді. Бейнелей суреттеудің орынына құрғақ әңгімелеушілікке, баяндаушылыққа жол берілген. Ал баяндау көркем шығарманың мұраты емес. Романда көптеген хан-сұлтандардың, олардың айналасындағы адамдар аттарының мол аталатындығы соншама, солардың көбі оқушы ойына ешқандай із қалдырмайды. Сонау Шыңғыс ханнан бергі хандар тұқымдарын салалай тарату – тарих ғылымының міндетіне жатса жатар, ал көркем шығарманың міндетіне «әсте жатпаса керек» деп романның көркемдік сапасының төмендігіне мегзейді. Жазушы талабының кей тұстарда ақталмай қалуын бізде көне тарихи тақырыпты игеруде әлі де болса тәжірибенің аздығынан деп түйіп, нәтижесінде «жалпы алғанда, бұл шығарманың оқушы қауымға қазақ халқының ортағасырлық тарихынан біраз қызық мағлұмат беретін пайдалы еңбек екені шүбәсіз» деп қорытады.

Сыншы Т.Әліпқалиев «Орал өңірінде» жариялаған өз мақаласының соңында «Тарихи тақырыпқа жазып жүрген бірқатар авторлардан Ілияс Есенберлиннің бір артықшылығы – ол шығармаға өзі біле бермейтін ұсақ-түйек детальді көп тықпаламайды, жазғанын нанымды шығарады. Тек бір ұнамсыз нәрсе – кейіпкерлерінің көбін шектен асқан нәпсіқұмар етіп көрсетуге әуес. Бұл көбіне-көп жараса бермейді, кейде біздің ұлттық қасиетімізге де нұқсан келтіреді. Ал заман рухын лайықты бояуымен жеткізу жөнінен авторға разы болмасқа лажымыз жоқ. Оның «Алмас қылыш» романы – тарихи тақырыпқа жазылған шоқтығы биік шығарма» деген лебізін білдіреді.

«Семей таңындағы» С.Ахметовтің мақаласы «Алмас

қылыш» романы – танымдылығы мол, тарихи фактілері екшелген, оқушылардың талғамын дөп басқан шығарма» деген пікірден әріге бармайды.

Бұрыннан да тарихи романдарға қатысты көп мәселелерді көтеріп жүрген З.Серікқалиұлы да бұл романға қатысты сын айтпай қарап отыра алмайды, себебі Ілияс Есенберлиннің шығармалары сонау өте көне замандардағы тарихи оқиғаларды негізге алған қазақ тіліндегі алғашқы талпыныс болса, кейін туатын қазақтың тарихи романдарының үлгі тұтар, бағыт алар көздері де осылар болмақ, демек қандай да бір кемшіліктер болса, бәрі де осы шығармадан бастап жөнделуі керек, әйтпесе кейін бір емес, бірнеше романға ұласып кеткенше, көзі жетіп отырған кемшілікті айтпай қарап отыру өнерге деген опасыздық болар еді. Ғ.Мүсіреповтің «Лениншіл жас» газетіне (1985, 27 ақпан) берген бір интервьюінде «Біз осы уақытқа дейін жаманымызды жасырумен келдік. Енді өлінің үрейі, тірінің мерейі үшін, әдебиетіміздің намысы үшін тура әңгімеге көшкеніміз мақұл. Әйтпесе, ертеңнің алдында ұятқа қаламыз» деп жазғаны бар. З.Серікқалиұлының бұл мақаласында ащы айтылған шындықтың негізінде де авторға деген ешқандай жеке бас өшпенділігі немесе оның атақ-даңқына, бағына деген қарау, ішітәр адамның қызғанышы емес, өнерге деген жаны ашыған жүректің жан айқайы жатқаны сөзсіз. «Тарихи шындық бұрмаланбасын» деген мақалада автордың лауазымына, жасына, бұған дейінгі алған абырой-атағына қарамастан, көптеген кемшіліктерді нақты дәлелдермен көрсеткенімен де, сыншы сын мәдениетін барынша сақтай білген. Мақала бір-екі сөйлем болса да, сыншының авторға деген жылы лебізінен басталады. Шығарма көпшілік оқырманның қандай қажеттілігіне жарауы мүмкін екендігіне тоқтала

келіп, бұл шығармаға әдеби әр беріп тұрған жақсы тұстарды жинақтап атап өтеді де, осы шығарманы талдау арқылы басы ашылуға тиіс, тарихи тақырыпта жазып жүрген көптеген авторлардың шығармаларында өріс алып кетуі мүмкін кемшіліктерді қадап-қадап көрсетеді. Сыншы «Алмас қылыштың» жанрын жазушының өзі де, оған рецензия жазған профессор Мырзабек Дүйсенов те «тарихи роман» деп белгілегенін, сондықтан да тарихи романға қойылар талаптар негізінен талдауға бағытталғанын мақаланың бас жағында айтып өтеді. Шығарманың көркемдігіне қатысты айтылған «Алмас қылышты» үңіле оқығанда, таза көркем әдебиет талабы, өнер сұлулығы тұрғысынан қарағанда жеке кейіпкерлер образы жасалу жолдарынан, жазушының бейнелеу ерекшеліктерінен саралап, жіктеп айтатындай суреткерлік шеберлік үлгілерін табу қиын-ақ. Өйткені мұнда барлық қадір-қасиеті қаз-қалпында, жан-жақты терең мүсінделген кесек әдеби образдар жоқ. Кітапта негізгі оқиғалар желісіне өзек болған Әбілқайыр іс-әрекетінің өзі өмірбаяндық ізден асып кете алмайды, ол тарихи шолуларды сабақтастыратын желі ретінде ғана қалып қойған. Ал халықтық характерлер эпизодтық рөл атқарып, олар да әдетте бірыңғай тарихи деректердің тізбегі ретінде көрінеді. «Алмас қылыштың» арқауы – тарихи шолу, тарихи мазмұндау. Бұл кітап туралы пікір қорытқанда, оқушы әр қилы адамдар тағдыры жайында тебіреніп ойланудан гөрі, ең алдымен, әсіресе, ел, заман өзгерісін жеке деректер арқылы ғана елестетеді» деген жолдардағы шындық бұған дейінгі сыншылардың да пікірлерінде кездесті, тек айырмашылығы ойды жеткізуде, З.Серікқалиұлы күлбілтелемей, көңілге қарамай, өзі көріп отырған ақиқатты тура айта алған. Сол сияқты Т.Әліпқалиевтің мақаласында айтылатын

1.Есенберлин кейіпкерлерінің шектен тыс нәпсіқұмарлығын, кітаптың өн бойында жүрген төсек әңгімесін 3.Серікқалиұлы да құптамайды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаев «Алмас қылыштың» жанрын «роман-хроника» деп танып, мынадай пікір айтады: **«I.Есенберлиннің тарихи романдары – жанрлық жағынан да бірсыпыра жаңалықтар әкелген шығармалар. «Роман-хроника» жанрының өзіндік ерекшелігі, мүмкіндігі бар екендігіне ешкім таласа алмайды. «Алмас қылыш» арқылы автор тарихтың шашыранды факторларын, белгілі дүниетаным, эстетикалық мұрат биігінен қарап, қамшының өріміндей жымдастыра тізіп келтіреді. Бұлар жалаң санама тізбек болып қалмай, көбінше қаһармандар өміріне, халық тағдырына қатысты беріледі. Әрбір дамыған әдебиетте жанрдың барлық түрі де орын алуға тиіс. Оның әрқайсысының өзіндік ажары, салмағы, сыпаты болмақ. Оқиғаның хроникалық жағы басымырақ баяндалатын шығармаларда қаһармандардың ішкі дүниесі кемірек суреттелетіні белгілі. Біз әрбір жанрдың өз талабымен келгенде ғана шығарманың шын келбетін тани аламыз»** (1.195). Алайда ғалым автордың «Алмас қылыштың» жанрын әу баста дұрыс көрсетпегенін, жазылған сындар кітаптың жарияланған нұсқасына бағытталғанын қаперден шығарып отыр.

«Көркемдік шындық жолдары әр алуан. Оның шығармада айтылуы да әр түрлі болмақ. Жазушы таланты неғұрлым күшті болса, көркемдік шындық та соғұрлым биік өреден көріне бермек (2.105) деп қарайтын ғалым Шериаздан Елеукенов «I.Есенберлиннің «Көшпенділер»

ағты тарихи трилогиясы төңірегіндегі айтыстар бүгінгі күні біздің бәріміздің де, тіпті, сонау XV ғасыр сияқты алыс замандардың, қазақтар өздерінің дербес хандығын құрған кезеңнің тартыс-таласы мен күресіне де селсоқ қарай алмайтынымызды тағы да көрсетіп отыр. I.Есенберлин қазақ ұлтының қалыптасу шағын зерттей отырып, күрделі де айырықша жауапты проблема қозғаған» (2.106) дей келіп: «Мәселен, «Абай жолы» эпопеясында ұлт өмірінің барлық қыры қамтылған десек, I.Есенберлин өзінің алдына бұл міндетті қоймайды. Ол негізі қазақ ұлтының қалыптасуы мен дамуы процесінің идеологиялық жағына баса назар аударады. Оның образдарының, шығармаларындағы образ жүйелерінің өзгешелігі осында. Кейіпкерлер мұнда өздерінің белгілі бір тарихи идеяға көзқарасына байланысты бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Бұл сипат, әсіресе, «Алмас қылышқа» тән. Асылы, шиллеризацияны ұстану, кейіпкерлерді белгілі бір идеялардың рупорына айналдыру өздігінен көркемдік шындықты бұрмалауға әкеліп тірмейді. Бұл жерде әңгіме тек оған жету мөлшері туралы ғана болуы мүмкін. Сөз болып отырған бұл шығарма XV ғасырдағы қазақ қоғамын толық көрсету міндетін мойнына алмайды... I.Есенберлин үшін керегі де, маңыздысы да – қазіргі қазақ әдебиетінде зерттелмей жатқан ғасырлар қойнауына із салу. Хроникалық, суреттеудегі сырдаңдық, адам аттарының молдығы мен оқиғалардың қоюлығы, монологшылдықтың күштілігі – міне, осының бәрі қазақ мемлекетінің іргесі қалана бастаған сол бір алыс дәуір жайында неғұрлым көбірек материал беруге талаптанудан туған. Бұл – асылы, таң жерді жыртып игеру емес, оны тек келешек егін үшін ағатыздау тәрізді жұмыс. Роман-хроникадан бұдан артықты күтудің де реті жоқ. Бұл – тек алдағы неғұрлым алуан

салалы, тереңнен қозғайтын көркемдік зерттеулердің бастамасы ғана болмақ» (2.108) деп, шығармаға айтылған сындарды жанр табиғатын түсінбеуден туған деген қорытындыға саяды. Бірақ З.Серікқалиұлы көрсеткен кемшіліктерді мүлдем жоққа шығармайды. Мысалы, «Үйме-жүйме адам аттарын есте ұстауға оқушысын мәжбүр еткен І.Есенберлин фактілер қамауынан қашса да, құтыла алмай қалған да, Бұрындықпен тең түсерлік басқа характерлер жасауға, сөйтіп романның көркемдік жүгін көбейтуге мұршасы келмеген. Міне, сондықтан да суреттеліп отырған құбылыстар толық қамтылмағаны жөнінде айтылып жүрген кінәраттар өте орынды. Ал тегінде автор табанды да тыңғылықты еңбегімен өзі ашқан идеологиялық типтерден әлі де көп-көп тың, тосын дүниелер таба алатын да еді» (2.113) немесе «Сірә, бұл жерде оған кейбір проблемаларды шешуде әлі де болса тиянақтылық жетпей қалғаны кедергі келтірсе керек. Мысалы, бірыңғай сәулелі мәнерде шыққан Қасым хан образы сендіре қоймайды. Егер, тіпті, автор дерекнамалардан ол жөнінде ешқандай мінездеме таба алмаған күннің өзінде де, қайсыбір хан тарихтың белгілі бір сәтінде прогрессивтік рөл атқарғанмен, оның халық көсемі еместігін, ханның аты хан болып қалатынын ескеруі қажет еді» (2.114).

Сыншы Зейнолла Серікқалиұлы Илияс Есенберлиннің романда басшылыққа алған дереккөздерінің де күмәнді тұстары жоқ еместігін тарихшылар еңбектеріне сүйене дәлелдеп шығады. Бірақ мұндағы мақсаты қайткенде жазушының бір кемшілігін тауып алып мұқату емес, керісінше, төл тарихымыздың ақиқатын айтуға болмайтын заманда өсіп, тарихымыздан мақұрым қалған қалың оқырман қауым ол кезең туралы өз сауатын алдымен

тарих оқулығымен емес, осы тарихи романмен ашатынын ойлап, қате түсініктердің жетегінде кетпесе екен деген ізгі ниет болатын. Бұл пікірімізді кезінде «Алтын жамбы» жинағы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығына ие болғанда, халықаралық «Азаттық» радиосында жас сыншы Амангелді Кеңшілікұлына берген сұхбатындағы мына бір жолдар бекіте түсетіндей: «...Мен қазір тарихтаным ерекшеліктерін жазып жатырмын. Біраздан бері оны қарап жүрген жанмын. Бұл жағынан бізде былықтар көп. Тарихқа деген сұраныстың болуы – заңды құбылыс. Өйткені біздің тарихымыздың бәрі ақтаңдақ болды. Жалпы, жұрттың соған бет бұруы өте дұрыс. Заманның сұранысынан туып отырған қажеттілік болғандықтан ол сыннан да жоғарырақ тұруы мүмкін. Дегенмен, оның өзі кейде бізде асыра сілтеуге кетіп жатады. Осылардың бәрін қайтадан ой сүзгісінен өткізіп, тарих ғылымына, әсіресе, көркемдік танымға, өнер тарихына байланысты біраз дүниелерді екшеу керек. Міне, осы тұрғыда, «Дүниетану даналығы» сияқты, сол жұлгеде бір дүниелерді жазып жатырмын» (3.236). Сыншының мұндай еңбекті бастауға алып келген де – сонау алпысыншы жылдардан бастап жанына тыныштық бермей, тыпыршытып келе жатқан тарихқа, өнерге деген адалдық.

Зейнолла Серікқалиұлының аталған мақаласы сыншының шын мәнінде әдебиет әлемін, соның ішінде тарихи тақырып, Алтын Орда дәуірі, ол төңірегіндегі құжаттарды терең білетіндігін байқатқан күрделі дүние болды. «Алмас қылыш» пен талданған атышулы сынға қатысты дау-дамай тарихы жөніндегі сол тұста Орталық Комитетте жауапты қызмет атқарған белгілі жазушы Бекежан Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» роман-эссесінің деректері де сыншы ойларын растай түседі (4). Егер жазушы Ілияс

Есенберлин мақалада айтылған сынды қабылдамаса, одан кейінгі «Мұхиттан өткен қайық» романының қолжазбасын алдымен Зейнолла Серікқалиұлына беріп сынатып алмас еді және жоғарыдағы сынға байланысты «Екеуміз де ұтылған жоқпыз, сен мені оқыттың» (5) деп айтпаған болар еді. Ащы да болса «Алмас қылыш» турасындағы әділ де байсалды сын тарихи тақырыпта жазатын жазушыларымыздың бәріне де сабақ болғаны – тағы бір ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рахманқұл Бердібаев. Биік парыз. А., «Жазушы», 1980.
2. Шериаздан Елеукенов. Замандас парасаты. А., «Жазушы», 1977.
3. Шапағатты парасат (Зейнолла Серікқалиұлын еске алу кітабы). А., «Арыс», 2005.
4. Бекежан Тілегенов. Тұйық өмірдің құпиясы. А., «Дәуір», 1992.
5. Зейнолла Серікқалиұлы. Жер басып жүргеніңнің өзі – ырыздық. (Әңгімелескен М.Әкімханов). «Заман – Қазақстан», 1997, 19 қыркүйек, №38. 14-15- бет.

Резюме

В данной статье рассматриваются критикующие статьи о романе «Заговоренный меч» И.Есенберлина и выявляется справедливость критики З.Сериккалиева.

Resume

The criticizing articles written concerning I.Yessenberlin's novel "Charmeds word" ("Almaskylysh") are analyzed in this article. The critic Z.Serikkaliyev's criticism has been proven to be just.

Жаңылсын БАЛТАБАЙ,
Мәлік Ғабдуллин атындағы
№3 көптілде оқытатын
мектеп-гимназия
мұғалімі.
Көкшетау қаласы.

ОСЫ ШАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ. НАҚ ОСЫ ШАҚ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – етістік, оның категориясы туралы білімдерінің кеңейту, жақтық мағынаны білдіретін етістіктердің морфологиялық құрылымы туралы білімдерін қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін, пәнге деген қызығушылығын дамыту, шығармашылыққа дағдыландыру; **тәрбиелік** – отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, ұжымдасып еңбектенуге, әдептілікке, ойларын еркін жеткізе алуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білім беру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, талдау жұмыстары, топтық жұмыс, шығармашылық, жаттығу, тест таапсырмалары. **Қолданылатын технология:** саралап деңгейлеп оқыту. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих. **Көрнекілігі:** тірек-сызба, интерактивті тақта, слайд.

Мұғалім міндеті: жаңа тақырыпты игерту, жұмысқа басшылық жасау, тапсырмалар беру, бағалау.

Оқушы міндеті: тапсырманы орындау, өз ойын ашық айту.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын

қадағалап, зейіндерін сабаққа аудару.

«Өнер алды – қызыл тіл»,

Анаңдай оны құрметте!

Қажымай, талмай, үйрен, біл,

Асылын сөздің өрнекте!

Үй тапсырмасын қайталап, етістікті еске түсіру үшін деңгейлік тапсырмалар орындаймыз.

Деңгейлік тапсырмалар.

Оқушылық деңгей: «Білімінді байқап көр».

1. Етістік деген қандай сөз табы? 2. Етістік тұлғасына қарай қалай бөлінеді? (негізгі, туынды) 3. Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді? (сабақты, салт) 4. Етістік құрамына қарай қалай бөлінеді? (дара, күрделі) 5. Есімше дегеніміз не, қалай жасалады? 6. Көсемше қалай жасалады? 7. Етіс және оның түрлерін атаңдар. 8. Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіңдер? Қандай түрлері бар?

Алгоритмдік деңгей: «Сен қалай ойлайсың?»

1. Сабақты, салт етістіктерді 2 топқа бөліп жазыңдар.

Бекітті, байла, хабарлас, кел, қысқарды, сана, сал, жаз, тазалады, басқарды, ойна.

2. Сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.

Білімді мыңды жығады.

3. Асты сызылған сөзге лексикалық талдау жасандар.

Жігіттің **түсін** айтпа, ісін айт.

4. Баптанба, шаттанба, мақтанба деген сөздер

Абайдың қай өлеңінен алынған?

Осы шумақты толықтырып, болымсыз етістіктерді атаңдар. Қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер. Болымсыз етістіктердің жұрнақтарына омонимдес жұрнақтар бар ма? (Олар -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар. Мысалы: қойма, қақпа, кеспе, баспа.)

Шығармашылық деңгей: «Бұлақ көрсең, көзін аш».

1. Тәуелсіздіктің 21 жылдығына байланысты етістіктерді қатыстыра отырып ойтолғау жазыңдар. (Слайдта бар суреттер)

2. Жоғалған сөз, шешімін тап.

Оқушыларға әдебиет пәнінен өтілген поэзиялық шығармалардан үзінді беріледі, бірақ етістіктері түсіріліп айтылады. Сол етістіктерді айтып, өлеңнің тақырыбы мен авторын және өлеңдердегі әдеби көркемдеуіш құралдарды табуы қажет.

1. Сендерге ... батамды.

2. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды.

Соқыр мылқау ... тірі жанды.

3. Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,

Қабырғалы жоталы ... күшті.

Жаңа сабақ.

Суреттер бойынша сөйлем құраңдар.

Сурет бойынша айтылған сөйлемдерді оқушыларға тақтаға жаздырамын.

Осы шақ және оның түрлері

Осы шақ мағынасы мен жасалуына қарай **нақ осы шақ** және **ауыспалы осы шақ** болып екіге бөлінеді.

Мысалы: Хамит алдындағы қағаздарын жинастырып орынынан тұрды. (С.С).

Оразалы екеуіміз үн-түнсіз отырмыз. (С.М).

Марал күнде-күнде сабаққа тыңғылықты дайындалады. (Ж.Б.)

Осы шақ болатын етістіктердің мағыналық белгілері мынадай: а) сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді; ә) әрдайым болып тұрған кездегі дағдылы іс-әрекетті көрсетеді.

Нақ осы шақ құрамына қарай екіге бөлінеді.

1. Жалаң нақ осы шақ

2. Күрделі нақ осы шақ.

ОСЫ ШАҚ

Нақ осы шақ

Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді.

Жалаң
нақ осы
шақ

«Отыр, тұр, жатыр, жүр» деген қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады. Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып, есімдерше жіктеледі. Мысалы: Мен отырмын. Сен тұрсың. Олар жатыр.

Күрделі
нақ осы
шақ

Негізгі етістіктің *-ып, -іп, -п* және *-а, -е, -й* тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәніндегі тіркесінен жасалады. Мысалы: Атам әңгіме айтып отыр.

Ауыспалы осы шақ

Күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді.

-а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Күнде сабаққа бар+а+мын. Сен ойна+й+сың.

Жұптық жұмыс. Екі оқушы тақтада қалып етістіктерді оңаша, ортақ түрде жіктейді.

Оқулықпен жұмыс. 123-жаттығу (ауызша). Үлгі: *Опырайып тұр* – негізгі етістік пен көмекші етістік

тіркесуі арқылы жасалған.

126-жаттығу (ауызша). 128-жаттығу (жазбаша).

Жаңа сабақты бекіту. Тест тапсырмалары.

1. Етістік сөйлемде қандай мүше болып тұр?

Ақыл азбайды, әділдік тозбайды.

а) бастауыш; ә) баяндауыш; б) толықтауыш.

2. Нақ осы шақтың жалаң түрін табыңыз.

а) отыр, жатыр; ә) оқыған, келген;

б) сөйлемес, шықпас.

3. Ауыспалы осы шақты табыңыз.

а) Кешке ағам жұмыстан келеді.

ә) Ағаштың арасымен бұлақтар ағады.

б) Сабақтан кешігуге болмайды.

4. Күрделі етістікті табыңыз.

а) жұлқылады; ә) жүре бер; б) тазала.

5. Тәуелсіздіктің ізі әдебиетте, өнерде, ғылымда сайрап жатыр. Осы сөйлемдегі етістік қай шақта

айтылып тұр? а) осы шақ; ә) өткен шақ; б) келер шақ.

6. Сөйлеп тұрған кезде болып жатқан іс-әрекетті табыңыз. а) Марат маған айтып тұрды.

ә) Олар сенің кітабыңды кеше сыныпта алып жүрген.

б) Салтанат сабақ түсіндіріп тұр.

7. Қалып етістіктері қай шаққа тән?

а) өткен шақ; ә) нақ осы шақ; б) келер шақ.

8. Етістіктің қай шағы «жалаң-күрделі» болып бөлінеді? а) нақ осы шақ; ә) өткен шақ; б) келер шақ.

9. Үш түрлі жалғау жалғанған етістік қайсы?

а) баруыма; ә) жазуларымды; б) сөйлеушілерден.

10. Күрделі етістікті сөйлемді табыңыз.

а) Ертең маған кел. ә) Әкеге барып қайт.

б) Сен маған жәрдемдес.

Қорытынды. Не білдік? Не үйрендік? Нені білгіміз келеді?

ПРОЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Проект технологиясы бойынша арнайы курстан өтуім, мол тәжірибе жинақтауым оқушылардың шығармашылығының дамуына септігін тигізіп келеді десем артық айтқандық болмас.

Проект әдісі педагогикалық тәжірибеде жаңа әдіс емес, бірақ ХХІ ғасырда педагогикалық технологиялар қатарында жоғары қарқынмен өзгеріп жатқан ортаға бейімделу іскерлігін қалыптастыратын әдіс ретінде оқыту үрдісіне қайта қосылып отыр. ХХ ғасырдың басында С.Т.Шацкий бастаған Ресей педагогтары проект әдісін тәжірибеге енгізу проблемасымен айналыса бастады.

Проектік сабақтардың дәстүрлі сабақтардан едәуір өзгешеліктері бар. Оны дайындау, өткізу оқытушыдан да, оқушыдан да шығармашылық ізденісті, көп күш-жігер және уақыт талап етеді. Дегенмен, жеке көзқарасы бар, өз бетінше ойлай алатын тұлға тәрбиелейміз десек, не ойлау емес, қалай ойлау керектігін меңгертеміз десек, проектілік сабақтың берері мол.

Бұл сабақ – алдын ала жоспарланған, алдына қойған мақсаты бар ерекше сабақ түрі. Сабақтың басында ұсынылған мәселені шешу үшін оқытушы мен оқушы бірігіп жоспар құрып, жұмыс істеу әдістерін таңдайды, баяндайды.

«Проект» сөзі латын тілінде «алға тасталған ой, алға шығып сөйлеуші» дегенді білдіреді.

Проектілік сабақтар әр түрлі кезеңдерден, қадамдардан тұрады:

1. Дайындық кезеңі: а) негізгі тақырыпты түсіндіру, талдау, өз ойларын айту; ә) сабаққа қажетті жаңа сөздермен жұмыс істеу; б) қосымша материалдар енгізу.

2. Тақырыптарды бөлу: а) оқушыларды кіші топтарға топтастырып, әр топқа кіші тақырыптар табу; ә) тақырыптарды талқылау.

3. Тақырыптарды нақтылау: сұрақтар құрастыру; жоспар құру, рөлдерді, тапсырмаларды бөлу.

Сабаққа дайындық кезеңінде жоспарды басшылыққа алған жөн, бірақ сабақ жоспарынан ауытқуға да болады, себебі бұл сабақ барысында шығармашылық еркіндік болуы қажет.

1. Мәліметтерді жинау: а) түпнұсқадағы кітап, газет-журнал т.б. мәліметтер; ә) теле-радио хабарларындағы мәліметтер; б) белгілі бір жерді зерттеуден алынған мәліметтер; в) көшеде алынған сұхбат мәліметтері; г) фото суреттер, т.б.

2. Жиналған мәліметтерді презентацияға дайындау: а) реттеу, өңдеу, презентацияға лайықтап дайындау; ә) плакаттар дайындау, карта жасау, газет шығару, көрме дайындау, т.б.

3. Презентация: а) әр кіші топ өз презентациясын басқа оқушылар алдында айтып түсіндіреді, көрсетеді; ә) жұмыстың нәтижесін көрме, плакат, т.б. көмегімен ауызша айтып беру; в) қысқаша жұмыс жоспарымен, іс барысымен таныстыру (не істеуді жоспарлады не істелді, жұмыс қалай жүрді, бұдан да жақсы істеуге болар ма еді, т.б.); г) пікір-талас, пікірсайыс, т.б.

Проектілік сабақтарды барлық тақырыптар бойынша және әр түрлі етіп өткізуге болады. Енді өз іс тәжірибемде

жүргізілген проектті сабақ туралы баяндайын.

«Табу, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қолданылуы»

Оқушыларға ең әуелі тақырып таңдалып берілді. Олар топ болып қазіргі кезде қолданылып жүрген табу, эвфемизм, дисфемизмдердің қолданысын ауыл тұрғындарының әңгімелерінен, ауызекі сөйлеу ерекшеліктерінен мәліметтер және қосымша көркем шығармалардан мысалдар жинады.

Мақсаты: табу, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қолданылу ерекшеліктерін, тіл байлығын дамытудағы орынын айқындау, нақтылау, дәлелдеу. Мемлекеттік тілдің аясын тереңірек талдап, этнозерттеу ауқымын кеңейту.

Міндеттері: табу, эвфемизм, дисфемизм сөздермен танысу; табу, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қазақ өмірінде алатын орынын көрсету; табу, эвфемизм, дисфемизм сөздердің тіл мәдениетіне тигізетін ықпалын дәйектеу, проектiлерiн қорғау.

Өзектілігі: табу, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қазіргі қолданыстағы маңыздылығы, тілдік сөйлеу құралы ретінде болашақ ұрпақтың игеруіне ықпал етуі.

Болжамы: егер ғылыми мағлұмат берілген мәтінді мұқият талдап, тірек сызба, конспект, модуль құру, негізгі ұғымдарды ықшамдап алуға төселсе, білім тиянақты, жүйелі болады әрі есте жақсы сақталады.

Жоспар:

1. Терминдер жөнінде ғалымдар пікіріне сүйену.
2. Табу, эвфемизм, дисфемизм сөздерінің мағынасын ашу.
3. Анықтама шығару.
4. Әрқайсысының қолданылу аясын зерттеу.
5. Ерекшеліктерін айқындау.
6. Елді мекендердегі табу, эвфемизм, дисфемизмдер арқылы сөздік қорды жаңғырту, сыпайы, көркем сөздерді бүгінгі заман ұрпағына жеткізу.
7. Жасалған жұмыстың ауқымын кеңейтіп, ғылыми

жұмыс жүргізу.

Қазақ халқы – тілге бай, сөз қадірін түсінетін, сөз саптау жағынан алдына жан салмайтын халық.

Ел-жұрт алдында мәңгі сақталып қалған «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз тәрбиелі, сыпайы сөзді мәдениеттіліктің ең жоғары сатысына қойған. Оған табу мен эвфемизм сөздердің қолданылуы куә бола алады. Қалай айтылса да, қай заманда айтылса да халық адамды құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, зілді, дөрекі сөздерді сыпайылап қолданудың көзін де, ретін де таба білген...

Осылай деп өз жобаларының кіріспесін бастап, зерттеу еңбектеріне арқау болған ғалымдардың пікірлеріне сүйенді.

Қазақ тілі білімінде табу, эвфемистік, дисфемистік құбылыстарға жеке-жеке түсінік беріліп, оларды зерттеуге арналған біршама еңбектер бар. Осы ретте Әділ Ахметов, М.Жұмағұлова, Әсет Болғанбаев, Ғабдолла Қалиев, Берікбай Сағындықұлы, т.б. ғалымдардың пікір-тұжырымдары мен еңбектерін атауға болады...».

Т а б у <i>Айтуға тыйым салынған сөздер.</i>	Э В Ф е м и з м <i>Дөрекі сөздерді сыпайылап, тігісін жатқызып қолдану.</i>	Д и с ф е м и з м <i>Әр түрлі жағымсыз эмоциялық мән тудыратын дөрекі сөздер.</i>
--	---	---



Эвфемистік фразеологизм

Құлағы ауыр
ести ме?

Тырп етпеуші
еді

О дүниеге
аттану кезегі

Әліпті таяқ деп
білмейтін

Жетпісті
мол аралап

Жұмсағанда
тілін қайырған

Қолының
қатты екені

Демімізді
ішке тартып

Ұрынарға
қара таппай

Біздің әулеттің келіндері көрпені “жуырқан” дейді.

Төре бала, ауылдарыңнан көлік қатынамай қойғаннан сау ма?

Мен мынау Жабайдың шешесін «Ақ жеңешем» дейтінмін.

Арам қатқыр, алысырақ барып жайылса қайтеді?

Оның шешесі “жіңішке” ауруына шалдығыпты.

“Жуырқан” сөзі көрпені тура атамай басқа жанаматаумен атаса, төре бала, ақ жеңешем сөздері атын тергеген адамның кәсібіне, мінезіне сай қолданылған. “Арам қатқыр” – қарғап-сілеп айтылған дөрекі сөз. “Жіңішке” сөзі – “қылтамақ” ауруының сыпайылап қолданылуы.

Қарапайым аналардың табу сөздерді қолдануы.

Ал ауылдағы ат тергеуге әбден төселіп, қалыптасып кеткен аналарымыз айтуға болмайтын есімдерді баланың атын атап, соның әкесі немесе соның ағасы, сол аттас деген сияқты сөздермен жеткізуге тырысқан. Бұл үрдіс те болашақ ұрпақты үлкенді сыйлауға, құрметтеуге, айтуға тыйым салынған сөзді қалай болса солай были еткізіп айта салудан аулақ болуға тәрбиелейді.

Осылай зерттеу жұмысымен шұғылданып проект жасаған оқушылар сабақ үстінде нысанның қасиеттерін, белгілерін, жасалу-түзілу жолдарын, құбылу заңдылықтарын, нысанның арасындағы байланысты анықтау немесе құбылыстар мен оқиғалардың арасындағы себеп-салдарлық қатысты, ережені дәлелдеу, тұжырымды аргументтеу, қағидаларды негіздеуде түрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындау арқылы дағдыларды машыққа айналдыруға үйренеді, төселеді.

Проект технологиясының негізінде оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстары жатыр.

Оқушыларға дайын өнімді қабылдайтын ғана емес, өз бетімен ізденетін, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау – проект технологиясының негізі. Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеу.



Жанар ҚАЙНАЗАЛ,

Алматы қаласындағы

№175 гимназияның

мұғалімі.

СИНОНИМДЕР

(Жаттығу жұмыстары, 5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың синонимдер туралы білімдерін кеңейту, қосымша

тапсырмалар мен жаттығу жұмыстары арқылы бекіту; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке баулу, ана тілін сүйе, Отанды қорғауға тәрбиелеу; **дамытушылық** – тіл дамыту тапсырмалары арқылы дүниетанымдарын кеңейту, көркем әрі сауатты жазуға дағдыландыру.

Типі: аралас сабақ. **Түрі:** ойын сабағы. **Әдісі:** иллюстрациялық түсіндіру, репродуктивті, зерттеу, эвристикалық, ішінара ізденгіштік әдіс, мақсатты әдістер.

Техникалық құрал: интерактивті тақта. **Көрнекілігі:** кесте, үлестірмелі қағаздар, слайд, электронды оқулық.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, орыс тілі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

77-жаттығу жұмысын тексеру, сұрау.

Синоним сөздер: *өтірік, қоспа сөз; таңдап, талғап.*

III. Білім тексеру (Үлестірмелі қағаздар таратылады).

1. Омоним дегеніміз не? Мысал келтіріңіз. 2. Көп мағыналы сөздер дегеніміз не? 3. Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің айырмашылығы. 4. Синоним сөздер дегеніміз не? 5. Синоним сөздерге тән ерекшеліктер.

IV. Жаңа сабаққа дайындық:

1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу.

2. Сабақ мақсатын түсіндіру.

V. Жаңа сабақ.

- Балалар, біз синоним сөздер, сонымен қатар оларға тән ерекшелігін айттық. Бүгінгі біздің жаңа сабағымыз – синоним сөздерге жаттығу жұмыстарын жүргізу. Сабағымыздың мақсаты – синонимдік қатарды мақсатқа сай қолданып, тіл мәдениетін дамыту, ойымызды көркемдеп, образды түрде жеткізе білу.

аласа

бойшаң

биік тау



- Балалар, өзіміз көріп тұрғандай, тақтада жігіт пен таудың суреті берілген. Оларды бір-бірімен салыстырып көрелік. *Аласа бойлы жігіт, бойшаң жігіт; биік тау.* Осы сөздерді *биік жігіт, бойшаң тау* деп қолдануымызға бола ма екен? (Оқушылар өз ойларын айтады).

- Сонда, балалар, бұдан түйіндейтініміз, синонимдердің өзін де дұрыс мақсатқа сай қолдануымыз керек екен. Олай болса жаңа сабағымызды бастайық.

1. Сурет бойынша жұмыс. «Кім тапқыр?» ойыны

Бұл кім?

Ұстаз, мұғалім, оқытушы




Адам, кісі, жан, пенде




Ер бала, жігіт, ұл, еркек



Қарт, егде, кәрі




Нәресте, сәби, бөпе, бөбек, перзент, бала





Бұл не?

Тағам, ас, тамақ, дәм



Қандай көңіл күй?

Өкіну, опық жеу, бармағын тiстеу, сан соғу Қуану, шаттану, мәз болу



2. Оқулықпен жұмыс. 79-жаттығу (ауызша).

Жануар, хайуан, аң, мақұлық; қасқыр, бөрі, ұлыма, ит-құс; серік, серіктес, жолдас; төрт аяқты дос, ит, төбет.

85-жаттығу (жазбаша). *Жүрегі жарылу* – қуану, көңілі тасу; *тас жүрек* – қатыгез, мейірімсіз...

3. Сергіту сәті. Ерте, ерте, ертеде *Лексика* деген ауыл

болыпты. Сол ауылда *Синоним* деген бай болыпты. Оның балалары өте көп екен. Бай отбасымен өте тату-тәтті өмір сүріпті. Олардың татулығы сондай, тіпті, балаларының

барлығы бірігіп бір үйде тұрыпты. Бай балаларының аттарын *Күшті, Мықты, Қайратты, Қажырлы, Әлді, Қарулы, Сұлу, Әдемі, Әсем, Көркем* деп атапты. Бұл сөздердің мағынасы бір-біріне ұқсас екен, бәлкім, олар сол себепті тату шығар. Олай болса сергіту сәтін «Тату сөздер» деп атап, біз де бір үйде тұратын тату сөздерге айналайық.

(Оқушыларға синоним сөздерді айтқызу).

4. «Кім жылдам?» ойыны.

1. Синоним сөздерді табу. Дұрыс тапсақ жапырақтар сыбдырлап белгі береді.


2. Қандай сөздер артық? Дұрыс шертсең жапырақтар сыбдырлап түсе бастайды.

Синонимдерді тап.

(Дұрыс шертсең жапырақтар сыбдырлап белгі береді).

Қандай сөздер артық?

(Дұрыс шертсең жапырақтар сыбдырлап жерге түсе бастайды).



5. Электронды оқулықпен жұмыс.

№7 интерактивті тапсырма. Синонимдік қатарларды тауып белгілендер.

Абырой да, атақ та, даңқ та – бәрі осы егісте.

№8 интерактивті тапсырма. Сандарды бассаң синоним сыңары шығады. Синонимдік қатарлармен толықтырып жазыңдар.

1. **Туысқан** – туыс, ағайын, жамағайын, тума. 2. **Данышпан** – ұлы, ғұлама, дана, ойшыл. 3. **Қаймығу** – қорқу, сескену, жасқану.

VI. Сабақты қорыту.

Синонимдер қандай жағдайларда қолданылады? (Мәтінде бір рет пайдаланылған сөзді қайталамау үшін; Бір ұғымды түрлі белгілермен жан-жақты сипаттау мақсатында).

Синоним сөздердің дыбысталуында өзгешелік болу керек: бір ғана ұғымды білдіріп, бір ғана сөз табына қатысты.

Синоним қатарындағы сөздердің бәрі бірдей бірінің орынына бірі жұмсала бермейді. Мысалы: *Байыпты ат* деп айта алмаймыз.

Синонимдерді көп білу бір сөзді қайталай беруден арылтады.

VII. Үйге тапсырма. 83-жаттығу. Ережелерді қайталау.

VIII. Бағалау.



Гүлнұр ОСПАНОВА,
Қостанай қаласындағы
№17 орта мектептің
мұғалімі.

ҚАРСЫЛЫҚТЫ САЛАЛАС СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабақ мақсаты: **білімділік** – салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері туралы білімдерін нығайту, құрмалас сөйлемдердің басты белгілерін білу, құрылысын, құрамын ажырату, тыныс белгілерін дұрыс қойып жаза білуге үйрету, жаңа тақырыпты өткен тақырыппен ұштастыра

білу; **дамытушылық** – ынта қойып тыңдау, жазу, талдау машықтарын қалыптастыру, талдау және салыстыра білу дағдыларын жетілдіру, ойларын ауызша жүйелеп жеткізуге дағдыландыру, қазақ тілі сабағына деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – адамгершілікке, мейірімділікке, елжандылыққа, тілін және дінін сыйлай білуге баулу, жүйелі сөйлей білуге тәрбиелеу. **Түрі:** ойын сабақ. **Әдіс-тәсілі:** эвристикалық (іздендіру), сұрақ-жауап, топтастыру, талдау, жинақтау, түсіндіру, әңгімелеу, жаттықтыру, ойландыру, Венн диаграммасы, топтық жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта (ActiveInspire бағдарламасы), үлестірмелі парақшалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, музыка.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру. *Амандасу, түгелдеу. Сабақтың мақсатын хабарлау. Оқушыларды екі топқа бөліп, топбасшысын тағайындау.*

- Бүгінгі сабақ – ерекше сабақ, өйткені біздің жұмысымызды келген қонақтарымыз бағалайды. Бүгінгі сабақта белсенділік танытып, білімдеріңді көрсете алуға тырысасыңдар деп ойлаймын.

2. Үй жұмысын тексеру.

Теориялық жұмыс. Тақтада өткен тақырыптар бойынша пысықтау сұрақтары беріледі.

1. Құрмалас сөйлемге түсінік беріндер. 2. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірлерімен байланысуына қарай қандай түрлерге бөлінеді? 3. Салалас құрмалас сөйлемнің өзіне тән белгілерін атаңдар. 4. Салалас құрмалас сөйлем мағынасына қарай нешеге бөлінеді? Түрлерін атаңдар. 5. Ыңғайлас салалас сөйлемнің ерекшелігін түсіндіріңдер. 6. Себеп-салдардың сөйлемнің басқа түрлерінен айырмашылығы неде?

Практикалық жұмыс. *Теориялық білімдері тексерілген, енді алған білімдерін практикада қолдана алулары*

тексеріледі.

Әр топқа үлестірмелі парақша беріледі, топтың міндеті – берілген тапсырманы лезде орындап шығу, салаластың қай түріне жататынын дәлелдеу.

№1.

Салалас құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңдар. Жасалу жолын түсіндіріңдер. Синтаксистік талдау жасаңдар.

Биыл мектеп бітіремін және Алматыға инженерлік оқуға түсемін.


№2.

Салалас құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңдар. Жасалу жолын түсіндіріңдер. Синтаксистік талдау жасаңдар.


Ол сабаққа дайындалмаған, себебі кеше кітапханадан кітап таба алмады.

Жаңа сабақ.

Тақырыпты түсіндіру (тірек-сызбаларды пайдалану)



Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді басқа мағыналық түрлерімен салыстыру.



Мысалы:

1. Ол менен бұрын кетті, сонда да мен оны қуып жеттім.

2. Баршагүл сәлем беріп еді, - ол қырын қарап кетті.

3. Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі.

Ойын сәті. Тақтада берілген ұяшықтардың астында

жасырын тұрған тапсырмаларды топпен орындау.

10	20	30
10	20	30

Бірінші бағандағы жоғарғы ұяшықтың тапсырмасы

(10)

Берілген сөйлемге сипаттама беріп, байланысу түрін анықтаңдар.

Алыстан мұнар тау көрінеді.

(Жай сөйлем, жақты, жайылма, толымды). *Тау көрінеді – қабысу. Мұнар тау – қабысу. Алыстан көрінеді – жанасу.*

Бірінші бағандағы төменгі ұяшықтың тапсырмасы (10)

Берілген сөйлемге толық сөз құрамдық талдау жасаңдар.

Көз ашқаннан бастап, үш ғасыр бойы қиындықтың шырғамауында жүрді.

Екінші бағандағы жоғарғы ұяшықтың тапсырмасы (20)

Орындалған күй қалай аталады? Қай шығармадан алынған? Әңгіменің мазмұнын еске түсіре отырып, кең жазықтың шетінде мұнартып оқшау тұрған жалаңаш таудың атауын айтыңдар. Таудың атауына фонетикалық талдау жасаңдар.

(Күй атауы: «Нар идірген». Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі.

Ипан тауы деп аталады...).

Екінші бағандағы төменгі ұяшықтың тапсырмасы (20)

Оқылған өлең шумағын жазып алыңдар, қай шығармадан алынғанын табыңдар? Кімнің өлеңі? Өлең шумағынан салалас құрмалас сөйлемді тауып, түрін анықтаңдар.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы?

Үшінші бағандағы жоғарғы ұяшықтың тапсырмасы (30)

Берілген бейнесюжет қай туындыдан алынған? Кімнің шығармасы? Шығарманың басты тақырыбы не? Шығарманың мазмұнына сай қарсылықты салалас сөйлем құрастырып жазыңдар.

(«Қараш-қараш оқиғасы». Мұхтар Әуезовтің туындысы.

Повестің басты тақырыбы: ескі қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік мәселесі).

Үшінші бағандағы төменгі ұяшықтың тапсырмасы (30)

Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, салалас сөйлемнің қай түріне жататынын анықтаңдар. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

1. Қоянды қамыс өлтіреді, (жігітті намыс өлтіреді).
2. Көз – қорқақ, (қол – батыр).
3. Атаның баласы болма, (адамның баласы бол).

Білімді шыңдау(бекіту).

- Балалар, алған білімімізді шыңдау үшін жаттығу жұмыстарын орындаймыз.

111-беттегі 106- жаттығу.

Бұл жаттығуды топпен орындаймыз. Алғашқы үш сөйлемді бірінші топ, яғни «Түсіндірмелі салалас» тобы, ал соңғы үш сөйлемді «Себеп-салдар салалас» тобы орындайды.

Семантикалық картаны толтыру.

№	Құрмалас сөйлемдер	Ыңғай-лас	Себеп-салдар	Қарсылықты
1	Бұл егіннің дәнін қолымнан мен септім ғой, өзгеңнен гөрі менің жаным қаттырақ ауырар еді.			
2	Ағаңның да сенің алдыңнан шықпақ ойы бар еді, – жұмыстан қолы тимеді.			
3	Мұндай шыбыны көп шөл даланы ешбір ауыл жайламайды: жаз айларында ондай шұбарлы жердің масасы мен сонасы қалың болады.			

4	Күн батты, тауды қара көлеңке басты.			
5	Сөз бергенге ерме,– бөз бергенге ер.			

Қорытынды.

Венн диаграммасы арқылы өткен сабақ (себеп-салдар) пен бүгінгі сабақты салыстыру.

1. Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себепін білдіреді.
 2. *Өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті* жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.
 3. Жалғаулықсыз себеп салаластың аражігі үтір мен қос нүкте арқылы ажыратылады.

Байланыс түріне қарай құрмалас сөйлемнің салалас түріне жатады.

1. Жай сөйлемдердің мағыналары бір-бірлеріне қарама-қарсы болып келеді.
 2. *Бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, алайда* жалғаулық шылаулары арқылы байланысады.
 3. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың аражігі үтір мен сызықша арқылы ажыратылады.

Бағалау. 1. Сұрақтарға жауап беру арқылы. 2. Оқушылардың грамматикалық тапсырмаларды орындау кезінде өткен материалдарды пайдалана білуі арқылы.

Үй тапсырмасы. Әдеби шығармалардан қарсылықты салалас сөйлемдерге қатысты 5 сөйлем жазып, синтаксистік талдау жасап келу.

Асқар БЕКҚАСЫМОВ,
Шәкәрім атындағы облыстық
дарынды балаларға арналған
үш тілде оқытатын мамандандырылған
мектептің мұғалімі.
Семей қаласы.

СТИЛЬДЕР. АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға қазақ тіліндегі стильдер жайлы түсінік беру, мәтіндердің стильдік белгілерін таныту; дамытушылық – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен ұштастыру, лексикалық білімдерін молайту, сауатты жазуға үйрету; **тәрбиелік** – ана тілінің өте оралымды, бейнелі, бай тіл екендігін түсіндіру, патриоттыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдіс-тәсілі:** баяндау, сұрақ-жауап, әңгімелеу, талдау. **Көрнекілік:** мәтіндер, көршікелер, сызбалар, интербелсенді тақта арқылы көрсетілетін сызба-нұсқалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

Сабақтың барысы.


I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

Тіл сөйлеу арқылы қалыптасады және сөйлеу арқылы көрінеді, танылады. Сөйлеудің материалдық көрінісі — лебіз. Кісі пікір айтуды (лебізді) тіршілік мақсатына, соған бағынышты коммуникативтік мақсатына сай құрайды. Тілдің коммуникативтік мақсатқа сай құрылған көріністері *стиль* деп сараланады.


Қазақ тілі көп стильден құралады. Әр стильдің лексикалық құрамында, морфологиялық, синтаксистік құрылымында өз ерекшеліктері болады. Әр стильде норма ұстанымы ретінде көрінетін ерекшеліктері бар. Тілді меңгеру, сауатты, жетік жұмсау лебізді стильдік бағытқа сай құрып сөйлеуге байланысты. Тілдесу үстінде қойылатын талаптар *коммуникативтік талаптар* деп аталады.



Ауызекі сөйлеу стилі

Мағлұмат беру (оқулықтың 25-беті).

1. Ауызекі сөйлеу қалай іске асады? (Бетпе-бет кездескенде)
2. Ауызекі сөйлеу неге қызмет етеді? (Пікірлесуге, ой бөлісу әрекеттеріне).
3. Сөз қалай құрылады? (Ықшам құрылады. Эмоциялы болып келеді. Арнайы мәнермен айтылады).
4. Ауызекі тілге ерекшелік беретін лексикалық тұлғалар. (Жергілікті сөздер (кәсіби, диалект). Қарапайым сөздер (күнделікті). Көркем сөздер (теңеу, алмастыру, т.б.)
5. Сөйлемдер қалай құрылады? (Сұраулы сөйлемдер көп болады. Толымсыз болып келеді).



IV. Жаттығулар. 14-жаттығу.

* Ауызекі стиль.

! Жетелеу сұрағы: «Тұңғышбаевскиймін де» деген сөз не үшін қолданылған деп ойлайсың?

/Сөз иесінің лебізіне қуақылық сарын беру/

15-жаттығу.

Әйдәй – одағай, эмоцияны білдіріп тұр. **Қызды-қызды болып жатыр екен** – ауызекі сөйлеуге бейім құрылған баяндауыш. **Тілім байланды** – ауызекі сөйлеуге тән қолданыс әрі эмоцияны білдіріп тұр.

16-жаттығу. Стилін талдау.

V. Бекіту. Тақырып бойынша бірнеше сұрақтар қою.

VI. Бағалау. Сабәққа қатысуларын есепке ала отырып білімді бағалау.

VII. Үйге тапсырма беру. 17-жаттығу.

Көркем шығармадан /Мұхтар Әуезов. «Абай жолы») ауызекі стиль түріне мысалдар теріп жазу.



Шеберлік сыныбы

Алдоңғар ЕГЕУБАЙҰЛЫ,
«Алғабас ауылындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталықпен» мемлекеттік
коммуналдық мекемесінің директоры.

Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

7-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

2004 жылғы 11 қазандағы №1459 жарлығы бойынша
«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың

2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес еліміздің жалпы орта білім беретін мектептері 3 сатылы бейінді оқу жағдайына көшті.

Бірінші саты – бастауыш мектеп. Білім алу 6 жастан басталады. Ал екінші саты – 6-10-сыныптар, жалпы орта білім беру дайындығының негізін қалап, оқушының қоғамдағы өзгерістерге сай әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мен ғылыми дүниетанымын кеңейтуді, сондай-ақ жеке тұлғалық сапаларының қалыптасуын қамтамасыз етуді көздейді. Оқытудың үшінші сатысында (11-12-сыныптар) бейінді оқыту енгізіледі. Бейіндік оқыту дегеніміз – оқушылардың қызығушылығын толық ескере отырып, оқушыны әлеуметтендіруге, мектептің жоғары сатысында оқу үрдісінде саралау және даралау әдісімен оқыту арқылы кәсіби бағыт беру. Бейіндік оқыту – кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі. Бейіндік оқытудың мақсаты – оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құру және оны жүзеге асыру, оқушының отбасында, сынып ұжымында жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытуға мүмкіндік жасау.

Қазақ мектептерінің 7-сыныбының қазақ тілі пәні бойынша 34 сағаттық таңдау курсына арналған бағдарлама қазіргі кездегі озық технологиялардың бірі болып отырған Нұрша Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша жасалды.

Біз ұсынып отырған бағдарлама – қазақ тілінің үлкен бір бөлігі морфология тарауын сатылай кешенді талдау арқылы білуге арналған бағдарлама. Нұрша Оразахынова өзінің «Практикалық қазақ тілі» атты оқу құралында тілдік

бірліктерді тіл білімінің фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис салалары бойынша сатылай кешенді талдап, қажетті тұстарында теориялық материалдарды беріп отырады. Оқу құралында тіл білімінің фонетика саласы бойынша тілдік бірліктерді сөзсазындық (фонологиялық) және дыбыстық-фонетикалық талдау жолдары көрсетілген.

7-сыныпқа арналған курстың бағдарламасы барлығы 17 тақырыптан тұрады. Оның ішінде 16 тақырып 7-сынып оқулығындағы тақырыптық материалдарды сатылай кешенді талдауға арналған болса, соңғысы – ашық тест.

Берілген 16 тақырып сөз таптарының (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік) сөйлемдегі қызметін және сөз тіркесін, күрделі сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін, қиыса, матаса, меңгеріле, қабыса байланысқан сөздерді сатылай кешенді талдауға арналған. Әр тақырыпқа 2 сағат бөлінген.

Таңдау курсының оқу мазмұны ретінде қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін суреттейтін мәтіндер, қазақ халқының мақал-мәтелдері алынды. «Сатылай кешенді талдау» технологиясы арқылы біз балаға білімді кешенді меңгертіп қана қоймай, оның бойында ұлттық құндылықтарды, ұлттық дәстүрлерді, ұлылардан бүгінгі күнге жеткен шешендік сөздерді, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді тереңнен танып білуге мүмкіндік ашуымыз керек. Бұл мағұлматтарды білу арқылы оқушы рухани қажеттілігін жетілдіреді, туған елінің, өскен жерінің, өзінің ұлтының, ата-бабасының тегін, өзіндік ерекшеліктерін үйренеді, оны құрметтеп сақтауға машықтанады. Таңдалып алынған мәтіндердің мамұны оқушыға түсінікті әрі қызықты. Берілген мәтіндер арқылы сабақтың тәрбиелік мақсаты да іске асырылып отырады.

Таңдаулы курстың бағдарламасы орта мектептің мұғалімдері мен оқушыларына шығармашылықпен жұмыс істеуіне кең жол ашады. Бұл бағдарлама бойынша оқып игерілетін тақырыптар оқулықтағы тақырыптармен және жалпы білім беру стандартының бағдарламасымен мазмұны бойынша сәйкес келеді. Сабақ барысында орындалатын талдаулар оқытудың тың, жаңа үлгілерін қолдана отырып сол тақырыптар бойынша баланың білімін тереңдетуге, одан әрі қарай жақсы меңгертуге жағдайлар жасайды. Орта мектеп мұғалімдері бұл бағдарламаны қолдануда өздерінің қалауынша мәтінді таңдап алуларына болады немесе ұсынылып отырған бағдарлама авторының шығарған оқулығын қолдана алады. Бұл бағдарламаны өз тәжірбиесінде қолданған ұстаз сатылай кешенді талдаулар арқылы морфология бөлімі бойынша нақты, тұрақты білім қалыптастыра алады. Бұл талдаулар оқушының мүмкіндігін кеңейтеді, оқушы өзі қызыға отырып өздігінше әрі қарай талдаулар жасай алады.

7-сыныпқа арналған курстың күнтізбелік жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Зат есімнің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді талдау.	2	
2	Сын есімнің емлесін сатылай кешенді талдау.	2	
3	Сын есімнің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді талдау.	2	
4	Сан есімнің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді талдау.	2	

5	Есімдіктердің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді талдау.	2	
6	Етістіктің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді талдау.	2	
7	Есімшелердің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді талдау.	2	
8	Көсемшенің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді талдау.	2	
9	Сөз тіркесін сатылай кешенді талдау.	2	
10	Күрделі сөздерді сатылай кешенді талдау.	2	
11	Тұрақты сөз тіркестерін сатылай кешенді талдау.	2	
12	Қиыса байланысқан сөздерді сатылай кешенді талдау.	2	
13	Матаса байланысқан сөздерді сатылай кешенді талдау.	2	
14	Меңгеріле байланысқан сөздерді сатылай кешенді талдау.	2	
15	Қабыса байланысқан сөздерді сатылай кешенді талдау.	2	
16	Жанаса байланысқан сөздерді сатылай кешенді талдау.	2	
17	Ашық тест.	2	

Индира БЕКЕНОВА,
Жангелдин орта
мектебінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Жангелдин ауданы,
Аралбай ауылы.

«КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ»

(5-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – ертегі мазмұнын түсіндіру, басқа ертегілерден айырмашылығы мен ұқсастығын ажырата білуді үйрету, Кендебай бойындағы адами қасиеттерді нақтылап ашу; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, жоспар құру дағдыларын, өзіндік пікір айту, ауызекі сөйлеу тілі мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – Кендебай мінезін ашу арқылы адамгершілікке, қамқор да мейірімді, адал да қарапайым болуға, айналасындағы адамдарға қол ұшын бере білуге тәрбиелеу.

Түрі: дамыта оқыту. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, айтылым, тыңдалым, «болжау стратегиясы», топтық жұмыс, жеке жұмыс, ойқозғау, Венн диаграммасы, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Күтілетін нәтиже: балалар ертегіден үлгі алады. **Ақпарат құралдары:** интерактивті тақта, слайд. **Қосымша көрнекілік:** бүктемелі альбом, тірек-сызбалар.

Сабак барысы.

Бағдарлау-мотивациялық кезең.

Ұйымдастыру. Сыныпты түгелдеу. Оқушыларды 3 топқа бөлу (үш түрлі қағаз бойынша: қызыл, көк, ақ). Топ жетекшілерін сайлау. Топ жетекшілері жауап беріп отырған

оқушыны белгілеп отырады. Топ мүшелері бір-бірлерін таныстырады.

Мақсат қою. – Балалар, үйге «Керкұла атты Кендебай» ертегісін мұқият оқу тапсырылған болатын. Бүгінгі біздің мақсатымыз – ертегі мазмұнын толық меңгеру, талдау, Кендебай бойындағы ізгі қасиеттерден үлгі алу және шығармашылық қабілеттерімізді барынша көрсете білу.

Тақырыбымыздың негізгі кейіпкері – Кендебайдың мінез-құлқына сәйкес сабағымыздың эпиграфы етіп «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» деген нақыл сөзді алғанды жөн көрдім.

- Балалар, ерлік, батырлық ұғымдарын қалай түсінесіздер?

Ертегідегі Кендебай сынды батырдың адал серігі – Керкұла деген ат. Осы батырлардың серігі – ат туралы қазақ әдебиеті мен мәдениетінде қандай туындыларды білесіңдер?

Кер және құла сөздеріне анықтама беріледі. **Кер** – құла мен торының, **құла** – сары мен жиреннің аралас келуі.

Материалды түсіндіру кезеңі. – Қазір «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің мазмұны бойынша жұмыс жүргізейік.

Мазмұндау жоспары:

1. Кендебайдың дүниеге келуі.
2. Керкұланың тағдыры.
3. Кендебай мен жетім бала.
4. Кендебайдың аралға баруы.
5. Кендебайдың биені күзетуі.
6. Хан бұйрығы.
7. Кендебайдың бұйрықты орындауы.
8. Кендебай мен ханның бір-біріне қойған шарттары.
9. Баланың ата-анасымен қауышуы.
10. Керкұла атты Кендебай батырдың елі.

Әр бала әр тарауды мазмұндайды.

Сөздікпен жұмыс (ұжымдық жұмыс)

1. Алты айдың ішінде алты кез ат болды. (Кез – 71 см-ге тең ұзындық өлшемі).

2. Ерінім жалақ, басым таз болды. (Жалақ – ерінді жалай бөруден жел қақты боп кеберсіген жара).

3. Құндыз жүнді арғымақ құлын туады. (Құндыз – өзен-көлде тіршілік ететін терісі бағалы аң).


4. Зынданның ауызы құлыптаулы. (Зындан – тұтқынға түскен адамдарды жазалау үшін жер астынан қазылған терең ор, апан).

5. Батпан – салмақ өлшемі. Бір батпанда 200-300 грамм ауырлық бар.

Ертегіні талдау кезеңі. Сынып үш топқа бөлінеді. Әр топқа тапсырма беріледі.


1-топ тапсырмасы: «Кейіпкерді таны». Топ сызба дайындайды, сол сызба бойынша әр кейіпкерге мінездеме береді. Жауаптарын ертегінің жолдарымен дәлелдеп отырады.

Ертегінің образдар жүйесіне талдау (флипчартқа түсіру)



2-топ тапсырмасы:

«Керкұла атты Ұқсастығы «Аяз би» ертегісі Кендебай»



3-топ тапсырмасы: Кендебайдың орынында болсаңдар қойшы балаға қандай жақсылық етер едіңдер? (флипчартқа өз ойларын түсіріп дәлелдейді)

Талантты, дарынды оқушыларға тапсырма (жеке жұмыс)

Кендебайдың Керкұланы өсіргендегі үмітін, сүйінішін өз басыңнан кешкендей ойша сезініп көр (ойтолғау).

Үлгерімі төмен оқушыларға тапсырма (жеке оқушылармен жұмыс).



Оқулықпен жұмыс. Қайырымдылығы: жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті. Қамқорлығы: Қарасудың бойындағы жыртық үйлі кедейлерді аң аулап асырауы. Жанашырлығы: жетім баланы жұбатып, әкешешесін тауып беруге уәде беруі. Кішіпейіл: хан қызының ақылын тыңдап, «Айырылғырдың суы айырыл!» деуі. Адалдығы: қолындағы жұлынып қалған құлынның алтын құйрығын ханға табыс етуі. Шыдамдылығы: шаршаса да түні бойы көз ілмей құлынды күзеткендігі. Ақылдылығы: ханға келген шаруасын, өзінің қарапайым адам екендігін айтуы, баланың әке-шешесін босатуға рұқсат сұрағандығы.

Ақпарат-кәртiшкелермен жұмыс (ұжымдық жұмыс).

Көп нүктенің орынына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жазу қажет.

*Күндерде бір күн әйелі босаныпты.
Торсық шеке, аппақ ұл тауыпты.
қуанып, төбелері көкке жетіпті. Баласына
деп ат қойыпты. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті.
..... күнде күліпті, күнде жүріпті. жылда
алып жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын
алып ұрыпты, күрескенін жыға беріпті. Шыңырау құдыққа
құлаған жалғыз өзі тартып шығара
беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті. Бара-бара құлан
атыпты. Құралайды көзінен тигізген
болыпты. Арқар мен киікті, құлан мен маралды
..... үйін тастапты. бойындағы
жыртық үйлі кедейлер қарық болыпты да қалыпты.*

Бекіту.

Рефлексия.

Әр топ өз кейіпкерлеріне хат жазады. (Кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін қолдап немесе ақыл-кеңес беріп өз пікірлерін білдіреді).

Топпен жұмысты бағалау

Аты-жөні	Топ жетекшісі	Өзіндік баға	Мұғалімнің бағасы

Үйге тапсырма: «Менің досымның басынан кешкендері» тақырыбына ертегі өрбітіп жазу.



Қайрат ШӘРІПОВ,
Кешірімхан Бозтаев атындағы
мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Аягөз қаласы.

ОБРАЗДЫҚ ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫНА КЕСТЕЛЕР

Ұстаздық ғұмырымда өзім ойлап тауып, қолданып жүрген образдық талдауға арнаған дидактикалық материалдарымды ұстаздармен бөліскім келіп отыр.

1. Дәйек-мінездеме.



№1 Көкенай – Мәмбетейдің бастаушысы,

Өзі батыр, мінезі қатты кісі...

№7 Көкенай тағы көнбей жатып алды,

Бітім қылмай, неше күн жұрт сандалды.

2. Образды зерттеу кестесі.

Көкенай

	Көкенай ұнататын қасиеттер	Көкенай ұнатпайтын қылықтар
Қасиеттер, қылықтар	Елін сүю, салтын сақтау, қайсарлық, намысшылдық, тәуекелшілдік	Еліне сатқындық жасау, салтты сақтамау, жігерсіздік, намыссыздық
Шығармадан үзінді, дәлел		

3. Салыстыру кестесі.

Әнет баба

Кейіпкер мінезі	Досымның немесе танысымның ұқсастығы, айырмашылығы	Өзімнің ұқсастығым, айырмашылығым
Мейірімді, екі жасты құтқаруға тырысты, өлімге қимады. Әділ, мейірімді ақыл иесі.	Марат – жан досым. Әділдікті сүйеді. Құлық-сұмдықты ұнатпайды. Тіпті, менен ондай қылық байқаса, бетке айтып салады.	Сыныпта бір баланың ұрлығының үстінен түстім. Ренжідім, бірақ ешкімге тіс жармадым. Нәтижесінде оның абыройын сақтадым, сынып ішінде іріткі туған жоқ. Ол қателігін түсінді. Бұл менің ақылдылығым деп ойлаймын.

4. Кейіпкер шешімін салмақтау кестесі

(адамдық борыш, ақылды шешім).

Әнет баба

<p>Кейіпкер өміріндегі, болмысындағы қайшылықтар, оны шешу жолдары</p>	<p>Менің қиыншылықтарды шешу жолым</p>
<p>Салған соң өңкей надан көбік күшке, Қалыпты қайран бабам қиын іске. «Бір Алла, өзіңе аян жүрегім» деп, Байлапты өлтірмекке ертең түсте. Бұл шумақта: Әнет бабаның аяушылығы бар болғанымен, сол қоғамның шырмауынан, заңдылығынан шыға алмау бар. Тірі жанды оққа байлар шешімнің ыңғайы бар.</p>	<p>Адам жаны – Алланың аманаты. Оған адам баласының қиянат қылуын «айуандық» деп түсінген дұрыс. Көкенайды Мамыр өмірін қиғаны үшін, Қалқаманды ата жолынан азғаны үшін туған елінен аластатар едім.</p>

5. Образдық жіктеу.

«Еңлік-Кебек» поэмасы

№	Образдар галереясы	Қандай бейне? (Өз тұжырымың)
1	Еңлік	<p>- Реалистік бейне - Реалистік бейне - Трагедиялық бейне - Батырлық бейне - Аңыз бейне, т.б. 1) Реалистік әрі трагедиялық бейне, себебі Еңлік - тарихта болған адам. Әлеуметтік қайшылық құрбаны. Оған дәлел ретінде Абай жері Ералы жазығындағы Еңлік-Кебек бейітін алуға болады. 2) Тіпті, жыр бойындағы Кеңгірбай, Мамай, Тоқтамыс сияқты кейіпкерлер - тарихта аты белгілі тұлғалар. 3) «Ақтабан шұбырындыдан» кейін тобықты руының Шыңғысқа қоныс аударуы да - шындық.</p>

6. Ұлттық мінез, қасиетке көзқарас кестесі.

Кейіпкер бойындағы ұлттық қасиеттер	Кейіпкер бойындағы ұлттық қасиеттерге өз көзқарасың

7. Ұлттық мінез, нышан, байлам кестесі.

«Қалқаман-Мамыр» поэмасы. Қалқаман мінезі.

Кейіпкер бойындағы ұлттық қасиет	Кейіпкер бойындағы ұлттық қасиеттердің өз бойыңнан табылатыны бар ма?	Ұлттық байлам немесе ғұламалар сөзі
*...Асықтықтан айта алмай, іштен жанып, Құрбымыз деп құр ойнап күледі екен. *Жұмбақ мысал сықылды бір сөз айтты Көңілдегі мақсұтын түйдірмекке..	*Ұялшақтық, қыз алдындағы жауаптылыққа сақтық қасиет менде де бар. Бірақ мен Қалқаманға қарағанда тәуекелшілдеу сияқтымын. Бәлкім, ғашықтықты толық танымағандығымнан болар немесе ұнатқан адамым Мамыр еместігінен шығар. Айтарымды алдымен көзіммен айтамын. Зердем жетіп, көңілі барын сезсем, ебін тауып жұмбақтамай-ақ турасын айтамын.	*Ғашықтың тілі – тілсіз тіл. Көзбен көр де, ішпен біл. *Әдепті байқап сөйлер, арсыз шайқап сөйлер.

<p>Ай, жұртым, мен өлемін, сендер қалдың, Орынына бауыздадың айтқан малдың. «Өз бауырын оққа байлап өлтірді» деп, Қалдырдың обалына мына шалдың.</p>	<p>Өз жаным қысылса шындықты айтуым мүмкін. Сынай қарай білгеніммен сын айтуға дағдыланбағанмын. Өлімге өзімді көпе-көрнеу қию қолымнан келмейді, бірақ намысшылмын.</p>	<p>*Еркек тоқты – құрбандық * Жаным – арымның садағасы. * Ерді намыс өлтіреді.</p>
--	--	--

8. Кейіпкерді әр тараптан бағалау кестесі (кейіпкерге сырт көз, ішкі әлемнің көзқарасы).

Мағауия Абайұлы «Еңлік–Кебек» поэмасы.

Басты кейіпкердің бағасы	Автор бағасы
<p>*Бауырыңды көзің қиып өлтірдің-ау, Кеңгірбай, артық емес ... бағаң *Кеңгірбай ... екенсің дінің қатты, Жүрмісің көрмеймін деп ғарасатты.</p>	<p>Кеңгірбай залым би ғой іші қатты, Жаны ашыған кісі боп суылдатты. Қаны түртіп тұрған соң амал бар ма, Алдау сөзге Кебек ер сене қапты.</p>


9. Композициялық мінездеме кестесі.

		Ұқсас, тағдырлас кейіпкерлер	
		Еңлік	Мамыр
1.	Оқиғаның басталуындағы психологиялық жағдай		
2.	Оқиғаның шарықтау шегіндегі жағдайы		
3.	Оқиғаның аяқталуындағы жағдайы		
4.	Қорытынды пікір		

10. Жанданған образдық талдау кестесі

<p>Менің сүйікті кейіпкерім (жақсы, жаман жақтары, қылықтары, қасиеттері)</p>	<p>Мен үшін ұнамсыз кейіпкер (жақсы, жаман жақтары)</p>

Талдау әдістері: портрет, мінездеме, суреттеме, т.б.



- кара сөзбен, өлеңмен;
- бейнелеу өнерімен;
- актерлік шеберлікпен (монолог, т.б.);
- қуыршақ театры
- аудио, видео құралдар арқылы, т.б.



Гүлбарам ӘБДІКӘРІМОВА,
Қожакент ауылындағы
№184 негізгі мектептің
мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы.

ЗӘМЗӘМ СУЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ислам діні, имандылық жөнінде білімдерін кеңейту, бір-бірінің пікірін құрметтейтін ортаны, білім-білік дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – имандылыққа, Алланы тануға, Ислам шарттарын білуге, адамгершілікке, сыйластыққа, елжандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – түсініп оқу, сөз астарына үңіліп, мағынаны түсіну, түйінді ой айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу, ойларын еркін жеткізе білу және қиялын дамыту,

шығармашылық ізденісін арттыру.

Көрнекілік: интербелсенді тақта, слайд суреттер, «Зәмзәм» интернет роликтері, үлестірмелі материалдар.
Тақырыпты ашу үшін пайдаланылатын оқыту стратегиялары: топтастыру, «Өрнекті ара», «Жинақтау» кестесі, «Жұлдызды жауын», «Жүйрік жады», «Шартараптан» ойындары және «Таразылау» кестесі.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, бейнелеу, тарих, математика.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру:

Оқушыларды түгелдеу.

Зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Сыныпты 4 топқа бөлу: «Иман», «Сенім», «Сабыр», «Ақиқат».

Үйге «Сымайыл» әңгімесі берілген. Оқушылардан түсінігін сұрау.

Жоспары:

1. Ибраһим-Сара-Ажар арасы.
2. Ибраһимнің бала үшін Ажарға үйленуі.
3. Өмірге бала келуі.
4. Қызғаныш.
5. Ибраһимнің Алланың әміріне бойсұнуы.

«Жұлдызды жауын» ойыны арқылы сұрақтар жаудыру.

Интербелсенді тақтада біртіндеп жұлдыздар ашылып, сұрақтар шығады:

1. Алла кім?
2. Құранда неше сүре бар?
3. Адамды Алла қалай жаратты?
4. Адам ата мен Хауа ананы кім азғырды?
5. Сымайыл өмірге қалай келді?
6. Сара қандай сезімде болды?
7. Ибраһим неге Сара өтінішін орындады?

Үй тапсырмасын қорыту.

III. Жаңа сабақ – «Зәмзәм суы». «Өрнекті ара» әдісі бойынша жаңа тақырыпты оқушыларға бөліп беремін, сол бойынша түсінік шығады. Өзім толықтырып түсіндіремін. «Зәмзәм» жөнінде толық мәлімет беремін.

Жаңа сабақ жоспары:

1. Ибраһимнің Аллаға тәуекелін берік ұстауы.
2. Ажардың тағдыр тауқыметіне сабырмен көнуі.
3. Бала шырылы.
4. Алланың шексіз мейірімі.

Сымайылдың өкше тұсынан су шығып жатқан Б.Байділдаевтың суретіне тоқталу. Оқушылардың ойын білу.

Сөздік:

Зәмзәм – зәм-зәм (араб), жиыл-жиыл, тоқта-тоқта.

Интербелсенді тақтадағы картадан және глобустан Мекке мен Мәдинаны көрсету. Мекке, Қағба және Зәмзәм суреттеріне шолу жасау.

Төрт топқа: **«Жинақтау» кестесі.**

Ибраһим	Сара	Ажар	Сымайыл
Пайғамбар. Бала сүйді. Алланың әмірін орындады. Шариғат заңымен жүрді. Аллаға шүкіршілік етті.	Ибраһим әйелі. Бала көрмеді. Қызғанды. Қорланды. Күйеуін үгіттеді. Айтқанын орындатты.	Күң.Кейін Ибраһим әйелі. Ұлды болды. Елсіз жерде қалды. Қиналды. Алла шапағатын көрді. Аллаға разылығын жаудырды.	Бала. Шөлдеді. Шырыл- дады. Әлі кетті. Кенезесі кепті. Алла мейірімін көрді. Суға қанды.

«Таразылау» кестесі.

Сара	Ажар
<p>Әйел. Бала көрмеді. Қызғанышы өрттей жанды. Қорланды. Құсаланды. Ажар мен баланы көргісі келмеді. Айтқанын орындатты.</p>	<p>Әйел. Күң. Ана. Балалы болды. Қиыншылық көрді. Ебелек үшпас елсізде қалды. Баласы үшін безектеді. Алланың әміріне мойынсұнды. Алланың шексіз мейіріміне бөленді.</p>

«Жүйрік жады» ойыны:

1. Әңгіме кейіпкерлері:
2. Зәмзәм суы –
3. Алла мейірімі:
4. Алла –

Оқушылар шығармашылығы. Өз ойларын өлеңмен, қара сөзбен, т.б. беру.

IV. Қорытындылау.

«Шартараптан» ойыны (ғаламтордан сұрақтар келді):

1. Кейіпкер дегеніміз не?
2. Ертегінің түрлерін ата.
3. Адам ата мен Хауа ана тыйым салынған жемісті
жемегенде не болар еді?
4. Алланың шексіз құдіреттілігін қай жерінен
байқадың?
5. Құран Кәрім кімнен кімге, кім арқылы түсті?
4. Зәмзәм суы қайда екен?

Интербелсенді тақтадан «Зәмзәм» тақырыбында бейнекөрініс (видеороликтер) көрсету.

V. Бағалау. Оқушыларды, белсенді топты бағалау, марапаттау.

«ШОҚПАРДАЙ КЕКІЛІ БАР ҚАМЫС ҚҰЛАҚ»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын түсіндіру, «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңіндегі ат бейнесі арқылы жылқы малының қадыр-қасиетін ұғындыру; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта отырып, өздігінен ізденуге, талаптануға ынтасын арттыру, жаңа ақпараттық технологияны қолдану мүмкіндігін жетілдіру; **тәрбиелік** – ұлы ақынға деген құрмет сезімдерін оятып, ақын өлеңі арқылы жылқы малын қастерлеуге, күтіп-баптауға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтастыру, СТО, деңгейлік оқыту, шығармашылық, мәнерлеп оқу, сатылай кешенді талдау. **Көрнекілігі:** ақын портреті, үлестірмелі қағаздар, аттың суреті. **Техникалық құралы:** компьютер, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, биология.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, сабаққа назарын аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Сүйінбай Аронұлының өмірі, шығармашылығы

жайлы хронологиялық кестені дәптерлерінен тексеру.

2. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңін жатқа сұрап, өлеңдегі жаман адам мен жақсы адамның қасиеттерін сұрақ қою арқылы топтастыру. (1-слайд)



III. Жаңа сабаққа психологиялық дайындық.

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жат тоқып ал көңілге.

(Сұлтанмахмұт Торайғыров).

IV. Жаңа сабақты меңгерту.

1. **Таным дерек.** Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын еске түсіріп қысқаша шолу.

1) Абай портреті. (2-слайд)

2) Хронологиялық кесте (3, 4-слайд)

2. **«Әнді сүйсең, менше сүй!».** Оқушыларға «Қара жорға» өлеңін тыңдату. Сұрақ-жауап жүргізу.

- Біз сендермен қандай ән тыңдадық?...

- Иә, дұрыс айтасындар, бұл ән жылқы жайында. Ендеше, бүгінгі сабағымызда Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңіндегі жылқы бейнесімен танысамыз.

3. **«Ер қанаты – ат».** 1) Аттың бейнесін көрсету. (5-слайд)

2) Жылқы қандай жануар? Оқушылардың жауабын тыңдалады.

1-оқушы: - Жылқы (лат. Equus ferus caballus) – тақтұяқтылар отрядының бір тұқымдасы. Жылқы – адамзат өркениетіндегі, әсіресе, дала өркениетіндегі дамудың

жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі. Жылқыны қолға үйрете бастау көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Қолға үйретілген жылқының шаруашылықта маңызы зор. Ол – ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу, әскери және спорттық бағыттарда өсіріледі.

2-оқушы: - Жылқы – үй жануары, төрт түлік малдың бірі. Ол – қасиетті жануар. Оны көлік ретінде пайдаланамыз, мінеміз. Сүті, еті, терісі пайдалы. Сүтінен қымыз жасайды. Ол сусынның емдік қасиеті бар. Жылқы бағатын адамды жылқышы дейді.

3-оқушы: - Жылқының қадір-қасиетіне байланысты қазіргі елтаңбамызда жылқы бейнесі бейнеленген. Жылқы – жеті қазынаның бірі. Жыл санауда жылқының жетінші жыл болып енуінде үлкен мән бар.

4. «Білімдіден шыққан сөз». Өлеңнің зерттелуі жайында түсінік беру.

«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ...» – Абайдың 1886 жылы жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 8 шумақтан тұрады. Бұл шығармада Абайдың суретші-реалист ақын есебіндегі шеберлігі көрінеді. Аттың сыны – жаратылыстың жанды бір бейнесі болған бәйге атқа арналған өлең. Ғасырлар бойында мал өсірумен, көшпелі күйде тірлік еткен елдің ақыны аттың бағасын өзгеше түсінеді. Соның ішінде бәйге аттың орыны мүлде бөлек. Ол қазақтың бағзы заманнан бергі ауызша әдебиетінде де сан алуан «қиял пырағы» болып жырланып келген. Бәйге аттың мүсінін сипаттауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады.

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет Қазан қаласында басылған «Князь бен Зағифа» атты жинақта 1897 жылы жарияланды. Содан кейін Мүрсейіт қолжазбаларында, өлең жинақтарында жарияланады. (Мұхтар Әуезов).

5. «Өлең – сөздің патшасы». Оқушыларға «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқулықтан дауыс ырғағымен мәнерлеп, нақышына келтіріп оқыту.

6. «Сөз маржан». Оқулықтағы сөздік жұмыс бойынша түсінік беру.

Сағақ – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы. *Жерсоғар* – ат тұяғының арт жағындағы қатты жері, өкшелігі. *Ашамайлы* – ашамай салынған деген тамағынада. *Шідерлік* – аттың сирағының шідер салатын жері. *Шідер* – аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салатын тұсау.

Сергіту сәті. Жылқы малы жайлы мақал-мәтел айтқызу:

1. Ат – биеден, аруана – түйеден.
2. Тұлпар шаба жетіледі, сұңқар ұша жетіледі.
3. Ат – құлыннан, батыр – баладан.
4. Ат тұяғын тай басар.
5. Аттың аты – үлкен, түйенің табаны – үлкен.
6. Ер қанаты – ат, сөз қанаты – хат.
7. Аттың сыры иесіне мәлім.
8. Көлдің көркі – құрақ, ердің көркі – пырақ.
9. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар.
10. Аттың бәрі тұлпар болмас, құстың бәрі сұңқар болмас.

V. Жаңа сабақты бекіту.

Күш – білімде. Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.

I деңгей. 1-тапсырма. «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңінен жылқының дене мүшелерін теріп жазыңдар.

2-тапсырма. «Жылқы – тіршілік тірегі» тақырыбында эссе жазу.

II деңгей. 1-тапсырма. «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңінен зат есім, сын есімдерін теріп жазыңдар.

2-тапсырма: «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін қара сөзге айналдырып, сипаттама жазыңдар.

III деңгей. 1-тапсырма. «Шоқпардай кекілі бар қамыс

құлақ» өлеңін сатылай кешенді талдаңдар.

2-тапсырма. Өздерің оқыған батырлар жырындағы Байшұбар, Тайбурыл сипаттары мен Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңіндегі тұлпарлардың арасында өзара үндестік, ұқсастық, айырмашылығын дәптерге жазыңдар.

VI. Жаңа сабақты қорыту. Сұрақ-жауап:

1) Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңі не туралы айтылған? 2) Өлеңде қандай айшықты сөздер кездеседі? 3) Өлеңдегі ат бейнесі қалай суреттелген? 4) Тағы қандай ақындар өз шығармаларында жылқы бейнесін сомдаған? 5) Өлең сендерге несімен ұнады? 6) Бүгінгі сабақ жөніндегі пікірлерің қандай?

VII. Үй тапсырмасын беру:

1. Өлеңнен өздеріне ұнаған 4 жолын жаттау.
2. Ғаламтор желісінен немесе басқа да қосымша әдебиеттерден Абайдың ата тегі туралы мәліметті дәптерге жазып келу.



Берік НҮРМҰХАНОВ,

Ерейментау қаласының

Бөгенбай батыр атындағы

орта мектебінің мұғалімі.

Ақмола облысы.

ЫБЫРАЙ – ШАҒЫН ӘҢГІМЕ ШЕБЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың ақын өмірі мен шығармашылығы, ағартушылық қызметі жөнінде білімдерін тереңдету, өлеңдерінің, әңгімелерінің мазмұнын, тақырыбын, идеясын меңгерту; **дамытушылық**

тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілетін арттыру, өздігінен жұмысқа дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ана тілін қастерлеуге, сөз өнерін дәріптеуге, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа, білімділікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** Ыбырайдың суреті, суреттер, тірек-сызбалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

Ыбырай лирикасы. Өлеңдерін жаттап келу.

Оқушылар өздері дайындап келген тірек-сызбалар арқылы Ыбырай өлеңдері, олардың тақырыбы мен идеясы туралы сөз қозғайды.

- Лирикасы.
- Кім тапқыр?

Ақынның өлеңдерінен үзінді беріліп, жасырынып тұрған сөзді табу, мағынасын ашу және берілген өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқу.

1) Таулардан өзен ағар (сарқыраған)

Айнадай сәуле беріп (жарқыраған)

Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,

Аралап тау мен тасты(арқыраған)

2) Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай (салғызды)

Айшылық алыс (жерлерден)

Көзіңді ашып жұмғанша

Жылдам хабар (алғызды)

3) Араз бол, кедей болсаң(ұрлықпенен)

Кете бер кессе басың (шындықпенен)

4) Атаңды сағындым деп (асығарсың)

Сабаққа көңіл берсең (басыларсың)


Өлең құрылысына теориялық талдау

3. Жаңа тақырыпты меңгерту.

Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын» жазудағы мақсатын, оған енген әңгімелерінің тақырыбын айтып беру (тірек-сызбалар арқылы) Әрі қарай оқушылардың өздері сол әңгімелер бойынша ой өрбітіп, талдау жасайды.


Берілген әңгімелерін оқи отырып, тірек сызбалар арқылы мазмұнын, айтар ойын беру. Композициялық талдау жасау. Осы әңгімелерді талдай отырып, Ыбырай әңгімелеріндегі қандай тәлім-тәрбие жатқандығын айтыңдар.

Мейірімді бала
Атымтай жомарт
Өтіріктің залалы
Сәтемір хан
Бақша ағаштары



Шығарма аты
Авторы
Тақырыбы, идеясы
Жанр түрі
Кейіпкерлері
Мақал-мәтелдер,
нақыл сөздер

Композициялық талдау.



«Суретті тірек нүкте» әдісі. Оқушылар салынған суреттер бойынша әңгімелейді.

– Балалар, біз Ыбырай әңгімелерімен төменгі сыныптардан таныспыз. Мен бүгін сендерге өзімізге таныс әңгімелерден суреттер әкелдім. «Суретті тірек нүктесі» әдісі бойынша суреттерді сөйлетейік:

1. Әңгіме қалай аталады?

2. Қалай ойлайсындар, суретші автор ойын дәл жеткізе білген бе?

3. Осы суреттегі көрініске байланысты қандай мақал-мәтел білесіндер?

4. Егер сен автордың орынында болсаң суретке қандай өзгеріс енгізер едің, неге?

«Жаман жолдас» әңгімесі бойынша сөйлесім

Қандай жолдаспен дос болу керек?

I топ

Тек жақсы доспен достасу керек, өйткені...
Ол қиын жағдайда тастап кетпейді...
Жаман адам тәрбиеге көнбейді...

II топ

Жоқ, жаман жолдас деген болмайды.
Оларды тәрбиелеу керек, өйткені жаман-жаман десек жақсыны қайдан табамыз?...

Сабақты қорыту.

«Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе».

Айтылған ой «Жақсылық тамшысы» атты шығармашылық жұмыс арқылы бекітіледі. Оқушылардың санына сәйкес алдын ала дайындалған тамшы үлгісінде қиылған қағаздар үлестіріледі. Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін сурет салып немесе жазып жеткізеді. Мұғалім тақтадағы ақ қағазға тамшыларды ілуді ұсынады. Тамшыны іліп жатқанда әр бала өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын жария етеді. Мұғалім шығармашылық жұмыс нәтижесін қорытындылайды.

- Балалар, әрқайсыңның тамшыдай жасаған жақсылықтарыңды қосқанда үлкен дарияға (мұғалім тамшылар ілінген плакат астына көкпеңбек дария суретін апарып іледі) айналды. Әр адамның жаны жақсылыққа толы болса, жер бетінде бейбітшілік орнап, адамдар бақытты өмір сүреді.



Элмира КӨКТАЛҚЫЗЫ,

Алматы қаласындағы

№148 мектеп-гимназияның

мұғалімі.

«БАЛА ШОҚАН» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ШОҚАН БЕЙНЕСІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: Сапарғали Бегалиннің шығармашылығы туралы мағлұматтарын кеңейту. **Білімділік** – болашақ ұлы ғалымның бейнесін тану. **Дамытушылық** – жазушының жанр шеберлігіне жеткен биіктігін тану, ұжымдық, топтық, жұптық, жекеленген жұмыстар жүргізу. **Тәрбиелік** – достыққа адал, уәдеге беріктікке, өнерді сүйеге, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, шығармашылық. **Көрнекілігі:** жазушы портреті, интерактивті тақта, слайдтар, кітаптар көрмесі. **Пәнаралық байланыс:** тарих, бейнелеу өнері, география, мүсін өнері.

Сабақтың өту барысы.

Ұйымдастыру: оқушылармен амандасу, сыныптағы оқушыларды түгелдеу.

Үй жұмысын тексеру.

Ойымызды айтайық,

Білімімізді байқайық.

Мына отырған ұстаздар

Қалсын бір сәт марқайып.

Шоқан – қазақтың жарық жұлдызы (эпиграф).

«Жасырынған сұрақтар»:

1. Сапарғали Бегалин «Бала Шоқан» шығармасын қалай жазды? 2. Шоқан Мысықпен қай жерде кездесті? 3. Мысық Шоқанның келгеніне неге қуанды? 4. Мысықтың негізгі ермегі не еді? 5. Мысық жасаған мүсіндерді Шоқан қалай бағалады? 6. Шоқанның қайырымдылығын, уәдеге беріктігін қандай істерінен білуге болады? 7. Шоқанның бала күнгі көргендері мен үйренгендерінің болашақ өмір жолында пайдасы болды ма? 8. Шоқанның уәдеге беріктігі саған ұнады ма? 9. Шоқанның бұл қасиетін әкесі қалай бағалады?

Жаңа сабақ

Шоқан бейнесі (1-кезең).

I топ – «Ізденушілер». II топ – «Саяхатшылар». III топ – «Зерттеушілер».

I топ	II топ	III топ
Шоқан, Мысық, Жақыпқа мінездеме беру	Диалог деген не? (сахналап көр)	Семантикалық картаны толтыру

I топ.

№	Кейіпкер	Мінездеме	Шығармада
1	Шоқан	Қайырымды, әділ, уәдеге берік, өнерді құрметтеу	Мысықты үйіне әкеліп тамақ береді. Киім береді. Інісінің әділетсіз әрекетіне тоқтам салады. Әкесінен сұранып Мысыққа жолығады. Мысықтың жасаған мүсінін әкесіне көрсетіп, қызығушылық танытады.
2	Мысық	Өнерлі, зерек	Мүсін жасайды. Көргенін пайымдай алады.

3	Жақып	Тентек	Үйіне келген балаға сотқар мінезін көрсетеді. Өнерді тани алмайды.
---	-------	--------	--

II топ.

Шығармадан үзінді	Кейіпкерлер						
	Шыңғыс	Шоқан	Жақып	Мысық	Анасы	Теңеу	Әпитет
1. Сен істей ғой, шебер боласың!		+					
2. Ә, жарайды, бара ғой, екі айтпаған жақсы	+						
3. Кездемеден көйлектік шыт жыртып берші					+		
4. Құйрығын қара, тап иттің құйрығы			+				
5. Бауырсақ бересің бе, қант бересің бе?				+			
6. Жолбарыстай, балалардай						+	
7. Кесек денелі							+

III топ. «Шоқан кім?» деген сұраққа жауап іздеу үшін Шоқан әлеміне саяхат жасайды. (2-кезең)



I топ – «Ізденушілер» Шоқан өмірі туралы деректерді айтады. II топ – «Саяхатшылар» Шоқанның саяхаттарына тоқталады. III топ – «Зерттеушілер» Шоқан туралы мәліметтерді қорытады.

Шоқан жайлы лебіздер:

Шоқан тұлғасы таусылмайтын сырға бай ғажайып тұлға ғой. Кейде өзіңмен өзің болып, ой кешіп отырғанда

«Шоқан өмірде рас болды» дегенге сеніңкіремейтінім рас. Келте ғұмырында соншалықты мол еңбекті қалай ғана сыйдырған десеңізші?! **Шыңғыс Айтматов.**

Қазақ жері талай ғұламаларды дүниеге әкелді. Өздерінің барлық ізгі тілектерін жас жеткіншектердің ұлттық дүниетанымының қалыптасуына, дамуына арнаған ағартушыларымыз – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев. Халықтың дүниетанымы өзен болса, ал үшеуі сол өзенге құйған үш саласындай.

Мұхтар Әуезов.

Шоқан Уәлиханов Шығыс әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны бір ауыздан ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы одан маңызы зор ұлы жаңалықтарды ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті...

Н.И.Веселовский.

DVD диск арқылы Шоқан туралы қысқаша бейнефильм көрсету.

Сабакты қорытындылау.

Абылай ханның тікелей ұрпағы – Шоқан Уәлихановтың бойында ата-бабаларынан мұра боп қалған аса мол рухани күш-қуат бар еді.

Таулар алыстаған сайын биіктей түседі. Шоқан Уәлиханов та уақыт өткен сайын дараланып, биікке өрлеп, туған халқымен бірге жасауда. Шоқан мұрасы – халық қазынасы.

- Балалар, жұлдыз дегеніміз не? Ол қайда орналасқан? Жұлдызға жету оңай ма? Оны қалай алуға болады?

Қазақта «Жұлдызың жансын!» деген тілек бар. Мен де сендерге «Жұлдыздарың жансын!» дегім келеді.

Жұлдыз таратып беру.

Оқушыларды бағалау: көк жұлдыз – «5», сары жұлдыз – «4» деген баға.

Үйге тапсырма: «Шоқандай болғым келеді» тақырыбына шығарма жазу.

ӘНШІ-АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ

(10-сынып)

(Бастапқы бөлігі өткен санда)

Ақан сері Қорамсаұлы

1. Ақан сері оқыған медресе:

а) Ахмет Риза; ә) Уәлиахун; б) Ғабұл Жаһар.

2. Ақанның Құлагерді сатып алған адамы:

а) Әлібек; ә) Батырхан; б) Шөкетай.

3. Ақан серіге Қараторғайды сыйға тартқан адам:

а) Сайрат; ә) Шөкетай; б) Әлібек.

4. «Оның өмірі ертегідей әдемі, сұлу өмір» деп
айтқан кім?

а) Мұхтар Әуезов; ә) Сәкен Жүнісов;

б) Мағжан Жұмабаев.

5. «Тұсында сері болсын, пері болсын, Ұнайды өмірімен
Ақан маған» деп жырлаған ақын кім?

а) Мағжан; ә) Ілияс; б) Сәкен.

6. Құлагердің түбіне жеткен дұшпаны:

а) Шамайт; ә) Сағынай; б) Батыраш.

7. Ақанның Құлагердің жүрісіне көңілі толып
шығарған өлеңі:

а) «Құлагер»; ә) «Маңмаңгер»; б) «Көкбесті».

8. Ақанның жігіттің 13 түріне сипаттама берген өлеңі:

- а) «Жігіт сипаты»;
- ә) «Адамның біліміне ақыл серік»;
- б) «Айтамын замандасқа біраз кеңес».

9. Ақынның өмірдің жағымсыз әрекеттерін сынаған өлеңі:

- а) «Жігіттерге»;
- ә) «Жақсы мен жаман»;
- б) «Заманға қарап айтқан сөз».

10. Үзінді ақынның қай өлеңінен алынған?

*Білінер жер жақсысы қыс келгенде,
Көрінер көлдің көркі құс келгенде.
Кімнің алыс-жақыны сонда ашылар,
Басыңа қиын-қыстау іс келгенде.*

- а) «Жақсы мен жаман»;
- ә) «Заманға қарап айтқан сөз»;
- б) «Айтамын замандасқа біраз кеңес».

11. «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасын жазған драматург:

- а) Сәкен Жүнісов; ә) Ілияс Жансүгірұлы;
- б) Ғабит Мүсірепов.

12. Адам бойындағы артық қылық, жан дүниесіндегі кемістік пен даралық, жүріс-тұрыстағы олқылықтар мен орынсыздықтарды сипаттайтын өлеңі:

- а) «Әйелдер сипаты»;
- ә) «Жігіт сипаты»;
- б) «Қыз сипаты».

№	Жауабы	№	Жауабы	№	Жауабы
1	Ә	6	Б	11	Б
2	Б	7	Ә	12	Б
3	Ә	8	Б		
4	Б	9	Ә		
5	Ә	10	А		

Үкілі Ыбырай

1. Ыбырай неше жасында сал атанды?

а) 16; ә) 17; б) 18.

2. Ақынның «Гәкку» әні қай операда, кімнің ариясы ретінде орындалады?

а) «Қыз Жібек», Жібек; ә) «Ер Тарғын», Ақжүніс;
б) «Алпамыс», Гүлбаршын.

3. Ақынның «Арарай» әні қай операда орындалады?

а) «Қыз Жібек»; ә) «Ер Тарғын»; б) «Алпамыс».

4. Ақын «Жас күнімде дауысым жазық далада жеті шақырым жерге жететін еді» деп қай ақынға айтқан?

а) Бейімбет Майлин; ә) Ілияс Жансүгірұлы;
б) Сәкен Сейфуллин.

5. Ақын Қызылжар қазақ жастарының кешінде қандай әнін орындаған?

а) «Гәкку»; ә) «Қалдырған»; б) «Арарай».

6. Ақынның сұлу ырғақты, жаңа үнді, терең мазмұнды лирикалық өлеңі:

а) «Қарақат көз»; ә) «Гәкку»; б) «Қаралдым».

7. Ақынның ғашық жүректен туындаған шығармасы:

а) «Мақпал»; ә) «Қалқа бала»; б) «Гәкку».

8. Ақынның майда жалды, сұлу сәйгүлікті бейнелейтін шығармасы:

а) «Алай көк»; ә) «Қаралдым»; б) «Маңмаңгер».

9. Ақынның кәрілікті мойындап, өз өмірі туралы тереңнен толғаған философиялық өлеңі:

а) «Қалдырған»; ә) «Жиырма бес»; б) «Қаралдым».

10. Ақынның қай шығармасынан алынған үзінді?

Қарақат көзді, сүмбіл шаш,

Пәс мұрын, түйме бас.

Алыстан аңсап келгенде

Ләззатпен, сәулем, аузыңды аш!

а) «Арарай»; ә) «Алғақ»; б) «Алай көк».

11. Ыбырай кіммен айтысында еліне көп сыйлықпен қайтады?

а) Құдайберген; ә) Доскей; б) Орынбай.

12. Ыбырайдың қандай шығармасынан Абай поэзиясымен үндестік байқалады?

а) «Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа»;

ә) «Жиырма бес»;

б) «Маңмаңгер».

№	Жауабы	№	Жауабы	№	Жауабы
1	Б	6	А	11	Ә
2	А	7	Б	12	А
3	Ә	8	Б		
4	Б	9	А		
5	Ә	10	Ә		

Балуан Шолақ

1. Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесіндегі онымен аударысып күш сынасқан бай

а) Тезек төре; ә) Қали Оразбаев; б) Атамқұл.

2. Жәрмеңке өткізу кезіне байланысты шығарған өлеңі:

а) «Діңкілдек; ә) «Желіп-желіп»; б) «Сентябрь».

3. Өмірінде ерекше із қалдырған сұлу:

а) Ақтоқты; ә) Жәмила; б) Ғалия.

4. Балуан қайтыс болған жыл:

а) 1919; ә) 1916; б) 1904.

5. Әкесі Баймырзаның бойындағы өнері:

а) сазгерлік; ә) балуандық; б) зергерлік.

6. Жетісу жеріне неге келді?

а) Қыдырып келді;

ә) Істі болып, бой тасалауға келді;

б) Кененмен кездесіп, айтысуға келді.

7. Анасынан берілген қасиет:

а) сазгерлік; ә) балуандық; б) қолөнер.

8. Омбы қаласына барған сапарында кіммен күресіп

жеңеді?

а) Карон; ә) Севр; б) Қажымұқан.

9. Орда бұзар 30-ға келгенде неше пұт гирдің тасын көтерді? а) 800 кг; ә) 850 кг; б) 816 кг.

10. Балуанның жан серігі не?

а) Ғайныкей; ә) Ғалия; б) Ақбоз ат.

11. Балуан Жетісу жерінде кіммен кездеседі?

а) Жамбылмен; ә) Сәбитпен; б) Ақан серімен.

№	Жауабы	№	Жауабы
1	Б	7	Ә
2	Б	8	Ә
3	Б	9	Б
4	А	10	Б
5	Б	11	А
6	А	12	

Әсет Найманбайұлы

1. Әсет ақын қай жылы туған?

а) 1867; ә) 1922; б) 1870.

2. Әсеттің салт-дәстүрге арнаған шығармасы:

а) «Беташар»; ә) «Қарагөз»; б) «Маманға».

3. Әсеттің ақындық мұрасын неше топқа бөлуге болады? а) 2; ә) 5; б) 3.

4. Әсет өлеңдерінің ішінде халыққа айырықша танымал бөлігі қай өлеңдері?

а) арнау; ә) өсиет; б) ән.

5. Ақынның қазақтың аңғалдығын, саудаға икемі жоқтығын әшкерелейтін өлеңі:

а) «Іледегі керуен сарай»;

ә) «Ұраным – арғын шордан қаракесек»;

б) «Қанағатқа».

6. Әсеттің гуманистік идеясын айырықша танытатын шығармасы:

а) «Салиха-Сәмен»; ә) «Француз»; б) «Кешубай».

7. Әйім, Қайша, Сәмсая ақынның қай шығармасының

кейіпкері? а) «Ағаш ат»; ә) «Үш жетім қыз»; б) «Кешубай».

8. Жетісудың атақты ақыны Бақтыбаймен ақын қай аста кездесіп айтысады?

- а) Сағынай асында; ә) Жаңабайдың асында;
б) Бөжейдің асында.

9. Патша өкіметінің отарлау саясаты ақынның қай шығармасына өзек болған?

- а) «Сен үшін жаным құрбан»; ә) «Кешубай»;
б) «Үш баланың әңгімесі».

10. Ақынның өзі аударып, өзі қисса етіп жырлаған шығармасы:

- а) «Евгений Онегин»; ә) «Салиха-Сәмен»; б) «Ағаш ат».

11. Әсет пен Ырысжанның айтысы айтыстың қай түріне жатады?

- а) ақындар айтысы; ә) жұмбақ айтысы; б) бәдік айтысы.

12. Ахмет Жұбанов Әсеттің қай әнін «Әсет шығармашылығының шыңы» деп бағалаған?

- а) «Инжу-маржан»; ә) «Ардақ»; б) «Тәтежан».

13. Ақынның ақтық демі, жүрек тебіренер жан азасын білдіретін шығармасы:

- а) «Фәни дүние»; ә) «Өсиетнама»; б) «Ақырғы сөз».

14. Әсет әндерін бүгінгі ұрпаққа жеткізуші, үздік орындаушы кім?

- а) Жәнібек Кәрменов; ә) Дәнеш Рақышев;
б) Қайрат Байбосынов.

15. Әсет туралы роман-новелла жазған жазушы:

- а) Б.Нұржекеев; ә) Қ.Толыбаев; б) Б.Адамбаев.

№	Жауабы	№	Жауабы	№	Жауабы
1	А	7	Ә	13	Б
2	А	8	Ә	14	Ә
3	Б	9	Ә	15	Ә
4	Б	10	А		
5	А	11	Ә		
6	Ә	12	А		

БАЛА ТҰРАР

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – шығармадағы бала Тұрардың бейнесіне талдау жасай отырып, автор мұратын ұғындыру, автор туралы кеңінен мәлімет беру; **дамытушылық** – мәтіннен Тұрардың іс-әрекеттеріне баға беру арқылы өзіндік көзқарасын жетілдіру, проблемалық сұрақтар арқылы жинақтау дағдысын дамыту; **тәрбиелік** – шығарма арқауы – тарихи шындық екенін түсіндіре отырып, Тұрар бойындағы қасиеттер арқылы бауырмалдыққа, шыдамдылыққа, қайсарлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: қорыту сабағы. **Типі:** білік пен дағдыны қалыптастыру. **Әдісі:** талдау, сұрақ-жауап, көркем мәтінмен жұмыс, проблемалық ізденіс. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Көрнекілік:** Тұрар, Шерхан портреттері.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын тексеру:

1. Тараулары бойынша мазмұндау.
2. Әке туралы мақал-мәтел жазып келу.

Жаңа сабақ.

Біздің бүгінгі сабағымыз – өткен сабақтарымыздың жалғасы.

Ойқозғау. Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығы туралы не білеміз?


«Топтастыру» стратегиясы.



Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс

1. Тұрардың басынан өткен қиындықтар мәтінде қалай, кімнің сөзі арқылы берілген?
2. Приходько Рысқұлдың тілегін қабыл алғанда қандай мақсат көздеді?
3. Тұрар кімнің істерін өнеге тұтты?
4. Тұрардың түрмеде болу себебі не?
5. Тұрар келген күні әке мен бала қалай ұйықтады? (оқулықтан табу)
6. Тұрарды надзиратель қалай мұқатты?
7. Бронников надзирательге қалай айқайлады?
8. Гимназия алдына барғанда Тұрар нені көріп, нені армандаушы еді?
9. Әкесін Сібірге алып бара жатқанда әкесі мен баланың арасын не жалғастырады?
10. Аркадийге мінездеме бер.
11. Наташаға мінездеме бер.
12. Бронниковтың айдалып бара жатқан Рысқұлға берген қоштасу белгісі қандай еді?
13. Әке мен баланың арасындағы сүйіспеншілікті жазушы қалай суреттеген?
14. Атамырза қандай бала?
15. Шығармада Тұрармен жасы шамалас балалар бар ма?

Венн диаграммасы



Сөздік жұмысы:

1. *Камера* – түрмедегі тұтқын бөлмесі.
2. *Губернатор* – Жетісу аймағының губерния басшысы.
3. *Надзиратель*

түрме бақылаушысы. 4. *Кафедральды собор* – шіркеу.
 5. *Шуда* – түйе жүнінен иірілген жіп. 6. *Каторга* – жер
 аударылған қылмыстыларға жұмыс істететін өте алыс жер.

Тұрар Рысқұловтың өмір жолы мен өсу жолдары

Жылдар	Болған оқиғалар
1894. XII.26.	Алматы облысының Талғар ауданындағы Бесағашта дүниеге келген.
1907-1910 ж.	Меркедегі туыстарына барады. Орыс-қазақ бастауыш мектебінде оқып, оны үздік бітіріп шықты.
1910-1914 ж.	Бішкектегі I дәрежелі ауыл шаруашылық мектебін тәмамдайды.
1915 ж.	Ташкенттегі мұғалімдер институтына түседі.
1916 ж.	Ұлт-азаттық көтеріліс басталып, оған қатысады.
1918 ж.	21жаста Түркістан Республикасында Аштықпен күрес орталық комиссиясының төрағасы болады.
1924 ж.	Моңғолияға өкіл етіп жібереді.
1932-1933 ж.	Қазақ халқының жер бетінен жойылып кетпеуі үшін бел буып күресті.
1938 ж. 10-ақпан	Ату жазасына кесілді.

Өз пікірін дәлелдеу.

Тұрардың өзі айтпақшы , ол саналы түрде екі қылмыс жасады. Қандай қылмыс? Тұрар әрекетін қалай бағалайсындар?

Ой шақыру.

Тұрар түрмеден қандай сабақ алды?

Тұрар бойындағы шыдамдылық, өжеттілік, байқампаздық секілді қасиеттері әкесі Рысқұлдан дарыды деуге болады.

Қорыту.

Шерхан Мұртаза Тұрар бейнесі арқылы қарама-қайшылыққа тұнған қазақ халқының тарихындағы ең ауыр кезеңді баян етті және оны шынайы суреттей білді.

«Атадан асыл ұл туса, елінің қамын жейді; атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді» демекші, Тұрар Рысқұловтай халықтың қамын ойлайтын қайраткер бола біліңіздер.

Үйге тапсырма: «Жақсы бала жеткізеді мұратқа» (шығарма).

«ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТҮРК» ТІЛІНДЕГІ САН КОМПОНЕНТТІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ СИПАТЫ

Мақал-мәтелдерді жасауға негіз, тірек болатын сандар дүниенің тілдік бейнесі мен концептуалдық бейнесін жалғастырушы категориялық белгі, тілдік этномәдени жүйенің сандық коды қызметін атқаратындығымен ерекшеленеді. Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрк» ескерткішінде берілген мақал-мәтелдерді бүгінгі тілімізде қолданып жүрген мақал-мәтелдермен салыстыра зерттеудің өзіндік мәні бар.

Фразеологизмдерге ұйытқы сөз, тірек сөз ретінде де жиі қолданылатын, киелі саналатын 7, 9, 18, т.б. сандарының сандық мағынасына қарағанда, басқа сапада қолданылуы олардың сан қырлы тілдік сипатын халық мәдениетімен, дүниетанымымен байланыстыра қарауға болатынын көрсетеді. Мысалы: *йеті иқлим, он сәкиз мың алам, йеті қат йер, т.б.* «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі – халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр» деген Исмет Кеңесбаевтың сан есімнен жасалған фразеологизмдер туралы пікірі орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі тұрақты тіркестерге де қатысы бар деуге болады [Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., «Ғылым», 1977, 11-б.].

Бір, екі, үш сан есімдері нақты мағынаны білдіреді.

Бір тилкү терисин икиле соймас.

Бір түлкінің терісін екі қайтара соймас (МҚ ІІІ 329).

Р.Досжан өзінің докторлық диссертациясында *бір* сан есімінің қызметі мен мағынасы жөнінде былай дейді: «Бір сөзі көмекшілік қызметте неғайбілдік, белгісіздік мағынаны білдіреді *Йетар башқа бір күн бу тил бошлуғы* – Тілінің жүгенсіздігі бір күні басыңа жетеді (АЙ 136). Бір күн тіркесінің құрамында келіп, әйтеуір бір күні, қашан екені белгісіз күнді айтып тұр.

Бірдей, тең мағыналарында жұмсалады. *Ата бір, ана бір уйалар бу халқ.* – Бұл халық бір ата, бір анадан өрбіген (АЙ 291)» [XI-XII ғ. жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы. А., 2009, 162-б.].

Мақал-мәтелдерде *бір* сан есімі қосымшасыз келіп сандық, мөлшерлік, өлшемдік мән береді.

Бір қарға бірле қыш келмес.

Бір қарғаменен қыс келмес (МҚ II 44).

Біріншіден, бір нақты сандық ұғымды, екіншіден, аз мөлшерді білдіріп тұр. Бұл мақал ісіне қолғабыс бермекші досының кешіккеніне күйзелмей, сабыр етіп, өз шаруасын тындыра беруді кеңесетеді. Екінші бір жағынан алғанда, қазіргі «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дегендей, «Жалғыз адам қорған, жалғыз ағаш орман болмайтындығын» ескертіп тұр. Бұл мақалдағы *бір* сөзінің өзіндік мәні бар. *Бір* сөзі сөйлемнің мәнін ашып тұр, ерекше екпін түсіріле айтылып тұр. Басқа сан есім айтылмай, *бірді* айтуының өзінде мөлшерлік (аз) ұғым жатыр. Осындай мән үстеуден туындаған болу керек, бір мен көптік мән үстейтін белгілі бір (жүз, мың) сандар, көптік мәнді сөздер салыстырыла айтылады: «Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар», «Бір күндік тойдың мың күндік өкпесі бар», «Бір ауылда мың туысың болғанша, Әр ауылда бір туысың болсын», «Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді», «Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі».

Мұндағы *мың, жүз* сандары да нақты санды емес, ауыспалы мағынада «көп» деген мағынаны білдіріп тұр.

Бір тойын башы ағырса,

Қамұз тойын башы ағырмас.

Бір молданың басы ауырса,

Күллі молданың басы ауырмас (МҚ I 324).

Қолдашықа мың йағақ,

Барша биле айрұқ тайақ.

Тіленшіге мың жаңғақ,

Бәріне қоса таянышқа бір асатаяқ (МҚ I 477).

Бір сөзінің мағынасына қарама-қарсы *күллі, барша*

сөздерінің қолданылуы мақал-мәтелдердің табиғатына жақын нақтылық пен көптік, жалғыздық пен көптік мәндерін бір-бірімен тоқайластыру, біріктіру мағынасында өзге де *егіз, қос, жарты, жарым, жеке, дара, жалғыз*, т.б. сан мағынасын білдіретін сөздердің мақал-мәтелдерде кеңінен қолданылуына алып келді. Мұндай мақал-мәтелдер тілімізде молынан кездеседі. Мысалы: «Жалғыз жігіт жарымас», «Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз кірпіш қорған болмас», «Екі жарты – бір бүтін».

Екі сан есімі де екеу ара болатын әрекеттерге қатысты айтылады.

Икки бұғра икешүр отра көкегүн йаншылар.

Екі бура үйкесер, ортасында көк шыбын жаншылар.

Қағұн қарма болса идзиси икки елкин тегир.

Қауын қолды болса, иесі екі қолымен тартар (МҚ I 470).

Екі санын да дәстүрлі сандардың қатарына жатқызуға болады. Екі саны қазіргі мақал-мәтелдерде жұп, егіз, қос сияқты сандық ұғымды білдіретін сөздермен мағыналас. Осы мәндік сипатына қарай болу керек, көбінесе, қарама-қайшылық мәнде жұмсалады. «Екі кісі қағысса, бір кісіге орын бар», «Екі жақсы қосылса, Ай мен Күндей жарасар; Екі жаман қосылса, ырылдасып таласар», «Қонақ бір күн қонса – құт, Екі күн қонса – жұт», «Жігіттің екі өнері бар: атқан да жыққан, ашқан да оқыған».

Мақал-мәтелдерге ұйытқы болып келетін, киелі саналатын есептік сандардың бірі – *қырық*. *Қырық* саны да нақтылы санды емес, орта деңгейдегі сандық мөлшерді білдірсе керек.

Сашыратғұдын қорқмыш құш

Қырық жыл адзры йығаш үзе қонмас.

Шашыратқыдан қорыққан құс

Қырық жыл ағаш үстіне қонбас (МҚ II 476).

Мысалдағы берілген сан нақты емес. Қырық жыл бойы құсты ешкім де қадағалаған емес. *Қырық* санының бір емес, бірнеше мақалдарда келуінің әр түрлі себебі болу керек. Орта деңгейдегі сандық мөлшер деп отырғанымыз – адамның жасына байланысты пайда болған ұғым. Қырықтан асқан адамды орта жастағы адам дейді. Бұл жас – адамның ақыл-ойы толып, жетілген, кемелденген кезеңі. Сондықтан халқымыз «Жақсы кісі қырыққында толады. Жаман кісі қырыққында солады» дейді.

«Қызға – қырық үйден тию» дегенде қырық аз санды көрсетіп тұрған жоқ. Әлі тұрмыс құрып, өз жолын тауып кетпеген, ақылы кіріп толыспаған, аңғырттығы мол жас қызға жөн сілтеп, көп ақыл айтылуы қажеттігін, көп істерде тыйым салып отырудың қажеттігін айтады. Қыз баланың ойнақтап жүріп от баспауына әке-шешеден бөлек ағайын-туыс болып, ауыл-аймақ болып атсалысуын ескертіп отыр. Осындай мақал-мәтелдің астарында үлкен ой, тұжырым, қазақы дәстүр жатыр.

Қырық йылқа тегин бай шығай түзлинүр.

Қырық жылға дейін бай мен кедей теңесер (МҚ I 406).

Мұсылман халықтары үшін жеті санының да орыны бөлек. Көптеген дүниелер жеті санымен байланыстыра айтылады. Оның сыры толықтай ашылып та болмаған сияқты. Мысалы, «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі», «Жетімнің қарыны – жетеу», «Жетіге дейін жерден таяқ жейді», «Алып алты, жеп жеті болмайсың», «Кедейдің жеті қаңтаруы бар» (Кесірі бар» деген мағынада), «Айла – алтау, ақыл – жетеу».

Орта ғасырларда жеті санына байланысты мақал-мәтелдер көп емес.

Йети башлығ йел бүке.

Жеті басты аждаһа (МҚ III307).

Әр уақытта жеті саны белгілі бір наным-сеніммен, аңызбен, сеніммен байланысты деп те айта беруге болмайды. Кейбір атау ұғым нақты санмен де байланысты болуы мүмкін. Махмұд Қашқарида берілген «*жетти қат көк*» – жеті қат көк (МҚ III 27), *Йетигән* – Жетіген (Жетіқарақшы) (МҚ III247 ҚБ 177) тікелей *жеті* санына байланысты туындаған.



Фатима СУВАНБАЕВА,
Әл Фараби атындағы
ҚазҰУ магистранты.

ТҮБІРГЕ СІҢІСКЕН КӨНЕ ЖҰРНАҚТАР

Тіл – үнемі қозғалыста болатын, үздіксіз дамып отыратын құбылыс. Уақыт өткен сайын кей сөздер мағыналық жағымен қатар тұлғалық жағын да жоғалтып жатады. Қазақтың белгілі ғалымы К.Аханов «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде (А., «Санат», 1983) «Сөздердің құрылымдық элементтерінің мағыналары күңгірттенбей және олардың жігі көмескіленбей тұрғанда сөздердің морфемалық құрамы оңай ажыратылады, бірақ бұл барлық уақытта осылай бола бермейді. Кейбір сөздердің құрамындағы морфемалардың мағыналары мүлдем көмескіленіп, олардың бір-бірімен жігі ажырамайды да, соның нәтижесінде морфемаларға мүшеленбейтін қалыпқа жетеді» деп [227-229-б.] тілдің даму барысында сөздердің құрамында елеулі өзгерістер болатынын айтады. Бұлай болудың сыры мынада: «Сөздердің құрамындағы морфемалардың шегі ауысып, олардың морфологиялық құрылымының өзгеруі қалай болса солай емес, белгілі бір грамматикалық үдерістерінің әсерінен болады». В.А.Богородицкий сөздердің морфологиялық құрылымының

өзгеруіне себепкер болатын грамматикалық морфологиялық үдерістерінің қатарына сіңісу (опрощение) құбылысы мен жылысу (переразложение) құбылысын жатқызады. Ғалымның айтқанына құлақ асатын болсақ, сөздердің құрамдарының өзгеруі, сәйкесінше кейбір сөздердің мағыналарының да өзгеруі – тарихи құбылыс. Уақыт өте келе кей түбірлерге жұрнақтардың жалғануы арқылы жаңа мағынаға ие болып, мүлдем ажырамастай бір бүтін түбір ретінде қарастырылып жүр. Сөздердің құрамының өзгеруіне қандай үдерістер әсер еткеніне тереңірек тоқталайық.

Тілдің даму барысында кейбір сөздердің құрамындағы морфемалар мағыналарынан айырылады, жаңа мағынаға ие болады. Ондай сөздер морфемаларға ажыратылып, мүшеленбейтін сөздер ретінде ұғынылады. Сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олардың бір-біріне кірігіп кетуіне, соның нәтижесінде сөз жігінің әбден күңгірттеніп, морфемаларға мүшеленбеуіне әкелетін морфологиялық үдеріс сіңісу құбылысы деп аталады. Үдеріс негізінде пайда болған сөздің қандай морфемалардан құралғаны бірден аңғарылмайды, оның жігін лингвистикалық анализ жасау арқылы ғана анықтауға болады.

Морфологиялық сіңісу үдерісінде сөздің түбірлес, төркіндес сөздермен байланысы көмескіленіп, ол байланыс бірте-бірте жойылады да, құрамындағы морфемалары өзара бір-бірімен кірігіп (сіңісіп) кеткен сөздер (немесе сіңіскен түбірлер) өзімен түбірлес (төркіндес) сөздерден оқшауланып алшақтайды. Мысалы, *жақ (жазу), жан (жану), жалын, жарық* деген сөздер шығу төркіні жағынан алғанда о баста бір ғана түбір, бір түбірден тараған түбірлес сөздер болғанымен, қазірде бұл сөздер бір түбірден тараған түбірлес сөздер ретінде емес, бір-біріне төркіндестігі жоқ сөздер ретінде танылады. Мұның өзі морфологиялық сіңісу үдерісінің барысында алғашқы түбір морфеманың мағыналық дербестігінен айырылып, түбір морфема мен аффикстік морфеманың жігінің жойылып кетуінен болады. Түбірге сіңіскен көне жұрнақтардың ішінде зат есім тудыратын

жұрнақтар өнімділігі жағынан басқа сөз табын тудыруда әлдеқайда жоғары болып келеді. Түбірге сіңісіп кеткен **-қы** (**-ғы, -кі, -гі**), **-ық, -ік, -а, -е, -й** жұрнақтары арқылы қазіргі тілімізде өмір сүріп жатқан сөздер көп, бірақ оларды ешкім түбір мен жұрнаққа бөліп қарастырмайды. Себебі беретін мағынасы тек сіңісу құбылысы нәтижесінде пайда болған. Мысалы: **Ауызғы**. *Үй ішіне кіре берістегі, алдыңғы. Ауызғы бөлме . Әлеуетті дүлей қатын екен, бір бұлқынғанда-ақ болысты бөксесімен ұшырып түсірді де, есікті ашып, ауызғы үйге атып шықты* (Ш.Смаханұлы). *Ауызғы* сөзінің түбірі *ауыз*, яғни, адам мен жан-жануарлардың тамақтанатын мүшесі, сөйлеу мүшесі, дыбыстау мағынасында, т.б. айтылады. Ал *ауызғы* сөзі мүлдем басқа мағынаға ие болып тұрғаны белгілі.

Батқы. *Өрнек, бедер. Өкшесін көкпен ойған қызыл кебіс. Орнатып қойма тақа, батқы салған* (И.Байзақов). Этимологиялық тұрғыдан *батқы* сөзінің түбірі – *бат*, **-қы** – туынды зат есім тудыратын жұрнақ. *Бат* – су астына кету, сіңу, батпаққа, қарға малтығу, қатты тию, ауырту, күн, айдың ұясына кіруі, бойға тарау, сіңу, бір нәрседен қаймығу, имену мағыналарын білдіреді. *Батқы* сөзінің семантикасы бұдан өзгеше, өрнек, бедер мағынасында. Тілімізде *батқы* сөзі түбір мен қосымшаға бөлінбей, сол күйінде қабылданады.

Келтірілген мысалдардан байқап отырғанымыздай сіңісу құбылысының әсерінен сөздер түбір мен жұрнаққа бөлінбей, біртұтас сөз ретінде тілімізге сіңіп кеткен.

Құранды (күрделі) жұрнақтардың жасалуына морфологиялық сіңісу үдерісінің де қатысы бар. Орыс тіліндегі құранды (күрделі) жұрнақтардың морфологиялық сіңісу үдерісінің нәтижесінде жасалғандығы жайында А.А.Реформатский былай дейді: «...сіңісу деп аталған осындай үдеріс бойынша түбірлердің аффикстермен қосылып бірігуінің нәтижесінде негіздер болады, ал аффикстердің аффикстермен қосылып бірігуінің нәтижесінде құранды аффикстер пайда болады [Введение в языковедение. М., «Аспект Пресс», 1996, 175-б.]. Мұндай тұжырымды мына бір

деректер дәлелдей түседі: *тіршілік* деген сөздің құрамындағы *-шілік* құранды жұрнағының алғашқы сыңары (-ші) күй, ән, ел, егін сияқты сөздерге жалғанып, *күйші, әнші, елші, егінші* тәрізді зат есімдер тудыратын жұрнақ екені даусыз. Бірақ аталған жұрнақ (-ші) *тірі* деген түбірге жалғанғанымен одан күйші, әнші, елші, егінші тәрізді өз алдына дербес қолданылатын алатындай туынды сөз жасалынбайды (*тірші* деуге болмайды). Аталған жұрнақ тіршілік сөзінің құрамында түбірден (*тірі*) сусып келесі жұрнаққа (-лік) қосылған да, біртұтас құранды жұрнақ жасалған. Бұл құранды жұрнақтың (-шілік) бірінші элементі (-ші) түбірден ажырап, келесі жұрнаққа (-лік) сіңісуі, әрине, жылысу үдерісінің нәтижесінде болған. Ал құранды жұрнақтың жасалуына морфологиялық сіңісу үдерісінің қатысы бар дегенде, тілдегі мына жағдай негізге алынады: *әншілік, егіншілік* деген сөздердің құрамындағы -ші жұрнағы түбірлерден де немесе негіздерден де (ән, егін), өзінен кейінгі жұрнақтан да (-лік) ажырап бөліне алса, *тіршілік* сөзіндегі -шілік деген құранды жұрнақтың құрамынан оның бірінші сыңары (-ші жұрнағы) бөлініп кете алмайды.

Айтылған баяндауларды қорытындылай келіп, сіңіскен аффикстерге мынадай анықтама беруге болады: «Сіңіскен аффикс деп морфологиялық сіңісу үдерісіне әр басқа аффикстердің ажырамастай болып, бір-біріне әбден кірігіп, бұл күнде біртұтас морфема (аффикс) ретінде ұғынылатын көмекші морфеманы (аффиксті) айтамыз [Тіл біліміне кіріспе. 299-б.]. Бұл жерде сіңіскен аффикстер мен құранды аффикстерді бір-бірінен ажыратуға қатысты негізгі ұстанымды бір мәселеге тоқталар болсақ, түркі тілдерінің грамматикаларында, соның ішінде қазақ тілінің әр түрлі грамматикаларында және жеке еңбектерде сіңіскен аффикстер мен «құранды (немесе күрделі) жұрнақтар» деп аталып жүрген аффикстердің шегі бір-бірінен ажыратылмай, олар бір ғана атаумен аталып жүр. Сіңіскен аффикстер мен құранды жұрнақтар деп аталып жүрген аффикстердің өзара ұқсас жағы бар екені даусыз, бірақ бұл екеуі бір емес, екеуі — екі бөлек қарастыруға келетін мәселе.

Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ,
Бекежан Сүлейменов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы.

ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН ЖЕТКЕН САЗ

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының Айшуақ аталатын өңірі – талай өнер иелерінің шабытын арнасынан асыра төккен құтты мекен. Бір шетін Ұлы Борсық құмы жиектеп, бір шетін Арал теңізі шайған, бір шеті Доңыз тау мен кәрі Мұғалжар сілемдерімен көмкерілген өлкенің әр қыры мен ойпаты – тұнып тұрған шежіре.

Әлиманың әні. Қабыл дәулеті асқан ауқатты адам екен. Ол қырғыз руының қызы Бойтымды әйелдікке алады. Нар тұлғалы, көкшіл көзді сары бәйбішеден 3 қыз, 2 ер бала туады. Үлкен қызы Әлима 17 жасында Қоңырат елінің «Үшмойнақ» деген жеріне «Татыран-Күлік» руының адамына атастырылып ұзатылады. Күйеуі белді жердің адамы болса керек, сол кезде алпыс жаста екен, нармен келіп, Әлиманы атпен алып қайтады. Қабыл тоғыз күн той жасап, ойынды қыздыртып, жыршыларды шақыртады, ән салдыртады. Ақындық таланты бар әрі ән салатын өнерлі Әлиманы ауыл жұртшылығы қадір тұтқан. Әлима әмеңгерлік жолмен ұзатылған. Өзінен үш мүшел жас үлкен күйеуін қомсынып, көңілі жасып:

Құйрығы торы тайдың келтеңдейді,

Сықпатын көрмейсің бе біздің байдың?!

Біреудің жалғызы да өтіп жатыр,

Өмірі ұзақ болады осындайдың, – деп қосағының өзіне тең жар болмағанына мұңаяды.

Аққудай көл шайқаған Әлима едім,

Қор болдым Бесқаланың шабағына, – деп өзін көл

шайқаған аққуға баласа, күйеуін шалшықтағы шабаққа
теңейді. Еріксіз жат жұртқа кетіп бара жатқан қыз:

Толмаған он жетіге жасым, әке,

Жүріп ем күліп-ойнап тасып, әке.

Баланың қыз да болса үлкені едім,

Сыймады-ау өз үйіме басым, әке,— деп қам көңілдігін,
өкесіне деген өкпе-назын жасыра алмайды.

Айшуақта Әлиманың шөбере інісі Әпу ақсақал (қазір
марқұм болып кетті) тұрады.1938 жылы Әпу он бес
жасында Қоңыратқа апасы Әлиманы іздеп барады. «Әлима
апамның бейнесі әлі көз алдымда: денесі мол пішілген
келісті сары бәйбіше еді. Өзінің шаруа жайын әңгіме
еткенде сөзге шебер, тындар құлаққа айтары көп шежіре
жан екенін байқатып қалды. Сол кезде оның жасы жетпісте
еді»,— дейді Әпу ақсақал. Сонда Әлима 1868 жылы дүниеге
келген. Көнекөз қарттардың айтуынша, ол ақындыққа ден
қоймаған. Көңіл күйіне байланысты өлеңдер жазғаны анық.
Оны халық ауызша айтып жеткізген, қағазға түсіріп жария
етпеген. Жиырма шумақты, қара өлең ұйқасымен жазылған,
халық ауыздан ауызға жеткізіп жүрген «Әлиманың әні» —
оның жат жұртта жүрген кезде шығарған өлеңі. Бұл өлең
мазмұны жағынан салт жырына жатады. Бұрынғыда кеткен
қыз төркіндеп келе бермейтін. Еліне, туған-туысына айтатын
сәлемдемесін сәті түскенде біреу арқылы айтып жіберетін
болған. Әлима Қоңыратқа келген бір ауыл адамына көкейінде
жыр болып сақталған наз-сәлемін еліне жеткізуді өтінеді.
Дұрысында, Әлима бұл өлеңін ұзатылайын деп жатқанда
бастап жазса керек. Кейін көңілі мұңды қыз барған жұртында
жалғастырған. Бұл жырдың зарлы әуенді әні бар. Сазды
жырдың жұрт жадында тез жатталатыны белгілі. Сондықтан
да «Әлиманың әнінің» көп өзгеріске ұшырамағаны анық.

Түндікті төрт жерінен ойдыр, әке,

Тойыма ту биені сойдыр, әке.

Тойыма ту биені сойдырмасаң,

Биылша «Қызым жас» деп қойдыр, әке.

Боз інген боздайды екен «боташым» деп,

Жүк артсам қабырғама батады-ау деп.
Қыз мұңлық кетерінде жылайды екен
Қасында жат біреудің жатам-ау деп.
Қайғыдан серпілместей ойға батам,
Қойнында кәрі шалдың қалай жатам?
Теңі деп мені тектіге беретұғын
Әкемнің зілді үкімі неткен қатаң?
Көптің тұрған жерінде жиын болар,
Уақыт озса бауырларым өсіп-толар.
Жан әке, тілерім бар бір өзіңнен,
Сіңлімді малға сатпа, қиын болар.
Керуен кер айдайды қатар-қатар,
Еріксіз Қоңыратқа шектім сапар.
Ендігі көрген күні құрып кетсін,
Әлима қапалықтың дәмін татар.
«Жіңішке», қош аман бол, көре алмаспын,
Жуаңды, көсігіңді тере алмаспын,
Барсам да осы күні жадыраңқы,
Жастарға бұрынғыдай ере алмаспын.
«Сарыойдың» қамшы қалды қабағында,
Сұлудың бір белгісі – тамағында.
Аққудай көл шайқаған Әлима едім,
Қор болдым Қоңыраттың шабағына.
Мен қазір осы күні налып тұрмын,
Бойымды көтере алмай талып тұрмын.
Қасынан Байқадамның елге қашып,
Астымда бозжорға атты зорықтырдым.
Еліме жете алмадым қашқанменен,
Құс болып ұшар ма едім аспанменен.
Кешкі уақыт таза ауаға шығып алып,
Ойнаушы ем өзім қатар жастарменен.
Жарқылдап жайнап өскен кезім қайда,
Оянған уақытында сезім қайда?
Жарқырап он алтыға келгеннен соң
Білмеппін кеткенімді өзім қайда?
Сарыарқа, сағынамын желіңді де,

Құмдауыт бұйрат-бұйрат бөліңді де.
Төгемін оңашада көз жасымды,
Есімнен шығара алмай елімді де.
Сағындым құрбы-құрдас, бауырымды,
Сағындым үдей соққан дауылыңды.
Сый-сияпат болмаса да бұрынғыдай,
Бір көрсем деп жүрмін зой ауылымды.
Қамқа тон қағылғанда ажарланар,
Жасаған жар бола гөр жаңылғанға.
«Шыққан қыз шиден тысқар» деген сөз бар,
Қапекең бір келмеді-ау сағынғанда.
Әуеде бір жұлдыз бар Темірқазық,
Бәйгеден ат келеді бауырын жазып.
Кешегі елде жүрген Әлима анаң
Жіберді ақ қағазға өлең жазып.
Қапыда ауға түскен балықтаймын,
Айтуға наз-мұңымды жалықпаймын.
«Алтынның қолда барда қадірі жоқ»,
Бұйырған Бесқалаға балықтаймын.
Өлеңнің өн бойынан елге сағыныш, мұң еседі. Балалық
балғын шағын, ағайын-тума арасындағы еш алаңсыз бұла
күнін аңсаған көңіл шері шексіз.

Таразының жоқтауы

Жастайынан әкесінен айырылып жетім қалған Таразы
- Қабақ руының Жапақ деген атасынан тараған ұрпақтың
қызы. Тұрмыс тепкісін көп көрген Таразы суырыпсалма,
сөзге шешен болған. Табан астында тауып айтып, талайды
тандандырған.

Жетім қызға жұрт әкесінің жоқтығын айтып бетіне басады
екен. «Жетім қыз» өлеңі – Таразының соларға жауап ретінде
айтқан сөзі:

*...Қазақтың әкелі қызын көріп жүрміз,
Жеңінің жамай алмай жыртылғанын.*

Таразы – әйгілі батыр Есет Көтібарұлының келіндерінің
бірі. Есет атаның кесектен қаланған тамының салынып
болған кезі. Тамды көруден тайынбаған Таразыға ел адамдары

Қызылжардан бейітке дейін жаяулап жүріп жоқтау айтуды бұйырады. Қазақ салтында әйел адамға бейіт басына баруға болмайды. «Атаңды дұрыс жоқтай білсең, сол күнәң кешіледі» деген екен қасындағылары. Сыннан сүрінбей өтуді ойлаған Таразы көлемді жоқтау шығарады. «Таразының Есет тамы салынғанда басына келіп айтқан жоқтауының» шығу тарихы осылай еді. Жыр-жоқтаудан үлкенді қадір тұту, кішіпейілдік, қазақы ибалылық пен көрегендік сезіліп тұр. Таразы кезінде Қарабас руының есті келіндерінің біріне айналады. Бұл жоқтау үлгісінде қайғылы шерден гөрі «өзекті жанға бір өлім» барын сезген Таразы «өлім – адамға келетін шарифатты іс, оның өкінішін жоқтаумен толтырасың» деген ой айтады. 1970 жылдардың орта шенінде Қарабас руының ақсақалы Сейтек баласы Қалидан жазып алынған «Таразының Есет тамы салынғанда басына келіп айтқан жоқтауының» ұзындығын төмендегідей.

Атеке-ау, құтты болсын салған ордаң,

Әйелге бұйрық емес, келдім зордан.

Әркімнің әулиесі – ата-енесі,

Жаяулап зиярат еттім орта жолдан.

Көрінген сонадайдан дуалдарың,

Көргенде ақ ордаңды қуанғаным.

Қуанған қорыққанмен бірдей екен,

Тоқтатып көңілімді тұра алмадым.

Атеке-ау, қызыл жүзің ақ болды ма,

Сүйегің етің кетіп жоқ болды ма?

Басыңды мен келгенде бір көтермей,

Келінің шыныменен жат болды ма?

Атеке-ау, құтты болсын мешіттерің,

Білсеңіз неге келмей кешіккенім:

Тұрғызған басыңызға ақ орданы

Болды деп күні кеше есіткенім.

Әр өңірге танымал, белгілі есімдер болады. Әлима мен Таразының жырларын жергілікті халық азды-көпті біледі. Өткенді жаңғыртып, дәстүр сабақтастығын ұрпақ санасына ұялату – міндет.

Ботагөз ДОСҚАЗИЕВА,
Ғабит Мүсірепов атындағы
№86 мектеп-гимназияның
мұғалімі.
Алматы қаласы.

«МЫҢ БІР МАҚАЛ, ЖҮЗ БІР ЖҰМБАҚ»

Сайыстың мақсаты: мақал-мәтел, жұмбақ туралы білімдерін тереңдету; оқушыларды шапшаң ойлауға, тапқырлыққа, жауапкершілікке үйрету, сөздік қорын, дүниетанымын арттыру; адал достыққа, білімді, өнерлі, еңбекқор, азамат болуға, тілін, елін, жерін сүйер, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренер жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ету.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1) Қазақтың мақал-мәтелдері. А.,1959; 2) Қазақтың мақал-мәтелдері. А., 2002; 3) Е.Елубаев. Жүз жұмбақ, жүз жаңылтпаш. А.,1989; 4) І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.

Сайыстың жүрісі.

І айналымда үш ойыншы шығады. Бір сөз айтылады, сол сөзді мақалдың құрамында келтіру керек. 10 ұпай беріледі.

Отан... Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы. Отанды сүю от басынан басталады.

Алтын... Ел іші – алтын бесік. Сабыр түбі – сары алтын. Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.

Қыз... Қызға – қырық үйден тыйым. Қыз қылығымен жағады. Қыз – халқының гүлі, өлең – сауықтың гүлі.

Дос... Дос – егіз, дұшпан – сегіз. Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар. Доссыз өмір – тұссыз ас.

Білім... Білімдіге – дүние жарық, білімсіздің күні – кәріп. Алтын алма, білім ал. Білім – арзан, білу – қымбат.

Еңбек... Еңбек ет те, міндет ет. Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.

Тіл... Өнер алды – қызыл тіл. Тіл қылыштан да өткір. Ең
ашы да – тіл, ең тәтті де – тіл.

Өнер... Өнерлінің өзегі талмас. Өнерлі бала сүйкімді.
Өнер көпке де жеткізеді, көкке де жеткізеді.

Ұят... Ұлдың ұяты – әкеге, Қыздың ұяты – шешеге.

Байлық... Денсаулық – зор байлық. Артық байлық аздырар,
артық күлкі тоздырар. Ақыл байлық – тозбас байлық.

Ең аз ұпай жинаған оқушы ойыннан шығады.

**II айналымда мақалдың бір бөлігін айтып, жалғасын
таптыру. 20 ұпай беріледі.**

1. Жақсының аты өлмейді, ...
2. Әдепті бала ата-анасын
мақтатар, ...
3. Атаның баласы болма, ...
4. Кең болсаң, ...
5. Жауға жаныңды берсең де, ...
6. Еңбек етсең ерінбей, ...
7. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа; ...
8. Білекті
бірді жығады, ...
9. Қына тасқа бітеді, ...
10. Күлме досыңа, ...
11. Жаңбырмен жер көгереді, ...
12. Көз – қорқақ, ...

III айналымда көрермендер көрімдігі.

Тіл... Тіл өнері дертпен тең.

Шебер... Шебердің қолы – ортақ, шешеннің сөзі – ортақ.

Еріншек... Еріншекке бүгіннен ертең оңай.

Жаман... Жаманға – жалынба, адамға – табынба.

Жақсы... Жақсы адам – елдің ырысы.

Жақсы сөз – жанның тынысы.

IV айналымда үш жұмбақшы шығады. 20 ұпай.

Тоқтап қалса – жаманатты,

Озып кетсе – жаманатты,

Қалып қойса – жаманатты,

Оған талғам, талап қатты (сағат)

Санымыз қанша, білмейміз.

Түнімен көз ілмейміз (жұлдыздар).

Жүзіне салсаң көзіңді, Көрсетеді өзіңді (айна).

Қыста әйнекке біреу Өрнек салып жүрер (аяз).

Шайнап-шайнап күнімен,

Тауыса алмадым мұны мен (сағыз).

Өзі таудың бөктерінде өседі,

Жаңа жылда үй төріне көшеді (шырша).

Қыс бойына жатады,

Тәтті ұйқыға батады (аю).

Болса-дағы инесі.

Іс тікпейді. Бұл несі? (кірпі)

Өшірді, сүртті. Өзгені құртты. Өзін де құртты (өшіргіш).

Сымға асылып, Жүр асығып (троллейбус)

Ең аз ұпай жинаған оқушы ойыннан шығады

V айналымда екі жұмбақшы бір-біріне жұмбақ айтады.

Жеңімпаз келесі айналымда мақалшымен сайысқа түседі.

VI айналымда жүргізуші жұмбақшыға жұмбақ айтады.

Жұмбақшы шешуін табуы тиіс. Шешуін қатыстырып

мақалшы мақал айту керек.

1. Аспандағы алып доп

Жарқырайды жарық боп (Күн)

Адамның күні адаммен.

2. Жеке өзін жей алмайсың,

Онсыз асты да аузыңа алмайсың (тұз).

Доссыз өмір – тұзсыз ас.

3. Ат сабылтып алыстан

Борандатып жетеді.

Үш ай төрде қонақ боп,

Аунап-қунап кетеді (қыс).

Жаздың қамын қыс ойла, бір ойлама – үш ойла.

4. Зулап түсіп төменге,

Шықпас менсіз төбеге (шана).

Қыс арбанды сайла, Жаз шанаңды сайла.

5. Болса да көкте мекені,

Кездеспейді екеуі (Ай мен Күн).

Ай – ортақ, Күн – ортақ, жақсы – ортақ.

6. Бөрене тұмсық,

Емен аяқ

Жануар бар

Некен-саяқ (піл).

Піл көтермегенді тіл көтереді.

7. Мысықтан бұл қорқады,
Бұдан піл қорқады (тышқан).
Ажалды тышқанға аш мысық тап болар.
8. Дүниеде бір дария беті қатқан,
Бетінде бетегесі шығып жатқан.
Қараса сол құдыққа көз жетпейді,
Құр қалмас сол құдықтың дәмін татқан (кітап).
Күш – білімде, білім – кітапта.
9. Шік түсті, бүк түсті.
Алшы тұрды,
Тәйке тұрды,
Оңқа тұрды.
Шеше алады
Ал кім мұны? (асық).
Асық ойнаған азар.
10. Арлы-берлі қақпаны
Тербетіп-ақ жатқаны (жел).
Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды.

VII ақырғы айналымға суырылып шыққан жүйрікке тұрақты тіркестердің мағынасын ашу тапсырылады.

Ағаштан түйін түйеді: аса шебер, өнерлі. Үріп ауызға салғандай: әдемі, асқан сұлу. Ит арқасы қиянда: алыс. Қас пен көздің арасы: лезде, тез. Жүрек жұтқан: батыл. Қоян жүрек: қорқақ. Қой аузынан шөп алмас: момын.



Шұғыла ОНБАСИЕВА,
Көкшетау қаласындағы
Қазақ лицейінің мұғалімі.

АХМЕТ ТАҒЫЛЫМЫ

Мақсаты: қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи өмірінде орыны айырықша зор тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының халықтық тәлім-тәрбиелік ойларының

негізінде оқушылар бойына адамгершілік, ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту; ақын, қоғам қайраткері, педагог-ұстаздың құнды мұраларын дәріптеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу.

Көрнекілік: 1) Ахмет Байтұрсынұлы портреті, буклеті; 2) тақырып жазылған плакат (дәйексөз); 3) кітап көрмесі: «Ахмет Байтұрсынұлы – зиялылар көсемі»; 4) Ахмет Байтұрсынұлы туралы реферат, баяндама, зерттеулер бумасы, слайд.

Тәрбие сағатын өту барысы.

... Күңірене шыққан күй әуені. Сахнада оқушы Ахметтің ролінде, ақынның «Маса – сөз иесінен» өлеңін оқиды.

(Сахнада музыка үні әуелейді де бәсеңдейді).

1-жүргізуші: - Ахмет Байтұрсынұлы... Осы бір есім елге таныс болғалы «Мен – қазақпын» деген азаматтың бір селт етпейтіні жоқ та шығар.

Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі тәрбие сағаты Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өміржолына арналады.

2-жүргізуші: - Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әліпбиінің реформаторы, қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы ғалым, таза қазақ емлесімен шыққан газет «Қазақтың» (1912-1918ж.) тұрақты редакторы, көрнекті ақын, аудармашы, публицист-журналист, ірі қоғам қайраткері, ағартушы-ұстаз, этнограф, фольклорист, композитор әрі орындаушы...

1-жүргізуші: - Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ән-күй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В.Затаевичтің айтуынша, ол шебер домбырашы, әнші болған. Халық әндерін, күйлерін жинаған және олардың шығу тарихын да білген. Сондай-ақ ән де шығарған көрінеді. Композиторлық дарынының айғағы ретінде «Аққұм», «Қарагөз» әндері кейінгі ұрпаққа мұра болып қалған.

Ахмет Байтұрсынұлының әні: «Аққұм».

2-жүргізуші: - Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа

бастаудан асқан бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың рухани көсемі.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен өлмес мұрасы туралы «Ахмет Байтұрсынұлы –қазақ халқының рухани көсемі» атты баяндама.

1-жүргізуші: - Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жөн сілтедім жақын емес, алысқа.
Өзге жұрттар өрге қадам басқанда
Дедім: «Сен де қатарыңнан қалыспа!»,

«Ахмет Байтұрсынұлы – зиялылар көсемі» атты кітап көрмесі.

2-жүргізуші: - Бір ақын айтқан екен «Адам баласының дүниеде шашатын жемісі – мәңгілік мейірімді қызмет» деп. Міне, сол ақын айтқан адамдық диқаншысы –Ахмет Байтұрсынұлы еді...

Ал, енді Ахмет Байтұрсынұлының отты өлеңдеріне кезек берейік.

Өлеңдері оқылады: 1) «Адамдық диқаншысы», 2) «Жауға түскен жан сөзі», 3) «Жұртыма», 4) «Қазақ салты», 5) «Қазақ қалпы», 6) «Жиған-терген».

1-жүргізуші: - «Балалар, құтты болсын тілің бүгін,
Ашатын жан сарайын білімдінің.
Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан
Тіліне зер салыңдар бұрынғының»

демекші, ендігі кезекті халқымыздың суырыпсалмалық өнері, айтыс поэзиясының бір түрі – жұмбақ айтысына берелік.

Жұмбақ айтысы.

Ахмет: - Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,
Әзірге қолдан келген осы барым.
Қанағат азға деген, жоққа – сабыр,
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым!

2-жүргізуші: - Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалынан» мысал өлеңдерге кезек берейік.

1.«Аққу, шортан һәм шаян». 2. «Ат пен есек». 3. «Өгіз бен бақа». 4. «Айна мен маймыл». 5. «Еменнің түбіндегі шошқа».

Ахмет: - Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.
Қайсысы ықыласын салып тыңдар,
Жаратпай қайсыбірі теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,
Солардан аз да болса белгі қалар.

Күй: «Серпер».

1-жүргізуші: - Қазағым, елім,
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып»

деп халқын келешекке бастаған ақынды ашындырған — патша заманының зұлым саясаты, зорлық-зомбылығы, қорлығы еді.

2-жүргізуші: - Сонау қылышынан қан тамған қаһарлы жылдары жазықсыз мыңдаған адамдар «Халық жауы» деген жаламен айыпталып, жер аударылып кетті. Кейбір деректерге қарағанда, 6 млн адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 900 мыңдайы атылған. Сондағы 25 мыңға жуық қазақтың ішінде бес арысымыз Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы болған еді. Осы жазықсыз құрбан болған жандардың рухына тағзым ете отырып, бір минут еске алайық!... *(Үнсіздік, азалы музыка ойнайды).*

1-жүргізуші: - ...Адам өмірінде болатын аумалы-төкпелі уақыт қайғысымен де, қуанышымен де ерекше айқындалатын болса керек. Ахмет Байтұрсынұлы тағдыр толқындарынан, қайғы-қасірет сілкіністерден, тар жол тайғақ кешулерден өткен еді...

2-жүргізуші: - Репрессия құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлының тағдырынан сахналық көрініске кезек берейік.

Сот үдерісінен көрініс. Тергеу.

ОГПУ тергеушісі, сұсты, қатал үнмен: - Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Торғай губерниясында бай-болыстың семьясында туған. Ұлты – қазақ. Ол үкіметке қарсы «Алаш» партиясын ұйымдастырушылардың бірі және оның белсенді мүшесі. «Алаш» партиясы – ұлтшылдардың жасырын ұйымы. Бұл партия Совет үкіметіне қарсы қастандықтар ұйымдастырған. Байтұрсынов – жат пиғылды, революцияға қарсы, еңбекшілер үкіметін жек көретін адам. Барып тұрған халық жауы. Байтұрсыновтың айыбы: жасырын қазақ ұйымына енген және ұйымдастырушылардың бірі, ол жасырын түрде ұлтшылдық бағыттағы «Алаш» партиясын ұйымдастырған, қазақ әдебиетіне, баспасөзге сол арқылы теріс ықпал жасаған. Қылмыстық істер кодексінің 58 бабының 7,8,11 тармақтарына сай А.Байтұрсынов атылсын!

(Тергеуші Ахметті жұлқып әкетіп бара жатады).

Ахмет: - Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз аулымның иттері үріп қапқаны...
Хош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,
Айдай бер қалса адамың қуылмаған.

(Ахметті жұлқып алып кетеді. Музыка үні әуелен барып басылады.

Сахнаға Ахмет шығады.)

Ахмет: - Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа не алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары – көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.
Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса – ұқпасын, жабықпаймын,
Ел – бір күншіл, менікі – ертеңгі үшін.

2-жүргізуші: - Ахаң – еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі - соңынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе

жатқан қазақ әдебиеті Ахандыөзінің басшысы деп санайды. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Аханды салған әдебиеттегі елшілдік ұраны - «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды!

Ахмет төмендегі «Тілек батам» өлеңін оқиды:

Я, құдайым! Аққа жақ!
Өзіңе аян мен – нахақ.
Аққа деген жолымның
Абыройын ашпай, жап.
Аят пенен хадисте
Адал ниет, ақ іске,
Жаңылмасам жоқ еді
«Жаза тартсын» деген бап.
Мені ұстатып, айдатып,
Зығырданды қайнатып,
Масайрасып, мәз болып,
Қуанғанды өзің тап!
Аз күндікке алданып,
Аз нәрсеге жалданып,
Адасқанын алаштың
Түзу жолға түсір, хақ!

1-жүргізуші: - Әрине, Ахмет тағылымын бір сәтте оқып білуге болмайды. Оны жылдар бойы оқып үйренуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

2-жүргізуші: - Ахмет өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Ахмет рухына тағзым ете отырып, бүгінгі тәрбие сағатын осымен тәмамдаймыз.

Келгендеріңізге рахмет, қадамдарыңызға гүл бітсін!

Самал ҒАББАСОВА,

«Семипол» орта

мектебінің мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,

Шал ақын ауданы.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТІРЕГІМ

Мақсаты: Қазақстанның өткен тарихына көз жібере отырып, өткенсіз бүгіннің жоқ екенін жас ұрпақ санасына жеткізу, бүгінгі ұрпақ бойына патриоттық сезім, отаншылдық рух дарыту; аңсап жеткен азаттықтың құндылығын сезінуге, білуге, құрметтеуге баулу; адамгершілікке, ұлтжандылыққа және сыни пікірі қалыптасқан азамат болуға тәрбиелеу.

Кеш барысы.

1-бөлім. Кіріспе.

Жүргізуші: - Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз Тәуелсіздік мерекесіне арналады. Бұған дейін еліміздің тарихи шежіресін тарихтан оқып білдіңдер. Өз елің, өз жерің туралы білгеннің үстіне біле беру артық емес, өйткені ол сенің – Отаның, ол – сенің Отан анаң.

Қызығушылықты ояту (Оқушылар кезектесіп ортаға шығып айтады). Жасыл шүйгін, кең жайлау.

*Асау өзен, асқар тау, кербез орман, лебі жұпар, ерке жел.
Жанға сая панамыз, Қазақстан – көркем жер. Бүгінгінің
биігіне, көз салып көр еліме, бақыты мен шаттығы
мол қазыналы жеріме. Қазақстан бүгін міне жеке отау
жарасқан! Бір отбасы, бір туысқан бір-біріне қарасқан!*

*Тәуелсіздік асқарынан барласаң, бір шынардың бұтағындай,
күн нұрына таласқан. Біз – Қазақстанның болашағымыз!*

- Енді, балалар, қазір біз Қазақстан еліне саяхат жасаймыз. (Картадан Қазақстан жерін көрсету).

2-бөлім. Желтоқсан желі.

Жүргізуші: - *Тәуелсіздік – ата тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, даламызды қаз-қаз тұрғызып, “қазақ” деген атауға қан мен жан кіргізді. “Отан” деп жүрегімізді соқтырды. “Елім” деп елеңдетіп. “Жерім” деп желпінтіп, барша 62 тамырымызды игізіп, ата жұртын сүйсіндірді.*

Ал, балалар, Тәуелсіздік жайлы не білеміз? Қане, ортаға салайық.

Тәуелсіздік шежіресі (оқушылар кезектесіп шежірені айтып шығады).

3-бөлім. Тәуелсіздікке жыр шашу.

1-оқушы:

- Тәуелсіздік атты көкке телпегін,
Шаттанған жоқ, мақтанған жоқ ел тегін!
Қазағымның тұлғасын бір сомдайын,
Өткенін де, бүгінін де, ертеңін!
Кең болғанда кем болмауды ойлап біз,
Ұлан-байтақ сахараны жайлаппыз.
Соғыс жылы мылтық үнін естімей,
Бейбіт күнде бомба жарған аймақпыз.

2-оқушы:

- Кеше мұнды, бүгін нұрлы даламыз,
Өлсек те осы даламызда қаламыз.
Ұлттық намыс бастау көзін ашқан – біз,
Халқымызбен, салтымызбен, асқармыз.
Сексен алты желтоқсанын жаңғыртып,
«Қазақ» деген, «Азат» деген жастармыз.
(«Елім менің» әнін оқушылар хормен орындайды).

4-бөлім. Тәуелсіздік жолындағы күрес.

Сахналық көрініс

«Елім-ай» өлеңі баяу естіліп тұрады. Оқушылар ұлттық киім киіп, керуен болып ортаға шығады. Киіз үйдің ішіне келіп отырады.

Ақ жаулықты әже: - Иә, бұл Тәуелсіздік халқымызға оңайлықпен келген жоқ, ол ғасырларға созылған ата-баба

қанды жорығының дабылды, дауылды күресінің заңды жалғасы еді. Жүректерімізде батпандаған мұң, қатпарланған қасірет тоң болып қатып, шер болып басып жатты емес пе?! Елдің қаншама ардагер перзенттері осы Тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулесі үшін қанын төгіп, жанын пида етті десеңізші?!

Қыз: - Қазақтың жаңа тарихының бастауы мен болашағының жолайырығы – әйгілі Желтоқсан оқиғасы еді. 1986 жылы 16 желтоқсанда бүкіл елді дүр сілкіндірген ғаламат оқиға болды. Әділет үшін бас көтерген жас өрендердің бастарына қара бұлт үйірілді.

Ақсақал: - Ақиқаттың жолы қашанда қиын да қатерлі. Сотты болған, әр түрлі жаза алған азаматтар бес жыл сергелдеңнен кейін ақталды. «Савицкийді өлтірді» деген кінә тағылған Қайрат Рысқұлбеков ақталды. «Әттең!» деп тілінді тістейсің, кеш ақталғанына өкінесің. «Ештен кеш жақсы» демекші, бұл кезде Қайраттың жарық дүниеден өткеніне қабырғамыз қайысса да, оның толық ақталғанына шүкіршілік етесің. Енді қазір сол Желтоқсан құрбандарын еске алып үнсіздік жариялайық...

Бала: - Желтоқсан оқиғасы – халқымыздың бастан кешкен тарихының бір кезеңі. Ол тарихта мәңгі қалады, ұмытылмайды. Тәуелсіздік жолы – қасиетті жол, күрес жолы, үміт жолы, ар-намыс жолы.

5-бөлім. Тәуелсіз Қазақстаным.

Жүргізуші: - Әңгімелерің өте мазмұнды, жан тебірен-терлік екен, балалар. Ал, енді, өздерің айтып өткендей, соншалықты ұзақ та қиын күрес жолымен Тәуелсіздікке қол жеткізген еліміз Қазақстан Республикасы жайлы тағы не айтуға болады?

3-оқушы: - Мен баяндап берейінші (Өзі жазып келген «Менің Қазақстаным» шығармасын оқып береді).

Жүргізуші: - Даңғыл... Алыс пен жақынды қосатын, бүгінгі мен болашақты жалғайтын – ұлы даңғыл. Тәуекел қайығына мініп, Тәуелсіздік даңғылына түскенімізге 22

жыл толғалы отыр. Басқа халықтар ғасырлар бойы өткен бұл даңғылдан біз де өтудеміз. Ұзақ жылдар бойы жолында қан да, жас та, тер де төгілген Тәуелсіздік біздің халқымыз үшін аса қымбат. Тәуелсіздік ата-баба рухын көтерді, сөнген мемлекеттің отын маздатты, елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымға ендірді.

«Көңіл толқыны» күйі орындалады.

Жүргізуші: - Аз ғана уақыттың ішінде елімізді, халқымызды шартарап танып үлгерді. Бірде жүгіріп, бірде жығылып жүрген қазақ елі енді еңсесі биік, көңілі көтеріңкі, қадамы мығым.

Ал, балалар, манадан Қазақстан жайлы көп деректер тыңдадық, ал енді «Қазақ халқы қандай халық?», соны айтыңдаршы.

Оқушылар ортаға шығып Қадыр Мырзалиевтің «Нағыз қазақ» өлеңін хормен орындайды.



Құралай БАЙМҰРАТОВА,
Тараз қаласындағы
№49 орта мектептің
мұғалімі.

«АҚЫРЫН ЖҮРІП, АНЫҚ БАС...»

Мақсаты: балаларды Абай шығармашылығы арқылы адамгершілікке, имандылыққа, Отанын, елін сүйуге, үлкенге ізет, кішіге қамқор болуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Кеш барысы.

Абайдың « Көзімнің қарасы » атты әні музыкасымен орындалып тұрады. Қараңғы бөлмедегі кішкентай үстелдің жанында шырақ жағылып тұр. Абай (Азамат) шырақтың қасында өлең жазып отыр. «Көзімнің қарасы» әні аяқтала бергенде Абай орынынан тұрды.

Абай: - Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар мен оқушылар, бүгін, ұлы Абай сөзімен айтқанда, “Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға” атты ашық тәрбие сағатын ашуға рұқсат етіңіздер. Атамыздың әрбір сөзі бүкіл адамзат баласын адамгершілікке, көрегендікке, имандылыққа шақырады. Отанын, елін, жерін, ата-анасын шексіз сүйіп, үлкенге ізет, кішіге қамқор болуға тәрбиелейді.

Абай: - Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға.

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Жүргізуші: - Ұлы бабаның ғажайып, көркем, даналыққа толы өлеңдері бізді кемеңгерлік кемесіне отырғызып, адамгершілік- парасат мұхитына жүздірді.

Құлақтан кіріп бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй!

Қазір “Желсіз түнде – жарық ай” әні орындалады. Одан кейінгі сөз кезегі – оқушыларда.

1-оқушы: - Адамның адамшылығы, бақыты мен соры мінезге байланысты. Өйткені адам жақсы мінезінен өмір бойы опа көреді. Ал жаман мінезінен ұдайы опық жейді.

2-оқушы: - Адам баласы үш нәрседен: 1) надандық, 2) еріншектіктен, 3) залымдықтан қор болады. Нағыз адам болудан қалады. Нағыз адам болатын адам еңбекқор, басқаға қиянат жасамайтын болу керек.

3-оқушы: - Ұқыпты, жинақы, құнтты болып өскен баланың ісі жемісті. Ал салдыр-салақ, ұқыпсыз баланың ісі берекесіз болады.

Жүргізуші: - Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?!
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

4-оқушы: - Ынта қойып, аянбай еңбек еткен адамның ақыл қабілеті, іскерлігі мен шеберлігі дамиды. Дені таза болып, қайрат, жігері артады. Ондай адам адал еңбегімен атақ-абыройға, бақыт пен байлыққа қол жеткізеді.

Жүргізуші: - Ерте заманда бақыт, ақыл, байлық үшеуі бас қосады, сол кезде үшеуі таласып қалады.

5-оқушы (Байлық): – Менің арқамда адам баласының төрт түлігі сай, үйі дүние мүлікке толы, ішіп-жемі мол болады. Сондықтан маған тең келер ештеңе жоқ,- деп кеудесін қағады.

6-оқушы (Бақыт): - Мен кімнің басына қонсам соның атақ-даңқын шығарамын. Мансабын аспанға көтеремін. Қарсы келген дұшпанын жерге тығамын.

7-оқушы (Ақыл): - Мен сендердің сөздеріңе қосылмаймын. Үшеуміз тең тудық. Үшеуміз адам баласына қажетпіз. Көңілдеріңе келсе де айтайын, екеуің де маған бағыныштысыңдар. Адам баласы менсіз өмір сүре алмайды. Келіспесеңдер данышпанға жүгінейік.

8-оқушы (Данышпан): - Өмірдің өзі – сабақ. Байлық – бір жұттық. Бақыт – баянсыз. Ақыл бар жерде – тірлік те, ынтымақ та түгел. Ақылмен барлық істі басқаруға болады. Ақылдың еңбек деген сүйеніші, тірегі, тұтқасы бар. Ақылмен еңбек еткен адам байлыққа да, бақытқа да кенеледі. Мәнді де сәнді өмір сүреді.

9-оқушы: - Еңбектен қашқан кер жалқаудың тума таланты, алғыр миы болса да суалып қалады. Арсыз, ұятсыз, топасқа айналып, адам санатынан шығады.

10-оқушы: - Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып, шаттанба,
Ойнап, босқа күлуге.

(“Көзімнің қарасы “ әні орындалады).

Жүргізуші: - Әдептілікке байланысты мақал-мәтелдер жарысын бастаймыз.

1-оқушы: - Әдепті бала ата-анасын мақтатар.
Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.

2-оқушы: - Жақсы адам – елдің ырысы,
Жақсы жер – жанның тынысы.

3-оқушы: - Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.

4-оқушы: - Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

5-оқушы: - Саналы адам сағынды сындырмас,
Санасыз адам жағынды тындырмас.

6-оқушы: - Ашу – дұшпан, ақыл – дос,
Ақылыңа ақыл қос.

7-оқушы: - Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.

8-оқушы: - Ақыл – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.

Мәреге жеткен тәрбие сағатын қорытындылаймын.

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол Үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр. Ендеше, Абайдың салып кеткен сара жолымен, айтып кеткен ақылымен бірге жасап, бірге өсіп келе жатырмыз. Егеменді ел атандық. Тәуелсіз елдің балалары туған Отанның келешегінің жарқын болуы үшін ілім-білім жинауға ұмтылуда. Ақылды да дарынды жастардың талпынысына ұлы аталарының жыры демеу болуға тиіс.

Гүлім БАЙТЕНОВА,
Қазақ мектеп-
гимназиясының мұғалімі.
Петропавл қаласы.

МАҒЖАН – ДАНА АЗАМАТ, ҰЛЫ АҚЫН

Мағжан Жұмабаев – халқымыздың от жалынды, зор таланттарының бірі, аспан құлап, жер сілкінгендей аума-төкпе заманда өмір сүрген, ауыр тағдырды басынан кешкен, ақыры сталиндік репрессияда мерт болған есіл боздақ, ұлы ақын. Ол – поэзия әлемінде айырықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын. Мағжан Жұмабаев – өнімді шығармашылық өнердің адамы. Өлмейтұғын өлең жазғандар халық жүрегінде мәңгі сақталмақ. Бұл заңдылық Мағжанға да қатысты.

Мағжан поэзиясының мәңгі өлмес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу-маржаны – махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының саналуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүниелері. Өлеңдерінде жеке адамдардың тұтас тағдыры көзден жас, жүректен қан, тілден у ағызған сырлар болып төгіледі. Оның поэзиясындағы көкжал толқын, көгала ағыстың бірі – өмір мен өлім, тіршілік пен ажал шайқасы, екеуінің бетпе-бет келуі. Мағжан өз поэзиясының зеңгір көкпен, тәңір пайғамбармен, мәңгілікпен тілдескен

заңғар шыңындай болып таза ақындықты сақтады. Бір тақырыптың, бір кезеңнің, бір халықтың, тіпті, бір таптың жыршысы болып кетпей өлмес туындылар берген ұлттық ақын, ғажайып суреткер болып қала берді.

Ақын туындыларының басты ерекшелігі – уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігі, сөз қолдану шеберлігі мен көркемдігі. Тәңірдің талантының, дарын табиғатының көрінісі оның осы бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінеді. Қаны да, жаны да қазақ топырағы мен ауасынан суарылған өлеңдері мінез бен құлықтың айырықша ұлттық ізет-сипатын аңғартатын сұлу жыртізбе болып табылады.

Тіл мәселесіне тоқталсам, Мағжан қазақ тілін сарқылмас кенішке бағалаған. Тіл аман тұрса, құлаған туың да қайта тігілмек. «Алтын күннен бағасыз белгі боп» көрінсе де, алынбас қамалың осы болуы керек. Бытыраған балалары болса, бауырына жинап алар да осы «Баба тілі – Нұрлы жұлдыз» дейді ақын. Бұдан Мағжан поэзиясының өміршендігін байқаймыз. Ана тілін біз сақтасақ, ана тілі бізді сақтайды. Мағжанның «Ана тілі – сарқылмас кенің» деген қағидасына біз де бас шұлғимыз. Оның өлеңдерін оқып отырғанда, сол өлеңді жазып отырған уақыттағы жан жүйесінің құбылысы, ішкі сезімінің толқыны көрініп тұрғандай болады. Қай сөз, қай өлеңін алсақ та елім деп егіліп, жерім деп емініп тұрады.

Мағжан – заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын, терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны.

Адам ретінде, ақын ретінде Мағжан Жұмабаев қандай болған? Ол – ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын, өз тілін, ел дінін, мәдениетін, тарихын, жер-суын жетік білетін ақын. Әр елдің, әр ауылдың көркі,

тұтқасы, кіндігі, атағы осындай адамдарға тікелей байланысты дер едім. Біз, бәріміз де – өз жеріміздің патриотымыз, өз еліміздің перзентіміз. Біз, бәріміз де ешкімнің алдында именбестен жерімізді де, елімізді де мақтан тұта аламыз. Оларды өліп-өшіп сүйеміз, қадірлеп қасиет тұтамыз. Бірақ жер-қонысыңды, ел-жұртыңды сүйсең, алаламай сүй. Ел мен жерімізді дәл осы Мағжандай бар шындығымызбен, ештеңені жапсырып жамамай, ешнәрсені жылтыратып боямай, сол қалпында талғаусыз сүйе аламыз ба? Сүйе алсақ, онда біз – бақыттымыз! Мағжаннан алған ең үлкен ұлағат тағылымымыз бар. Ол тағылым: егер сен өз халқыңның перзенті болам десең, онда сен оның қасірет уын іш! Халқыңның сол қасірет уы бойыңа жайылғанда ғана сен оны шын сүйе аласың! Халқының қасірет уын бүкіл жанымен, қанымен ішкен Мағжан – дана азамат, ұлы ақын!



Дина ГУМАРОВА,
«Талдыапан» жалпы орта
білім беретін мектебінің
мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,
Қазталов ауданы.

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ. «МЕН – ҚАЗАҚШЫН» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақын шығармаларына тоқталу, мәнін түсіндіру; дамытушылық – ақын шығармалары арқылы оқушылардың теориялық ұғымдарды түсіне білу қабілетін дамыту, мәтінмен

жұмыс істей білуге дағдыландыру; **тәрбиелілік** – патриоттық сезімдерін ояту, адамгершілік, имандылық сезімдерін байыту, еңбекке көзқарасын қалыптастыру. **Әдісі:** репродуктивтік әдіс, түсіндірмелі, аралас, сұрақ-жауап. **Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** дәріс сабақ. **Көрнекілігі:** компьютер, презентация, кітап көрмесі, жинақ папкасы, оқулықтар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, музыка, тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Оқушы назарын сабаққа аудару.

Үй тапсырмасы: Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» романын талдау.

Жаңа сабақ. *Блум таксономиясын қолдану*

I. Білу. Ақын өмірі (жылнамалық кезеңдер).

II. Түсіну. Ақын ғұмыры (Жұбан Молдағалиевтің өмірімен шығармашылығынан бейнекөрініс). Слайд. «Еділ мен Жайық» әнін тыңдату.

III. Топтау. Ақын мұрасын талдау.

«Дала түні» дастаны. Туған жерінің табиғаты тамсандырған, таңғы шықтай мөлдіреген шынайы махаббатын ақын Далаға арнаған. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде басшылықтың алдында тайынбай, темір тәртіптен тайсалмай, темір тізгінге қарсылығын, асыл сөзін ашына айқын айтқан Жұбан Молдағалиев болды. «Мен – қазақпын!» поэмасы халқымыздың сана сезімін оятуға, өз-өзіне құрметпен қарауға баға жетпес үлес қосты. Қазақ халқының жер бетінен жойылып кету қаупінің нышандары белгі бере бастаған кезде, 1963 жылы Жұбан Молдағалиев «Мен – қазақпын!» деп жырлады. «Орысша оқыған ғана адам болады», «Орысша оқыған ғана мәдениетті» деген негізсіз түсінік салдарынан ана тілін менсінбеуге, өзінің қазақ екенін айтуға намыстанатын,

қазақ болып туғанына қорланатын, соның салдарынан туған халқын сатып жіберуге икемделген адамдар бой көрсете бастады.

Ақын тәуекел етіп шығарманы шынайы ілтипатпен халыққа жеткізді. Дастаны орыс тіліне аударылып, газет-журналдарда жарияланды. Жеке кітап болып басылды. Ұлан-байтақ Кеңес еліне таралып, қазақ халқының мерейін көтеріп, абыройын асырды...

IV. Талдау.

Жырдың көркемдік ерекшелігін талдау

Жырдың көркем тілі	Мысалдар
Халық тілі. Поэтикалық тіл: а) теңеу; ә) эпитет; б) метафора; в) әсірелеу; г) аллитерация; д) ассонанс; е) шешендік оралым.	

V. Қолдану. Үзінділерді оқып, керекті сөзді орынына қой.

1. Топтық жұмыстар.

Мен – қазақпын _____, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым _____.

Жылағанда _____ күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен _____ түрілген.

Мен – _____, бір биік белеспін мен,

Еуропа да, _____ емеспін мен.

Аралықпын, _____ материктей,

Бірақ барша адаммен _____ мен.

Мен – қазақпын, биікпін, _____ елмін,

Қайта тудым, _____ қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім _____ өлмеске,

Айта бергім келеді, _____ бергім!

(жетінші, байтақ, өмірге, қазақпын, Азия да, мың өліп, тел өстім, мәңгі, айта, мұң тілімен, жүрегім, түн)

(Берілген сөздерді қатыстыра отырып, өлең жолдарын мәнерлеп оқыңыз).

2. Түртіп алу жүйесі.

Білетінім. Білмейтінім. Мен үшін жаңалық. Мені таңғалдырды.

Оқушылар өз ойын жазады.

Ерболат Құдайбергеновтің жаңа заман әуені үлгісіндегі «Мен – қазақпын» әнін тыңдайды.

Бағалау. Өзін-өзі бағалау парағы бойынша оқушыларды бағалау.

Сабақты қорыту, пысықтау: «Менің есімде.....».

Үйге тапсырма. 1. «Мен қазақпын» поэмасынан үзінді жаттау. 2. Жұбан Молдағаливтің өмірі мен шығармашылығын оқу. Тың деректер іздестіру.



Балқия ТОЙҚҰЛОВА,
Алматы қаласындағы
№98 жалпы білім беретін
мектептің мұғалімі.

МӘТІННІҢ ТҮРЛЕРІ

(2-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – мәтіннің түрлері туралы ұғым беру, оның ерекшеліктерін, негізгі белгілерін түсіндіру; **дамытушылық** – өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстыра түсіндіру, оны сөйлеу мен жазуды қолдана

алуға үйрету арқылы оқушыларды өз бетімен жұмысқа баулу, түсініп оқуға, өз бетінше ойлануға дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды білімді болуға, туған елді, жерді құрметтеуге, сауатты жазуға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі:** интерактивті тақта, ертегі кейіпкерлері. **Әдіс-тәсілі:** сын тұрғысынан ойлау технологиясы, талдау жұмыстары, іздену.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Амандасу. Құрал-жабдықтарын түгелдеп отырғызу.

Қызығушылықты ояту.

Қош келдіңіз қонаққа,

Ұстаздарым, көреген.

Сәлеметсіз бе, апайым,

Еңбегін ел елеген.

Қалайсыңдар, достарым,

Ақылдылар не деген!

Үй тапсырмасын тексеру.

– Балалар, үйге қандай тапсырма берілді? (198-жаттығу)

Білімдерін тексеру. Сұрақтар қою.

- Мәтін дегеніміз не?

- Мәтін мағына жағынан өзара байланысты екі немесе одан да көп сөйлемнен құралады.

- Мәтін қандай бөлімдерден тұрады?...

- Қандай жағдайларда мәтін болмайды?

- Сөйлемдер өзара байланыспаса мәтін бола алмайды.

(Слайд арқылы)

Мақсат қою кезеңі. Мәтіннің түрлері.

Жаңа сабақ.

Интерактивті тақтадан мәтін оқылады: «Менің Астанам».

Осы мәтін үш түрмен оқылады. Оқушылар тыңдай отырып, мәтіннің 3 түрі бар екеніне көзі жетеді. Үш түрлі

мәтінге сай 3 топқа ат қоямыз.

1. Әңгімелеу мәтіні. Не істеді?
2. Сипаттау мәтіні. Қандай?
3. Пайымдау мәтіні. Неліктен?

Сабақ түсіндірілгеннен кейін күн реті жазылып, көркем жазу жұмысы жүргізіледі. Интерактивті тақтада үлгісі көрініп, баяу музыка ойнайды.

Оқулықпен жұмыс.

- Балалар, 199-жаттығуға қарайық. Тапсырмасын оқу. Үш топқа мәтіндерін оқыту. Мәтін түрлерін сұрақтар арқылы жазу.

- Келесі 200-жаттығуға қараймыз. Өлеңді түсініп оқып, соңғы екі жолын жатқа жаз. Өлеңдегі негізгі ойды анықта. Сергіту жаттығуы.

Суретте қандай өсімдік бейнеленген? Күнбағыс тақырыбына үш түрде мәтін құрау. (Дүниетану пәнімен байланыстыру).

Жұмбақ шешейік.

1. Іші қызыл, сырты қатты,
Татқан жанды таңырқатты. (Анар)
2. Қабат, қабат қаптама,
Ақылың болса аттама. (Кітап)

Интерактивті тақтадан жұмбақ шешуіндегі заттың суреті шығады. Оқушы тақтамен жұмыс істейді.

202-жаттығу. «Біздің сынып» тақырыбына үш түрлі мәтін құра.

Сынып айнасы. Сынып өмірінен фотосурет көрсетіледі. Оқушылар тапсырманы ауызша орындайды.

Бекіту. Үлестірмелерге жауап алу. Ертегіден үзінді қойылымын тамашалау.

Сұрақтарға жауап алу арқылы Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдық таңбасын анықтау (эмблема), тақтадан шығару.

Үйге тапсырма: жоспар бойынша мәтін құру.

Бибігүл БАЗАРБАЙҚЫЗЫ,

Краснояр орта

мектебінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,

Ақжайық ауданы,

«Тайпақ» ауылы.

ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВ. «БАЛЫҚШЫЛАР»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың шығарма бойынша алған білімдерін жинақтау, тиянақтау, пікірталас ортасын туғызу арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетіне көзқарасын тану; **дамытушылық** – мәтіндегі ойға сай ізденіс тудыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – еңбекті бағалауға, адами қасиеттерге баулу.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілі:** талдау, СТО стратегияларының бағыттары, сатылай кешенді талдау, топтық жұмыс, проблемалық сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, биология, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы.

«Қызығушылықты ояту» сатысы.

«Артығын тап» ойыны.

«Балықшылар» тақырыбына қатысты суреттерді тандап, артығын табыңдар.

Оқушы жауабы: *балық, түйе, мұз, жер.*

Балық: Арал балықшылары, ескі ау, балықты тартып алу, Еламанның батылдығы.

Мұз: балықшылардың арпалысы. *Түйе:* көмекке ұмтылған Жалмұрат. *Кеберсіген жер:* адам және табиғат.

Шығарманы сатылай кешенді талдау.

Жаңа сабақ. Арал балықшылары: кеше және бүгін.

Ізденуші оқушы мектептің географ пәнінің мұғалімі С.Зинетовтен Арал теңізі жайлы сұрады. Ол карта көмегімен мәлімет берді.

Сөздікпен жұмыс. *Лабаз.*

Мәтінмен жұмыс.

(Оқушылар үзіндімен танысып, оқиғаны ретімен орналастырады.)

1) ...*Андрейдің тырнақтары алынып қапты, мұзды тырнағымен осып тастапты.*

2) ... *Әлгі қарайғанға анықтап қараса Федоров.... қанқан, жалғыз аяқ жолдың дәл үстінде бір тізесін астына ала құлапты.*

3) ...*Балықшылар Тентек Шодырдың дегеніне көнейік деген пәтуаға келді. Оларды ендігі қинап отырған жай – Мөңкенің баласы. Бүгін қалайда жерлеу керек еді; ертеден бері әңгімеге араласпай, елеусіздеу жерде басын алақанына сүйеп отырған Мөңке жолдастарының шын қиналған түрін көрген соң:*

4) ...*Жігіттер, біздің Тентек Шодырсыз күніміз жоқ. Өлген бала үшін тірі балалардың обалына қалуымыз жарамас. Бала менікі зой, өлер бала өлді зой. Оған бір уыс топырақ салу біздің ендігі қарызымыз екен. Ол топырақ бүгін болмаса, ертең бұйырар... Ертерек келсек, бәлкім, бүгін де жерлерміз, – деп байлауын өзі айтып берді.*

5) ... *Еламан жұрт ыңғайын байқаған соң:*

- *Жә, онда жүріңдер! Кеттік!- деді де, ширақ басып сыртқа шықты.*

6) ...*Көк жүзін сеңдей басып келе жатқан қорғасын салмақты қара қошқыл бұлттан жүрегі шайлығып, шошына қарап келеді. Қысы-жазы далада, мал соңында жүріп, күн қабағын бағып өскен малышы жігіт бүгін аса мазасыз. Жалмұрат күн райын бай-бәйбішенің қасы мен қабағындай*

топшылайтын. Ауа райының бұзылатынын өзінен гөрі оның денесі бұрынырақ сезіп, әуелі алақаны мен табаны қызады. Кейде сүйек-сүйегі сырқырайды. Енді бірде жіліншігі қақ айырылып бара жатқандай боп, белі ирелеңдеп, бойын ала алмай қалатын-ды.

7) ...Дереу Курнос Иванды шақырып алды: - Аналарға бар. Бірі қалмай мұз үстіне шықсын. Егер бүгін мұз үстіне шықпаса, айта бар, менен жақсылық күтпесін. Күні ертең бәрін қуамын.

- Борис Николаевич, мұз әлсіз болмас па екен?

- Ол сенің жұмысың емес.

Курнос Иван балықшылардың ауылына келді. Сол бойда балықшыларды жиып алды да, оларға Федоровтың әмірін жеткізді.

«Мағынаны ашу» сатысы.

- Балалар, сендерге шығарма ұнады ма?...

- Шығарма кейіпкерлерімен кездескілерің келе ме, кіммен?...

«Мағынаны ашу» сатысы. «Автор орындығы» стратегиясы. Еламанға, т.б. сұрақтар қою.

«Суреттер галереясы» стратегиясы.

Ауылдағы, облыс орталығындағы ескерткіштер көрсетіліп, оқушыларға таным сұрақтары қойылады. «Шығарма кейіпкерлеріне ескерткіш орнатқыларың келе ме?» деп сауал тастадым. Ондай ескерткіш тұрғызар болсақ, кім қай кейіпкерді іс-әрекеті арқылы суреттейді деген проблемалық сұрақ қойдым. Ортаға шыққан оқушылар Еламанды, Мөңкені, Райды, Әлизаны, Андрейді, Жалмұратты суреттегісі келетінін айтты.

«Мылқау көрініс» стратегиясы. Ескерткіш орнатылды.

- Балалар, сендер балықшыларға арналған ескерткішті көргілерің келе ме?...

Онда Ақтөбе қаласында «Қан мен тер» трилогиясына

арналған ескерткішке назар аударындар (Интерактивті тақтадан көрсетілді, толық ақпарат берілді).

Ескерткіштегі әйел адам Элиза еместігі, бұл шығармамен жоғарғы сыныпта толық танысатындығы жөнінде айтып кеттім.

- Еламанды көргілерің келе ме?...

«Қан мен тер» киносы туралы дерек беріліп, актер Әнуар Молдабековтің суреті көрсетілді.

Қорыту. Сабақ барысында ««Артығын тап» ойынында дұрыс жауап бере алмай, домбыра мен бешпентке ие болған оқушыларды ортаға шақырып, өткен тақырыптарда қай шығармада кейіпкерлер осы заттарды қолданғандығын сұраймын. Домбыра: «Біржан сал Абай ауылында», бешпент: «Тұтқын бала» шығармасындағы Атамырзаның Тұрарға күлуі, мұғалімнің Атамырзаны ұялтуы, т.с.с тапсырмалармен өткенді пысықтаймыз.

Үйге тапсырма: «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында эссе жазу, сурет салып келу.



Зүбайра ОРАЗБАЕВА,
Бауыржан Момышұлы атындағы
жалпы орта мектептің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Төле би ауданы,
«Маятас» елді мекені.

СӨЗЖАСАМНАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: сөзжасам тарауын қайталата отырып, сөздердің жасалу жолдарын меңгерту, сауатты жазуға, сөйлемді дұрыс талдай білуге дағдыландыру, сөзжасам

тарауы бойынша алған білімдерін тиянақтау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтық жұмыс, талдау, ойын түрлері, жинақтау. **Көрнекілігі:** сызба-кестелер, интерактивті тақта, суреттер, тест сұрақтары, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, музыка, экология.

Сабак барысы.

1. «Сұрақты таңда» ойыны арқылы сөзжасам тарауына берілген сұрақтарға жауап беру.

1. Сөзжасам дегеніміз не? 2. Сөздер құрамына қарай нешеге бөлінеді? 3. Дара сөздер дегеніміз не? 4. Күрделі сөздер дегеніміз не? 5. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай нешеге бөлінеді? 6. Біріккен сөздер дегеніміз не? Оның неше түрі бар? 7. Қос сөздің қандай түрлері бар? 8. Қысқарған сөздер дегеніміз не? 9. Тіркесті сөздер дегеніміз не?

2. «Біріккен сөздердің сыңарын тап» ойыны.

Көне...

Мүшел...

той, тоз, үш

Ақ...

алты, сүйек

Ай...

...бұрыш

балта, халық,

...бақан

қырық

...аралық

...аяқ

3. «Қос сөздерді толықтыр» ойыны.

Дәрі-...

Бұрыш-...

Ата-...

Дос-...

амандық, дәрмек, сонды, жоғары,

Өзіл-...

баба, жаран, бірлі, ертелі, киім, оспак

...-кешек

...-жарым

...-төмен

...-саулық

...-кеш

4. Сөздік диктант алу.

Әзілқой, тәлім-тәрбие, тілашар, жалғыз-жарым, ТМД, апыл-ғұпыл, жасөспірім, ҰБТ, ҚазМУ, саяжай, Ту-154.

5. Шығармашылық жұмыс.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?

(Әр топ өз атына байланысты шағын мәтін жазу).

6. «Білімді байқап көр». Тест арқылы сөзжасам тарауы бойынша алған білімдерін тиянақтау.

1. Біріккен сөзді тап:

а) ұзынды-қысқалы; ә) итмұрын; б) демеуші.

2. Күрделі сөзді көрсет:

а) білім; ә) жаздай; б) биыл.

3. Қос сөздің жасалу жолын табыңыз:

а) шылау арқылы; ә) сөздің тіркесуі;

б) сөздің қайталануы арқылы.

4. Қос сөз қай сөз табы екенін тап:

Ақиқат өзін-өзі ақтап алар.

а) зат есім; ә) сын есім; б) есімдік.

5. Сөз тудырушы жұрнақ бар сөзді табыңыз:

а) биыл, оп-онай; ә) орманға, күні кеше;

б) жасау, жазушы.

6. Қысқарған сөзді табыңыз:

а) бүгін, ертең; ә) ата-баба; б) педколледж, педкеңес.

7. Тіркескен сөзді тап:

а) оқушы; ә) мұғалім; б) алтын сағат.

8. Екі сыңары да мағынасыз қос сөзді табыңыз:

а) сары-көк; ә) киім-кешек; б) оқта-текте.

9. Сыңарлары антонимдес қос сөздерді табыңыз.

а) уақ-түйек; ә) құрбы-құрдас; б) ары-бері.

10. Кіріккен сөзді табыңыз.

А) ала жаздай; ә) бүгін; б) күзгі.

СӘКЕННІҢ «АҚСАҚ КИІК» ӨЛЕҢІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақын туралы қысқаша мәлімет беру, өлеңнің мазмұнымен таныстыру, өлеңдегі өзекті мәселелердің түйінін шешіп, мәтінмен жұмыс істеу; **тәрбиелік** – қоршаған ортаны қорғауға, туған жерге деген сүйіспеншілікке шәкірттер назарын аудару, олардың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; **дамытушылық** – ақынның сұлулыққа, табиғатқа көзқарасын таныту, оқушылардың ой-өрістерін, дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекілігі: ақын суреті, тақырыпты суреттер.
Пәнаралық байланыс: жаратылыстану, бейнелеу өнері, ән, биология.

Сабақтың міндеті:

1. Мазмұнды қамту. Өлеңнің мазмұнын оқушылардың шығармашылық жұмыстары арқылы ашу.

а) Болжам жасау әдісі арқылы өлеңнің мазмұнын түсіну. Болжау кестесін толтыру. ә) Түсініктеме күнделігі арқылы түсініксіз сөздердің мағынасын ашу. б) «Түртiп алу жүйесi» бойынша кесте толтыру.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Өлеңнің мазмұнымен танысқаннан кейін өзекті мәселені анықтайды.

3. Топпен жұмыс. Ой бөліседі, сөйлеседі, шығарманы талдайды, кестелер толтырады, көзқарасын айтады.

Әдісі: оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. **Түрі:** дәстүрлі емес.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысы, дайындығы тексерілді.

Үй тапсырмасын сұрау.

1. Жамбылдың «Өтеген батыр» дастанындағы Өтеген қандай тұлға?

2. Өтеген мен Асан қайғының Жерұйық іздеуінде қандай ұқсастық бар?

3. Дастаннан халқымыздың туған жерге және мал жайылымына ерекше мән беретінін қалай аңғаруға болады?

Жаңа сабақ.

I. Ойшақыру.

«Киік» деген қандай аң? Сендер ол туралы не білесіңдер?

II. Мағынаны ажырату.

1. Тақтаға сурет ілінеді. Суретте: дала, киік, мылтық, адам.

2. Сурет бойынша болжау жасалады. Өлеңде не туралы әңгіме болады? Әр оқушы өз ойын айтады. Оқушылар бірінші, екінші кестені суретке қарап болжап толтырады да, үшіншісін мазмұнымен танысқаннан кейін толтырады.

Болжау кестесі

Не болады деп ойлайсың?	Оған қандай дәлел бар?	Не болды?
Далада жүрген киікті адамдар атып алады деп ойлаймын.	Киік, мылтық.	Мейірімсіз мерген Бетпақдалада киікті атады. Шыбын жанымен алысып келе жатқан бөкенге ақын аяушылық сезімін білдіреді.

Сәкен Сейфуллин – лирик ақын. Жаны нәзік ақын өлеңі ғана емес, ән де шығарған. Оның «Тау ішінде», «Біздің

жақта» деген әндері бар.

Оның лирикалары жаныңды баурап, мейірімінді оятады. Сондай өлеңдерінің бірі – «Ақсақ киік». Өлеңді мәнерлеп оқып шығамын. Оқи отырып мазмұнымен таныстырамын.

Жоспар:

1. Бетпақ дала табиғаты.
2. Сұлу бөкен.
3. Төнген қауіп.
4. Жаралы киік.
5. Мейірімсіз мерген.

Түсініктеме күнделігі. Әр топқа өлеңдегі түсініксіз сөздерді беремін. Сөздерді түсіндірме сөздіктен қарап, мағынасын ашады.

I топқа: бетпақ дала, киік. II топқа: бөкен, баялыш. III топқа: қос, бетеге. IV топқа: таңы, ел-жайлау.

Ойтолғау, зерттеу:

1. Энциклопедия.
2. А.Бекенова, С.Махмұтов. «Қазақстанның аша тұяқты аңдарын қорғау және пайдалану».

III. Ойтолғаныс.

INSERT. Түртіп алу жүйесі.

Білетіні	Білгеніме сәйкес келмейтіні	Мен үшін жаңалық	Таңғалдырды
Киіктің далада, сахарада жүретіні.	Жүйрік аң деп ойламадым. Оны етінің, мүйізінің пайдасы бар екенін білмедім.	Мүйізінен дәрі жасалатындығы.	Адамдардың оны қырып жоюы, оған аяушылық танытпауы ойландырады.

Сабақты қорытындылау. Оқушылардың білімін бағалау.

«ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» ПОЭМАСЫ

(8-сынып, 2-сағат)

Сабақтың мақсаты: білімділік – поэманың мазмұнына сүйене отырып, идеясымен таныстыру, кейіпкерлерге талдау жасау, оқушыларға тапсырма бере отырып дастанды талдату; **тәрбиелік** – қазақ халқының ата-дәстүрінен үлгі-өнеге ала отырып жеті атасын білуге, оқушыларды көрегендікке, адалдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – әдеби пікірталас арқылы оқушының тілін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өзіндік ой-тұжырым жасауға, пікірін ашық айтуға қалыптастыру.

Түрі: топпен жұмыс, өткен тақырыпты пысықтау. **Әдіс-тәсілдері:** СТО стратегиялары, топтық жұмыс, ойқозғау, сұрақ-жауап, салыстыру, кубизм, еркін жазу, әңгіме кесте. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайд, кубик, үнтаспа. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын сұрау.

Ойшақыру. Шәкәрім портретіне қарап түсініктеме беру.

Оқушылар үш топқа бөлінген. Үйге әр топ оқушыларына әр түрлі тапсырмалар берілген, алдыңғы сабақта дастанды да үш топқа бөлу арқылы мазмұнын меңгерген.

1-топ: Сандар сыр шертеді

2-топ: Шәкәрім кім?

3-топ: Абай мен Шәкәрім, Қалқаман мен Мамыр қалай туыс?

(Шежіре жазу, топтастыру)

Ойтолғау кезеңі.

Еркін жазу стратегиясы: «Егер мен Қалқаман болсам».

Кубизм.

1. *Суретте.* Мәтін бойынша Мамырға сипаттама бер.
2. *Салыстыр.* Қалқаман мен Мамырды салыстыр.
3. *Зертте.* Өлең құрылысына талдау жаса.
4. *Қолдан.* Жырдан үзіндіні жатқа айт.
5. *Дәлелде.* Екі жастың қатаң жазалануындағы негізгі себеп қандай? Өзіндік ойың.
6. *Қолда немесе қарсы шық.* Көкенай әрі жағымды, әрі жағымсыз кейіпкер.

1-топ тапсырмасы: Венн диаграммасы.

Қалқаман мен Мамырды салыстыру.

2-топ тапсырмасы: Венн диаграммасы.

Көкенай мен Әнет баба.

3-топ тапсырмасы: Сатылай кешенді талдау.

«Қалқаман – Мамыр»



Үнтаспадан Мамыр сөзін тыңдату.

Үйге тапсырма. Шәкәрім артында жемісті бақ қалды. Олай болса бағын аралап, жемісінен дәм татып көрелік. Әр жемісте тапсырмалар болады, соны үйге береміз.

1-тапсырма. **Әңгіме құрылысын талдау.**

2-тапсырма. Поэманың негізгі айтар ойы не?

3-тапсырма. Поэмадан үзінді жатта.



Раушан БАЙЫМБЕТОВА,

Алматы қаласындағы

№39 лицейдің

мұғалімі.

СЫН ЕСІМ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сын есім туралы түсінік беру, жасалу жолын үйрету, сын есімді басқа сөз таптарынан ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, сөздік қорын молайту, өз ойын жетік жеткізе білу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – жауапкершілікке, шығармашылыққа, ұтқырлыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндірмелі-мысалды, сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар беру. **Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, слайдтар, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Сабаққа даярлықтарын тексеру.

2. Үй тапсырмасын тексеру. Ереже сұрау /Зат есім/.
Жаттығу жұмысының дұрыс орындалуын тексеру.

3. Өткен сабақты бекіту.

1) Жалпы, жалқы зат есімдерге мысал келтір. 2. Деректі, дерексіз зат есімдерге мысал келтір. 3. Зат есімді көпте. 4. Зат есімді септе. 5. Зат есімді тәуелде.

4. Жаңа сабақтың мақсатын қою. Оқушыларды жаңа сабақтың тақырыбымен таныстыру.

5. Жаңа материалды түсіндіру /Слайд арқылы түсіндіру/.

6. Түсінігін тексеру.

а) Оқулықпен жұмыс. 128-жаттығу /жазбаша/.
129-жаттығу /ауызша/.

Өлең жолдарындағы сын есімдерді табу, мағыналық жағынан ажырату.

130-жаттығу /ауызша/.

ә) Деңгейлік тапсырмалар беру.

1-деңгей. Сын есімдерге мысалдар жаз, мағыналық белгісін ажырат.

2-деңгей. Сын есімдерді қатыстырып сөйлемдер құра.

3-деңгей. Сын есімі бар мақал-мәтелдер жаз.

4-деңгей. Ойтолғау жаз.

Бұл тапсырмаға көшпес бұрын Тәуелсіздігімізге 22 жыл толуы туралы ойшақыру.

«Қазақстанның тәуелсіздігі – азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл – бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз деп ой-санасын қамшылауы керек».

Нұрсұлтан Назарбаев.

«Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан!» тақырыбында мәтін құрау.

б) Мұхтар Шаханов – Желтоқсан жанашыры.

Тәуелсіздік туралы ойды қорытындылап, Мұхтар Шахановтың өлеңдерін айта отырып, өлең жолдарынан сын есімдерді тапқызу.

«Желтоқсан алаңы», «Желтоқсан тағылымы» өлеңдерін слайд арқылы оқыту.

7. Бекіту. «Тізбек» ойыны.



Гүлім МҮРСӘЛІМ,
Гагарин орта мектебінің
мұғалімі.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы,
Есет ауылы.

«ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ»

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) өлең мазмұнын меңгерту, идеясын ашу, ақын талабын, өнерге биік көзқарасын түсіндіру; 2) ақын шеберлігін таныту, өлеңді мәнерлеп оқыту, ақын талабының бүгінгі өнер адамдарынан табылуына оқушы көзқарасын байқау, оқушылардың тілін дамыту; 3) ән өнерін, өлеңді құрметтеуге, оны түсіне, түйсіне білуге тәрбиелеу.

Түрі, әдісі: ой дамыту, Блум жүйесі, сыни тұрғыдан оқыту, мәнерлеп оқыту, проблемалық оқыту. **Көрнекілігі:**

Пәнаралық байланыс: ән-күй өнері.

Сабақ жүрісі.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасына шолу.

Білім. «Адамның кейбір кездері» өлеңін жатқа айту.

Жаңа сабақ.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы».

Түсіну.

Жоспар:

I. Кіріспе сөз.

II. Өлеңді мәнерлеп оқыту.

Проблемалық сұрақ.

III. Нағыз өлең қандай болу керек? (Шумақтардың мазмұнын ашу).

Біріншіден, барлық сөздің патшасы – өлең; екіншіден, таңдап, саралап алынған сөздер ғана өлең бола алады, үшіншіден, өлең тілі жеңіл, адам жүрегіне жылы тиетіндей әсерлі, ырғағы, ұйқасы үйлесімді болуы шарт; төртіншіден, өлең тілінің тазалығы сақталып, ана тілінің беделін түсірмеу керек; бесіншіден, өлең ішкі мазмұны мен сыртқы түрі жағынан үйлесіп, мағыналы болу керек; алтыншы, білімсіз надан ақын емес; жетіншіден, өлеңді түсініп, тыңдаушы өзінің өресі жетер білім мәдениетін көтереді.

Абай өлеңге қандай талап қояды? (Оқушыларды тыңдау):

а) Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей әсерлі, айналасы тегіс, үйлесімді болу керек.

ә) Бөтен сөзбен былғанбасын. б) «Іші – алтын, сырты – күміс» болсын.

Ақын мақсаты не?

а) Наданның көңілін ашу. ә) Жастарға үлгі-өнеге беру.
б) Өлеңнің мәнін ұғыну.

Өлеңге қандай анықтама береді?

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»

Дәптермен жұмыс.

IV. Өлең құрылысына талдау.

1) 13-52-3-11, қара өлең ұйқасы.

2)

Эпитет	Теңеу	Метафора
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр, бөтен сөз, ескі би, терең ой, терең ғылым.	Ескі бише, ескі ақынша, жүндей сабап.	Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы.

Мәдени тұрғыдан ойлау.

V. Жақсы өлең – жан азығы.

Кәртiшкелiк тапсырма. Өлеңдi мәнepлеп оқып, мағынасын ашу, ақын талабының орындалысына тоқталу

Мәндi, ойлы идеялы өлеңдер.

Мәнсiз, жалаң, қара дүрсiн өлең.

№1. Мен – балаң жарық күнде сәуле қуған,
Алуға күндi барып белдi буған.
Жұлдыз болып көрмеймiн елдiң бетiн,
Болмасам толған айдай балқып туған.

№2. Сен, сен,
Жаным, саған тең –
Бұл әлемде кең
Жалғыз ғана мен!

№3. Ұрланып сүйер беттен ерке желiң,
Туған жер, неткен ыстық, көркем едiң?!
Асылып ақ төсiңе анашымдай,
Келедi еркелегiм, еркелегiм!

№4. Жылама, жылама,
Жылауға бола ма?
Екі жыл дегенің
Екі айдай бола ма?
Мен жүрген жерлермен
Ешкімді жүргізбе...

№5. Базарға барып базарлық сатып алдым,
Пойыздағы орыныма жатып алдым.
Ұйқыдан оянып терезеге қарасам,
Терезеден жарқырап тұр менің Астанам.

№6. Құлақтан кіріп бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.

(Магнитофоннан ән тыңдау, әуені мен өлеңінің арасындағы үндестік, мағынасын ұғыну).

Оқушылардың орындауындағы ән: Мақсат «Атамекен», Шынар «Асыл әжем» әнімен.

VI. Қорыту. Бүгінгі сабақтан не үйреніп, не түйдім?
Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен бекіту.

Тірек-сызба.

Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. (Ахмет).

Эпиграфы:

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.

Түйіні: өлеңді, өнерді бағалай, түсіне білу, сөз өнерін қадірлеу.

VII. Үйге тапсырма.

I топ. Абай жолын ұстанған нағыз ақындар (ойтолғау).

II топ. Абай сынға алған ақындар мақсаты қандай?
(Өлеңнен тауып, шығарма жазу).

АНАҒА АРНАУ

Ақ жаулықты анашымды бір көрсем,
Балғын шақта боп қайтқандай боламын.
Әжім түскен маңдайынан иіскесем,
Ауыр дерттен сауыққандай боламын.

Еске алам кешегі бала кезімді,
Балалығым көз алдымнан кетпейді.
Анашыма жеткізуге сезімді
Қанша айтсам да ешбір сөзім жетпейді.

Тоғыз бала тәрбиелеп кейуана
Тәтті қылық, күміс күлкі оранған.
Бәрімізді әлпештеген ару ана
Қорғай білді небір дауыл, бораннан.

Жаратқан ием, бірде берер бақытты,
Дауа бар ма, алар өзіне керегін?!
Сол сұм ажал жалмап осы уақытта,
Бір емес-ау, екі тілген жүрегін...

Өмір сол ғой, жөнді-жөнсіз қинайды,
Бейкүнә жүрек жұбатады өз жанын.
Бала – қорған, қорғамасқа болмайды,
Ана үшін берер адам не барын.

Мен де, міне, жүрмін Ана рөлінде,
Егістіктің екі дәні – қос балам.

Тәтті қылық, күміс күлкі көлінде
Жүзгенімді айтып елге жар салам.

Осы жолда сен де төктің қалың тер,
Еңбегінді ақтай алсам, жарадым.
Жүз жаса да, өмірде тек қызық көр,
Шаттығына бөлей берсін талабым!



Динара КЕНЖЕЕВА,
№86 орта мектептің
9-сынып оқушысы.
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы,
«Шалқия» қонысы.

АНАШЫМ

Анашым, ақ самайлы дара тұлғам,
Өмірге мен сен үшін жаратылғам.
Сәтімде балапандай шырылдаған
Нәр бердің сипап менің қанатымнан.

Нұр төгіп Күн көзіндей аспанымда,
Өсірдің шат-шадыман жас шағымда.
Егер де ақын болсам туа біткен,
Бейнеңді сомдар едім дастанымда.

Өсті тез сол сәбиің қас-қағымда,
Бақыттың таңы атып жас жанында.
Әлемде сенен артық жан жоқ шығар,
Есімің биік таудың асқарында!

Ұлы сөз – «Ана» деген құдіретті,
Жаныма мейірімнің дәнін екті.
Мерекең құтты болсын, жан анашым,
«Құлыным!» деген сөзің ғұмырлы етті!

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.04.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4776.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Према» ЖШС.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2013 ж., 144 бет, Алматы.